Нарықтық қатынастарға байланысты орын алған жұмыссыздық, көптеген қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру дәрежесінің төмендеуі біршама келеңсіз құбылыстармен байланысып жатыр. Осының ерекше белгісі – қоғамдық және құқықтық тәртіпті бұзу және оның ең қауіпті түрі – қылмыстылық болып табылады.

Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, сот жүйесін реформалау жағдайында қылмыстың өсуіне байланысты оның әркімді түрлерімен күресті күшейту қажет және жасөспірімдер қылмысымен күрес қылмыспен күрестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстанда қазіргі уақытта бұл мәселеге ерекше назар аударылып отыр, жасөспірімдер қылмыстылығына талдау жүргізіледі, олардың құқыққа қарсы мінез-құлықтарының себептері анықталады, олардың алдын алу шаралары жасалады.

Статистика жөніндегі Мемлекеттік комитет мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан Республикасында 1998 жылдың қаңтарына қарай 10 жастан 14-ке дейінгі жасөспірімдер саны 1 млн 632,5 мыңды құрады. 15 жастан 30-ға дейінгілер саны 4 млн 187 мың 830 адам немесе тұрғын халықтың жалпы санының 26,8%-ы. Республикада соңғы уақытта жүргізілген жастар мәселесі бойынша әлеуметтік зерттеулердің көрсетуінше, жастардың белсенді еңбек және қоғамдық өмірге араласуы мүмкін, ал бұл еңбекке қабілетті халықтың 40%-ға жуығы, қажетті әлеуметтік, ұйымдастырушылық, құқықтық шарттар әлі қалыптаспаған.

Қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтар осы мезгілде мемлекетте қалыптасқан қоғамдық қатынастармен себепті түрде байланысты екендігі белгілі, сондықтан да елде жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар жастардың әлеуметтік жағдайына әлі елеулі оң ықпал ете қоймағандықтан да, сәйкесінше қылмыстың өсуі белең алуда.

Оңтүстік Қазақстан облысында әртүрлі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін 1998 жылы 3675 жасөспірім ұсталған. Әрбір 26-қылмысты солар жасайды. Жеке-профилактикалық есепте 917 жасөспірім, 1326 ата-ана немесе олардың орнындағы тұлғалар, қоғамға қарсы бағыттағы 154 топ тұр. Соңғы уақытта кәмелетке толмағандардың ауыр қылмыстар: қасақана кісі өлтіру, зорлау, ауыр дене жарақаттары, тонау және т.б. жасауы көбейде.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстарына қарсы күресуде қылмыстық-құқықтық шаралар негізгі болып табылмайды. Кәмелетке толмағандардың қылмысының өсуіне қоғамның қарқынды түрде әлеуметтік бөлінуі, халықтың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің күрт төмен түсіп кетуі, отбасылық қатынастардың өзгеруі, жасөспірімдерге деген қатыгездіктің жоғарылауы жағдайында болып жатқанын ескермеуге болмайды. Осындай жағдайда маңыздылығы бойынша бірінші орындарда әлеуметтік, экономикалық және тәрбиелік алдын алу шаралары болуы жалпыға ақиқат заңдылық. Дегенмен, қылмыс жасалған жағдайда, кәмелетке толмағанды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесі туындайды.

Бұл мәселелер 1998 жылы күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің құрамына «кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі» атты бөлімді кіргізу арқылы шешілген. Бұл бөлім нормаларының мазмұны Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімнің ережелерінен өзгешелеу құрастырылған, ерекшелену себебі, олардың қылмыс субъектісінің жас ерекшелігімен ғана түсіндіріледі және олар жауапкершілік пен жазаны жеңілдетуге бағытталған.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі туралы бөлімнің 78 - бабы анықтағандай, кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар деп танылады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары жөнінде істерде қараған кезде сот кәмелетке толмағанның жасын нақты анықтауға бағытталған шаралар қабылдауға міндетті. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары жөніндегі істер мен оларды қылмыстық және өзге қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту бойынша заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» 2002 жылдың 11 сәуіріндегі нормативті қаулысында, еліміздің соттары, анықтау және тергеу органдары жетекшілікке алатын ережелер белгіленеді.

Кәмелетке толмағандар туралы дербес бөлімнің Қазақстан заңдылығында пайда болуы бірінші рет Қазақ ССР Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігіне көзқарас жеткілікті түрде ізгілік тұрғыда болса да, осы тақырып бойынша нормалар Жалпы бөлімнің әр түрлі баптарында шашырап жүйеленбеген еді. Сол себепті қылмыстық заңда кәмелетке толмағандарға арналған арнайы бөлімнің пайда болуы бұл еліміздің қылмыстық заңының жоғары даму деңгейін көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ұсынған мәліметтеріне сүйенсек, 2013 жылдың 6 айында 48833 қылмыс жасалса, соның ішінде 5,6% -ын жасы кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар құрайды. Қазақстанның көптеген облыстарында жасы кәмелетке толмағандардың қылмысы төмендегені көрінсе, ал Астана қ., Атырау облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл облыстарында бірқалыпты орында тұр. Керісінше, Алматы облысында – бұл қылмыс артып отыр [3].

Кез келген өркениетті мемлекет өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен күшейтуді ерекше қамқорлыққа алады. Соның ішінде, кәмелетке толмағандар арасында кездесетін қылмыс секілді теріс құбылыстарға қарсы күрестің маңызы зор.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстар қатары артуына орай жоғарыдағы мәселенің мәні күшейе түседі.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың ерекшелігі оны дербес нысан есебінде қарастыруға мәжбүр етеді.

Қылмыс жасау жолына түскен өрімдей балалар, ересектер қылмысының негізін қалайды. Кәмелетке толмаған қылмыскердің бірқатар ерекшеліктері бар, атап айтқанда, олардың психологиясына тән ашушандық, ересектерге еліктегіштігі, қақтығыс жағдайларға бейімділігі. Сондай-ақ, жұмыс істемейтін, оқудан тыс қалған, бос уақыты мол кәмелетке толмағандардың көпшілігі қылмыс әлеміне жақын тұратынын атап айту қажет.

Тәжірибе жауапкершілікке тартылған кәмелетке толмағандардың негізгі бөлігі әлеуметтік жағдайы төмен, тұрмысы қолайсыз отбасында, ата-анасының біреуімен ғана тұратын жасөспірімдер екенін көрсетті.

Өркениет тарихының барлық кезеңінде кәмелетке толмағандар қоғамның ең жанды да нәзік мәселесі болып қалуда. Қажеттіліктерін заңды жолмен өтеу мүмкіндігі жоқ жасөспірімдер өз күштері мен мүмкіндіктері шамасында «ақша жасауға» кірісіп, негізінен меншік иесіне қарсы қылмыс жасау жолымен пайда тапқысы келеді.

Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың негізгі себептері:

- жасөспірімдер тәрбиеленіп отырған отбасылардың әлеуметтік жағдайы мен құқықтық мәдениетінің төмендігі;
- кәмелетке толмағандардың түрлі себептермен оқудан тыс қалуы;
- кәмелетке толмағандардың бос уақыты, тұрмыстық және еңбек жағдайы дұрыс ұйымдастырылмауы;

- қылмыстың алдын алу бойынша әлеуметтік педагогтар мен мектеп инспекторлары рөлінің төмендігі;
- жасөспірімдердің оқуды мерзімінен бұрын тастап кетуі.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстың алдын алу үшін ата-аналар және білім беру қызметкерлері жасөспірімдердің тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасауы қажет. Ол – оң эмоционалды ықпал, материалдық игілік және дербес те сенімді қарым-қатынас, пән мұғалімдері өткізетін қосымша дәрістер. Жасөспірімдердің бойындағы қуатын игілікті арнаға бұру үшін спорттық және техникалық сабақтар үлесін көбейтіп, қоғамдық іс-шараларға тартудың мәні зор. Олардың өз күштеріне деген сенімділіктерін нығайту үшін «табысқа жету» салдарын дамытып, зиянды әдеттердің алдын алу және теріс қылықтарымен қатар араласатын ортасын қатаң бақылауда ұстау жақсы нәтиже береді [4].

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында ювеналды әділет жүйесін дамытудың өзектілігі жоғары тұр. Ол қылмыстық құқық жүйесінде жасөспірімдермен жұмыстың әдістерін өзгерту қажеттілігін, қылмыстық және азаматтық үдеріс аясында кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін нақты жағдайда барынша сақтауды айқындайды. Балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауға қатысты мәселелерге 2009-2011 жылдары Қазақстан Республикасында Ювеналды әділет жүйесін дамыту қағидасын және 2010-2011 жылдары Қазақстан Республикасында құқықтық саясат қағидаларын жүргізу жұмыстары арналған.

Атырауда 2012 жылдан бастап кәмелетке толмағандардың істері бойынша мамандандырылған сот немесе ювеналдық сот өз жұмысын бастады. Бұл жерде тараптардың бірі кәмелетке толмаған тұлға боп табылатын әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер қаралатын болады.

Атырау кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот төрайымы Балтуған Файзуллина түсіндіріп өткендей, Ювеналдық (*ювеналдық – балиғатқа толмаған, жеткіншек*) соттың қарауына жеңіл, орташа және ауыр санаттағы қылмыстар жасады деп айыпталған кәмелетке толмағандардың және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс жасаған тұлғаларды айыптауға қатысты қылмыстық істері жатады. Сондай-ақ, мамандандырылған соттың құзырына кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары – қоғамдық орындарда мас күйде болуы, есірткі заттарын қолдануы, заңды өкілдердің қатысынсыз ойын-сауық орындарында сағат 22-ден кейін болуы және т.б. туралы әкімшілік істер кіреді. Ювеналдық сот өздерінің ата-аналық құқықтарын лайықты орындамайтын ықпалсыз ата-аналардың істерін де, сондай-ақ, баланың бостандығы мен құқығын сақтауға, атап айтқанда, кәмелетке толмағандардың ата-аналары ажырасқаннан кейін тұрғылықты жерін анықтау, ата-аналарының құқықтарын айыру мен қалпына келтіру, асырап алу туралы және т.б. даулар бойынша азаматтық істерді қарайды.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың арасында ауыр қылмыстардың және пайдакүнемдік, зорлықпен ұштасқан қылмыстардың саны басым. Сондай-ақ, осы қылмыстарда тағылықтың, қатыгездіктің орын алуы сирек емес. Қылмыстардың басым көпшілігі ортақ қатысу нысанында, әсіресе топпен жасалады, бұл құбылыс та жасөспірімдердің психологиясына тән және әрбір үшінші қылмысты кәмелетке толмағандар ересектермен бірігіп жасайды.

Әрине, қоғамдағы қылмыстың «жасаруына» соңғы кездері әлеуметтік жетімдіктің қанатын кеңге жаюы да ықпал етуде. Өйткені арақтың кесірінен шаңырағы құлаған жандардың балалары далада қалып, қаңғыбас, қайыршы, ұры-қарылардың қатарын толықтыруда. Сонымен қатар, компьютерлік клубтарда компьютерлік ойындарға беріліп ойнау, осы ойындарға тәуекел болуы да жасы кәмелетке толмағандардың ағзасын улап, ашулану және қоршаған ортасын сыйламау секілді жаман қасиеттерге душар болуына әкеп соғады. Бұлардың барлығы құқықбұзушылыққа итермелейтін себептердің бірі болып табылады.

Ал ондағы ойындарға есі кеткен бала сабақтан қалғанымен қоймай, үйіндегі әке-шешесімен, өз мұғалімдерімен жанжалдасуға дайын тұрады. Қандай жолмен болсын компьютер клубына баруы үшін әке-шешелерінен ақша ұрлайды. Онсыз да психикасы тұрақсыз балалар аса қатыгездікпен кісі өлтіру, тау болып үйілген мәйіттер, ұйып қалған қарақошқыл қандары бар ойындарды бірнеше рет ойнаған соң, олардың нәліктен ызақор, қатыгез және күйзеліске бейім болатынын жорамалдау қиын емес. Яғни компьютерлік тәуелділіктің алкогольдік, нашақорлық тәуелділіктен ешқандай айырмасы жоқ [5].

Мысалы, 2012 жылдың 27 қарашасында Жаңақорған кентінде 33 жастағы А.Мусатаевтың басынан ауыр соққысы және жыныстық қатынастағы зорлық белгілері бар мәйіті табылып, сол күні Жаңақорған аудандық ішкі істер бөлімімен Қылмыстық Кодекстің 103-бабының 3-бөлігі және 121-бабының 2-бөлігінің «а» тармағымен қылмыстық іс қозғалған.

Осы қылмысқа қатысы бар кент тұрғындары, марқұммен оқиға күні бірге болған оның таныстары 19 жасар В.Мелихов пен 14 жасар мектеп оқушысы А.Рашид анықталып, соттың үкімімен тиісінше 6 жыл және 5 жылға бас бостандықтарынан айыруға сотты болған.

Мұндай жағдайлардың орын алуына облыстық ішкі істер органдарымен Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген тиісті шаралардың атқарылмауы өз әсерін тигізген. Нақты айтқанда, құқық бұзушылықтың алдын алудың жүйелі түрде профилактикалық шаралардың қолданылмауы, бақылаудың өз деңгейінде жүзеге асырылмауы, құқық бұзушылық пен қылмысқа

итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралардың қолданылмауы, уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара тығыз байланыстың орнатпауы, сотты болған кәмелетке толмағандардың өмір салтын және мінез-құлқын бақылауды қамтамасыз етпеу сияқты және басқа да кемшіліктерге жол берілген.

Сонымен қатар, облыс аумағында жергілікті әкімдіктер жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың қызметі өз деңгейінде ұйымдастырылмай, балалардың құқығын қорғау бағытындағы жұмыстары формальді түрде өткізу деректері орын алған.

Сонымен бірге, қолына шөлмек ұстап батыр болу сынды, жағымсыз кейіп, қазіргі балалардың санасына кіріп кеткендей.

Оған дәлел, 2012 жылы кәмелетке толмағандармен әр-бір он төртінші қылмысты алкогольдік ішімдік ішіп мас күйінде жасаса, 55 жасөспірім спирттік ішімдік ішіп, қоғамдық орындарда жүргендері үшін әкімшілік жауапкершіліктерге тартылған.

Білім беру органдарының қызметкерлері тарапынан кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудың орнына, керісінше өздері қылмыс жасап қоғамда теріс көзқарас қалыптастырған.

Нақтыласақ, Сырдария ауданы, Н.Илиясов ауылының тұрғыны, орта мектеп мұғалімі Ж.М. адамдар тобымен сөз байласып 31.10.2012 жылы осы ауылдың тұрғыны Н.Е. малын ұрлап, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175-бабының 2-бөлігінің «а» тармағымен қылмыс жасаған [6].

Статистикаға сүйенсек заң бұзып, қылмыс жасаушы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің көбі толық отбасында тәрбиеленбегендер, олардың ішінде 29% әкесіз тәрбиеленгендер, ал ата-анасының екеуі де қызметте болып, тәрбиеге уақыт болмауы 8% құрайды. Осындай жағдайлардың әсерінен қадағалаусыз қалған жасөспірімдер әртүрлі психологиялық табыссыз факторлардың туындауына, одан әрі құқықбұзушылық әрекеттерге, содан барып қылмыс жасауға орын береді. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының 90% осы қадағалаудың болмауының салдарынан екенін атай кеткен жөн. Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің қылмыс жасаудағы бірден бір кең таралған себептерінің бірі алкогольдік және есірткі заттарды қолдану, сонымен қатар жүйкеге әсер ететін заттарды көп қолдану болып келеді. Алкогольдік және есірткі заттарды қолданудың бірден бір себебі ретінде қызығушылық - 52,3 % көрсетеді, өзінің рахат сезімі үшін-19,2%, достарынан қалмау - 10 %. Ал қалған бөлігі депрессия жағдайында бір нәрсені ұмыту, бір нәрсемен айналысу болып табылады. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың есірткі заттарды қабылдау мен оларды тарату мәселесі өрбіп тұр. Аталғандардың барлығы ауқымы кең проблема, қоғамдағы кемшілік болғандықтан шешуін әріден алып, мемлекеттік деңгейде қарастыруды қажет етеді. Себебі, бір адам - отбасының мүшесі, отбасы мемлекетті құраушы бөлшегінің бірі болмақ. Кәмелетке толмағандардың жалпы құқықтық мәртебесі - қоғамның тең құқықты мүшесі ретінде әрбір адамның иеленетін құқықтары, міндеттері мен заңды мүдделерінің жиынтығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 15-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бірақ, кейбір қылмыстар үшін қылмыс жасы – 14 жастан басталады. Яғни 14 жастан бастап ақ қылмыстық жауаптылық көзделгені қылмыстық кодексте тайға таңба басқандай етіп көрсетілген. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлерін атап өтетін болсақ, олар белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру; айыппұл; түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту; бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру.

Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы қылмыстың жалпы алдын алудағы отбасына бағытталған шаралары бірінші кезекте ата-аналардың тәрбие берудегі ежелден қалыптасқан, күрделі де жауапты тәсілдерді игеруге бағытталып, балаларға қатысты өздерінің міндеттерін орындауды бақылауға тиімді әсер етуі тиіс деп ойлаймын.

Қазіргі таңда ата-ананың бала тәрбиесіне толық қатыса алмауының себептері ретінде атап өтуге болады: нарықтық экономика кезеңіндегі әлемдік дағдарысты бастан кешудегі отбасылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының қыспаққа түсіп, тұрмыстық әл-ауқатының төмендеуі, баланың толық отбасында тәрбиелене алмауы, отбасылық рухани құндылықтардың жетіспеуі, отбасындағы келіспеушілік, жанжал, отбасы мүшелерінің өздеріне тиесілі рөлдерін қажетті деңгейде орындай алмауы, балалар қараусыздығы мен бақылаусыздығы және т.б.

Әлеуметтік саясатты жүзеге асыру кезінде ата-аналардың балаға дұрыс тәрбие беретіндей жағдай жасап, бала тәрбиелеудегі жауаптылығын арттырып, құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан сауаттандырып, сауықтырған дұрыс. Тұрмысы төмен отбасыларға әлеуметтік көмек, ана мен баланы қолдау, ең бастысы отбасындағы қылмыстық құқық бұзушылық мінез-құлпты алдын ала анықтауға баса назар аудару. Ата-аналарға қоғамдағы отбасы институтының бала тәрбиесіндегі рөлінің ерекшелігін сезіндіру, оны насихаттау. Ол үшін балаға қоршаған ортасы, мектеп, оқу орнының алдында негізгі тәрбие беруші ата - ананың бала тәрбиелеудегі, білім беру мен басқа да қажеттіліктерді өтеу міндетін атқаруда жауапкершілік жүктеу, қоғаммен қабылданған нормаларды орындауға үгіттеу, үндеу, тіпті болмаса мәжбүрлеу шараларын қарастыру. Тағы бір шарасы ретінде кәмелетке толмағандарға қатысты жауаптылықтың бір жүйеге келтірілмеуін атар едім.

Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі.

Осы жерде айта кететінім Жаңа қылмыстық кодекстің 6 – бөлігінің Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы деп аталуы, сонымен қатар 80-бапта кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы 14-ке толған, бірақ 18-ге толмаған адамдар танылады деп түсініктеме беруі бекер емес. Себебі, сотталушылар қатарында кәмелеттік жасқа толмағандардың көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес.

Алайда, Қылмыстық кодекстің 15-бабының 2-тармағында көрсетілген адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттері, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу және өзге қылмыс жасағаны үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы телефондарды ұрлау жиі орын алуда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылатындығын білеміз.

Әдебиеттер:

1. Алауханов Е., Ажиметова З. Кәмелетке толмағандардың зорлық істеу арқылы жасаған қылмыстылығы. – Алматы, 2008.
2. Мусағалиева А.Ж. Кәмелетке толмаған балалар арасындағы қылмыстың алдын алудың кейбір мәселелері. – Астана, 2014ж.
3. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ұсынған мәліметтері. [Электрондық ресурс]. – 2014. www.pravstat.prokuror.kz (10.01.2015ж.).
4. Марзалинова Г. Абай аудандық сотының судьясы. Жас өспірімдер қылмысы және оның себептері. [Электрондық ресурс]. – 2014. <http://ortalyk-kaz.kz> (12.01.2015ж.).
5. Сухомлинова Т. Ювеналдық сот жұмысын бастайды. //Ақ жайық. 18 сәуір 2012ж.
6. Алқа мәжілісінде кәмелетке толмағандардың ісі қаралды. [Электрондық ресурс]. – 2015. <http://kzl.prokuror.kz>

УДК 340.142

СОТТЫҚ ПРЕЦЕДЕНТ: ҒЫЛЫМИ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ҚАРАПАЙЫМ» СОТТЫҚ ШЕШІМДЕРДЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Мукашева Г.Қ. - мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының, аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Бұл мақалада автор әр түрлі отбасындағы соттық прецеденттің құқықтың қайнар көзіндегі орны мен ролін көрсете отырып, оның ерекшелігін сипаттап берген.

Негізгі ұғымдар: заң, конституция, соттық прецедент, англосаксондық, континентальдық, құқықтың қайнар көзі, құқықтар, бостандықтар.

Соттық прецедент англия құқығының басты қайнар көзі болып табылады. Кең мағынада соттық прецедент – белгілі бір нақты іске байланысты соттың шешімі, яғни сол шешім мысал ретінде немесе үлгі ретінде басқа судьяларға шешім шығаруға көмек ретінде қолданылады. Соттық прецеденттің кең мағынада түсінуін Брактонның принципіне ұқсатуға болады – ұқсас істер ұқсас үлгіде шешілуі тиіс. «Егер де бір жаңалық және ерекшелік пайда болса, бірақ ол бұрындары болған істерге ұқсас болса, онда істі *similibus ad similia* (ұқсас істерді ұқсас үлгіде шешу) принципі бойынша шешіндер» - деп Генри Брактон XIII ғасырда жазған болатын.

Кең мағыналығымен соттық прецедентке:

- 1) іске байланысты фактілерді зерттеу, оның ішінде ең маңыздыларын белгілеу.
- 2) Істің дәлелдеу пайдасына қарай шешімдер шығару, оған қойылған сұрақтардың шешімін енгізу;
- 3) сотқа қатысушылардың қызығушылықтарына тиетін соттың шешімі.

Басқа жағынан, заңдық күші жағынан соттық прецедентті бірлік ретінде қарастыруға болады, соттың шешімі заңды міндетті бөлігінен, яғни оның ішіне судьяның іс бойынша шешімге негіз болатын құқықтық позициясы.

Тар мағынада соттық прецедент жоғарғы англия сотының заңдық шешімінің міндетті бөлігі - *ratio decidendi*, оның ішіне әртүрлі құқықтық нормалар кіреді, соттармен тікелей немесе жанама қаралатын шешімдердің бөлігі.

Соттық прецедент әр ғалыммен әр түрлі қарастырылады.

Соған қарамастан, кеңес ғалымдарының көпшілігі оны тар және кең мағынада қолдануға қарсы емес.

Үлкен заңдық сөздікте соттық прецедентке мынадай анықтама берілген: «белгілі бір нақты іске байланысты соттың шешімі, яғни сол шешім мысал ретінде немесе үлгі ретінде басқа судьяларға шешім шығаруға көмек ретінде қолданылады».

Революцияға дейінгі кеңестік ғалымдар соттық прецедентті негізінен тек кең мағынада қарастырған.

Г.Ф. Шершененевич соттық прецедентті былай түсінеді: «Соттық прецедент ол соттың болашақта сондай істерді шешуге ереже ретінде қолданылатын шешімі». Оның ойынша егер заң мен әдет ғұрып қолданылмайтын жағыдай болғанда осы соттық прецедент пайда болады деген. [1, 756]

Басқа ресейдің құқықтанушы ғалымы Е.Н. Трубецкой соттық прецедентті жеке бір казустың шешімі басқа барлық бірдей жағыдайларда ортақ құқықтық норма ретінде қолданылады деген.

Е.Н. Трубецкой соттық прецедентті ежелгі құқықтың қайнар көзі ретінде қарастырған, себебі Англиядағы құлдық соттық прецеденттің әсерінен жойылған болатын, Англияда мемлекеттің жоғарғы органдары және конституциялық процедуралар прецеденттің негізінде құрылғандықтан мемлекеттік билік органдарының әрекет ету сферасынан олардың әрекет ету сферасы кең. Зерттеуші әдет ғұрып прецедентке әкеліп соғады деп әдет ғұрып пен прецедентті бір деңгейге қояды. [2, 656]

Ресейдің құқық тарихшысы Ф.В. Тарановский «Энциклопедия құқығында»: «Егер ең бірінші соттың шешімі не заңдық дәстүрмен қарастырылмаса, не заңмен қарастырылмаса, онда ол соттық прецедент деген мағына алады. Прецедент жай құқықтық және заңдық нормаларды қарастырғанда да әрекет етеді, сондықтан оны дербес және субсидиарлы құқықтың қайнар көзі деп айтуға болады»

П.А. Гук кандидаттық диссертациясында келесі анықтама берген: «Соттық прецедент – бұл болашақта ұқсас істерді шешуге міндетті ереже ретінде қолданатын, белгілі бір заңдық шекте шығарылған соттың шешімі» - деп анықтама берген. [3]

А.Б. Венгеров соттық прецедент – өзінше міндетті күші бар соттардың жеке істердің жеке шешімдерінің соттық дәстүрі. [4, 5016]

М.Н. Марченко соттық прецедент деп жоғарғы соттардың құқықшығармашылық әрекеттері арқылы ортақ «құқықтық жағыдайды» түсіндіреді. [5, 3026]

Соттық прецедент – бұл келесі соттардың шешімдеріне «үлгі» ретінде қолданылатын және сол арқылы құқықтық нормаларын бекітетін соттардың шешімі.

Ал келесі автор соттық прецедентті тар мағына түсіндіреді: «Соттық прецеденттің негізі соттың нақты істі шешудегі нормативтік жағдаятты жеткізуінде. Сот үшін міндетті болып шешім және үкім шығару ғана емес, тек қана істің «сердцевина», төрешінің құқықтық жағы, шешім шығарған жайдайда негіз болып табылады». Бұл англосаксондық құқықтық жүйедегі мамандар деп атайды, «*ratio decidendi*». Прецеденттен заң нормалары да ақырын жинақталуы мүмкін».

Н.А.Подольская соттық прецеденттің келесі мағынасын түсіндіреді: «соттық прецедент – бұл соттың жоғары инстанциясы бойынша белгілі бір нақты істің бірінші апелляциялық немесе кассациялық саты немесе нормативтік талқылаудағы құқықтық нормалардың барысында периодтық басылымда жарияланған шешімі, тек қана қолданбалы құқықтың акті емес, және де соттың қолданудағы міндетті құқықтық норманың мазмұны сияқты, юрисдикциямен тең және төменгі құқықтық сотпен сәйкес келеді.

Бұл берілген анықтаманың негізінде Н.А.Подольская соттық прецеденттің келесі қасиеттерін белгілейді:

1. Судья прецеденттегі құқықтық кемшілікті анықтайды.
2. Шешім қабылдау беделі жоғары соттық инстанция жүзеге асады.
3. Прецедент жалғыз шешім ретінде, сондай ақ сериялық шешім ретінде болуы мүмкін.
4. Прецедент фактының сұрақтарының жауаптарын емес, құқықтық сұрақтардың жауаптарын қамтиды.
5. Құқықтық норма немесе құқықтық негізі *ratio decidendi* соттық шешім болып табылады және прецедент тар мағыналы сөзді құрайды;
6. Прецеденттер соттық есептерде жарияланып отырады;
7. Шешімнің міндеті (*stare decisis*) қатал соттық иерархиямен құпталады;
8. Прецедент, ортақ ережеге сай, ретроспективтік және перспективтік уақыттың әрекетіне ие;
9. Прецедент заңмен тең жоғары күшке ие;

10. Прецедент анықтамасы – прецеденттің ерекше түрі, себебі бұл құқықтық нормаға жаңалық еңгізеді, және құқықтық жүйедегі бос болдырмайды. Келтірілген қорытындыларға тоқталмай—ақ, сот прецеденттерінің қарапайым сот шешімін шығарғандағы қағидаларына көңіл аудартқым келеді. [6, 976]

1. Сот прецеденті процесске қатысушыларға ғана міндетті емес, ол барлық азаматтар мен ұқсас жайттар болған жағдайда да мемлекеттік органдарына да міндетті болып табылады. Соттың қарапайым сот шешімі заңдық тұрғыда тек қана сот процессіне қатысушыларына ғана міндетті.

2. Ұқсас заңи фактілердің шешімін шығарғанда, егерде заңи негіздегі фактілер мен қарастырылып отырған істің арасында зерделі айырмашылық болмаса, сот істерінде сот прецеденттерін басшылыққа ала отырып сондай шешім қабылдау керек. Соттарға ұқсас істер бойынша шешім шығарғанда қарапайым соттар шешіміне жүгінуге тыйым салынады, тіпті бұл шешімді жоғарғы соттың өзі шығарған болса.

3. Төменгі соттар, әлбетте, жоғарғы соттың қарастырған ұқсас істерін сот прецеденттері ретінде пайдаланады. Ал жоғарғы соттардың қарапайым сотта шығарған шешімдерін төменгі соттар *de jure* (sic!) пайдаланбайды, себебі ол шешімдер құқықтың қайнар көзі болып табылмайды.

4. Сот жүйесіндегі тек жоғары және орта буындағы соттар ғана міндетті сот прецеденттерін шығара алады. Қарапайым сот шешімдерін сот жүйесіндегі барлық буындағы соттар қабылдай алады.

5. Сот прецеденттерін ресми сот есептерінде (law reports) және бейресми жетекші басылымдарда БАҚ жария етеді. Қарапайым сот шешімдері, кейбір жағдайларда, ресми ақпарат көздерінде басылымға шығарылмауы мүмкін.

6. Талапкерлер өздерінің талап ету арыздарында сот прецеденттеріне жүгіне алады және қорғаушылар да сот залында өз ұстанымын дәлелдеу арқылы сот прецедентіне жүгінуіне болады. Талап арызында қарапайым сот шешімдеріне жасалған сілтемелер - заңи тұрғыдан олардың ешқандай маңызы болмайды.

7. Сот прецеденті құқықтың қайнар көзі және ол нормативтік сипаттамада болады. Қарапайым сот шешімдері құқықтың қайнар көзі бола алмайды, ол құқықтық қолданыс сипатында болады.

8. Әлемдегі мемлекеттердің тек төрттен бір бөлігі ғана сот прецедентін ресми құқықтың қайнар көзі ретінде қолданады, ал қарапайым сот шешімдерін мемлекеттілік танылатын барлық дерлік ұлттық-құқықтық жүйеде заңи феномен ретінде қолданады.

Сот прецеденті ежелгі құқықтың қайнар көзі болып табылады. Прецеденттік құқық алдымен Англияда қалыптасып, кейін англосаксондық құқықтық әулеттің Австралия, Канада, АҚШ сияқты мемлекеттерінде орталық орынға жайғасты.

Сот прецедентінің қалыптасып, құрылуында — әділсоттылығы құқықтың доктарлары жүзеге асыратын корольдік соттардың маңызы ерекше болды. И.Ю. Богдановскаяның айтуы бойынша, сондықтан да ортақ құқық—заңгерлердің құқықтары ретінде қалыптасқан болатын.

1873 - 1875 жылдардағы соттық реформа және одан да бөлек соттық жүйедегі реформалар, әлбетте, прецеденттің қабылдануына мүмкіндік туғызған еді. Реформалардың арқасында жетілдірілген соттық жүйе қалыптасып, прецеденттік құқықтың жалғасын дамыта алатын жоғарғы соттар белгіленді. Англияның соттық жүйесі өзінің құрамына магистраттық соттар, графтық соттар және Жоғарғы соттар кіретін жоғарғы және төменгі буындағы соттарды құрайды. Соңғысы соттардың жоғарғы соттар жүйесін қалыптастырады. Оларға кіретіндер Короналық сот, Жоғарғы сот (үш бөлімшеден тұрады: канцелярлық, отбасы мәселелері және Корольдік орындық бөлімшесі), Апелляциялық сот (азаматтық және қылмыстық бөлімшеден тұрады) және Соттардың Құпия кеңесінің комитеті. Сот пирамидасының ең жоғарыда тұратыны лордтар палатасы. Аталған орталықтандырылған соттық жүйе прецедент қағидаларының жұмыс жасауына жағдай жасап, төменгі соттардың жоғарғы соттардың шешімдеріне сүйене отырып шешім қабылдауын нығайтты.

Қалыптасқан сот практикасын қорытындылап, зерттеу үшін соттарға көмек ретінде 1282 жылдан бастап жылдықтар шығарыла бастады. Маңызды деген прецеденттердің жинағы прецеденттік құқықтың нығаюына септігін тигізді. Ағылшындық заңгер Р.Кросс былай деп жазады: «Ағылшындық прецеденттік доктрина қазір бұрынғыдай қатал болмай тұр. Прецеденттік құқықтың маңыздылығы жылдықтар шығарыла бастағаннан бері мәлім болды. XVIII ғасырдан бастап бұл жүйенің қаталдана бастағанының белгілері біліне бастады, ал XIX және XX ғасырлардан бастап прецеденттік құқыққа деген қатаң ережелер қалыптаса бастады. Сот есептерінің заманауи ең жоғары деген деңгейіне жеткенде ғана прецеденттер қолданысқа енгізіле бастады, соттар иерархиясы бүгінгіден айырмашылығы біршама ғана болатын арнайы форма ретінде қалыптаса бастады, ал лордтар палатасының соттық қызметтері (функциялары) жоғары білікті заңгерлердің қолына көшті».

Маңызды деген жағдайлардың үйлесімділігі (соттардың жағарғы біліктілігі, сот билігінің орталықтандырылған жүйесі, соттық есептердің жариялануы) басқа да ерекшеліктерімен қоса жоғарғы соттық инстанциясындағы соттарға прецеденттерді қалыптастыруларына жол ашты. Сот прецедентінің басқа құқықтық жүйемен қалыптасуы ағылшын прецедентінің тарихымен ұқсас. Атап айтқанда, американдық прецеденттік құқық елдің экономикалық, саяси, діни және мәдени ерекшеліктері ескеріле отырып, ағылшын прецеденті негізінде қалыптасты. АҚШ құқықтық жүйесінің қалыптасуы басында өздерінің әдеті мен ғұрыпы сақталған колондық қоныс аударушылардың ықпалына тәуелді бола тұра қалыптасты.

Америкалық соттар жүйесі, орталықтандырылған Англияның жүйесімен салыстырғанда, өздерінің юрисдикциясының көлеміндегі істерді қарайтын және прецедентті құрастыратын

федералдық және штаттық соттардан тұрады. Сол себепті де АҚШ федералдық презенттік құқық пен штаттардың презеденттік құқықтарының еркін дамуына жол ашты. Бұл сөздерге дәлел ретінде М.Н.Марченко былай деген болатын: «Әрбір штаттың жоғарғы сотының инстанциясы, сондай-ақ АҚШ-тың Жоғарғы Соты, өз беттерінше, прецедентке деген көзқарасын бір-бірінен тәуелсіз түрде айқындайды және сол арқылы өздерінің ерекше қолданылу тәртібін жасайды». [5, 345б].

Романа-германдық құқықтық жүйе қалыптасу барысында жалпы құқықты ескермеген. Еуропа континентальдық елдерінің құқықтық жүйесі (Франция, Германия, Италия, Испания және т.б.) университеттер арқасында дамыған (ең алғашқы және атақты Италиядағы Болонский университеті), римдік құқық негізінде қалыптасты. Бұл мәдениет орталықтарында римдік және шіркеулік құқық оқытылды, ал соның нәтижесінде университет болған елдің ұлттық құқығы қалыптасты. Сол уақыттан бастап университеттік құқық ғылымы заң шығару процесінде үлкен рөл атқарады.

Соңғы жылдары континентальды Еуропа елдері нормалардың жиынтығы болып табылатын сот практикасының рөлін мойындай бастады. Сонымен, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ФГР-дың жоғарғы сот инстанциясы «соттық құқық» жүйесіне көшті.

Р.Давидтің ойынша, құқық өндірімесіндегі сот шешімінің маңыздылығы туралы жорамалдағанда соттық практиканы құқықтың қайнар көзі ретінде мойындамайтын заңның ескертпелерін ерекшелігісі келетін дайын формулалардан аулақ болған жөн. Соттық практикаға мұндай көзқарас теория мен практиканың алшақтығының белгісі. Осыған орай, әртүрлі жинақтар және соттық практиканың түсіндірмелері өсіп келеді. Олар арнайы заңгер-практиканттар үшін арналған, ал олардың феномені соттық практиканың құқықтың қайнар көзі екендігімен түсіндіріледі. [7, 211б].

Италиядағы Жоғарғы соттың қызметі туралы зерттеуші ғалым жазады, соттық практика Италияда Кассациалдық соттың арқасында заңның қайнар көзі ретіндегі атағын алды. Ол бірінші кезекте кассациалық презедентке қатысты, және жай соттың шешімі кассациялық фазаны өту арқылы, басқа соттар үшін шешім шығарарда соттық презедент болады.

Міндетті түрде соттық презедентке шешімді негіздеу ФГР -ның Федеральдық конституциялық соттының шешімімен жүзеге асырылады. Швейцарияда соттық презедент кейбі жағдайда құқықтың қайнар көзі ретінде орын алады. Португалияда Жоғарғы соттың пленумының шешімі сот презеденті болып есептеледі. Сондай-ақ Испанияда заң шығару рөліндегі соттық практикада Жоғарғы соттың шешіміне негізделген.

Сот практикасының нормаларды жинақтаушы рөлі, заңдарды талқылағанда және бос орындарын толтыру үшін қалыптасуы Францияның Кассациялық сотымен бекітілген. Францияның Азаматтық кодексінің 4 -бабы сот төрелігін шығаруды заңның жетіспеушілігімен кері қайтаруға болмайтынына шектеу қойды, сот презентінің анық емесіне немесе жетіспеушілігіне қарамастан, сот шешім шығару тиіс. Ол оның осы арқылы жаңа презедентті қалыптастыруымен ерекшеленеді.

Жоғарғы соттық инстанцияның шешімдері Францияда, Германияда, Испанияда, Италияда, Португалияда және Швейцарияда жаңа презеденттермен танысу үшін және оларды ұқсас жағдайларда қолдану үшін, ресми түрде соттық практика жинақтарында жариялайды. Осылай романа-германдық және англосаксондық құқықтық жүйелерінде соттық презеденттерді ұлттық құқықтық жүйеде құқықтың қайнар көзі ретінде құру мен дамыту, нақты шарттармен қалыптасады. Орыстардың құқықтық жүйесінде сот презедентті ұзақ уақыт бойы құқықтың қайнар көзі ретінде мойындалмай келді. Дегенмен, соттық практика заң нормалары белгілемеген ұқсас казузтарды шешуде және заң шығаруда белгілі бір рөл атқарды.

Әдебиеттер:

- 1 Доктрина Г.Ф. Шершеневича о праве и государстве :монография /Т.А. Желдыбина; Науч. ред. О.Ю. Рыбаков. -М.:Юрлитинформ,2011. -224 с.
- 2 Энциклопедия права. Князь Е.Н. Трубецкой. М.,225с
- 3 Гук П.А. Судебный прецедент как источник права: Дисс. ...к.ю.н. –Саратов, 2003.
- 4 Венгеров А. Б. Теория государства и права. Учебник/ 2-ое изд. – М., Омега-Л, 2005.-608 с.
- 5 Марченко М.Н. Проблемы теории государства и права. Учебник.-М.:Проспект, 2001.-760с
- 6 Подольская Н.А. К вопросу о понятии прецедента как источника права (общетеоретический аспект) // Судебная практика как источник права. 200. №12.С.152.
- 7 Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. с фр. В.А.Туманова.— М.: Междунар. отношения, 1999.— 316 с.;
- 8 Кучин М.В. Судебный прецедент в системах общего и континентального права // Российский юридический журнал. 2006.№2.с.51-57.

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РОССИЙСКОГО ПАРЛАМЕНТАРИЗМА

Натугев В.Е. – к.ю.н., доцент кафедры теории и истории государства и права Института права, Челябинский государственный университет

Тема поиска оптимального устройства законодательных (представительных) органов в России, отвечающего специфике политического менталитета, в настоящее время представляется весьма актуальной. Политико-правовая ситуация в России позволяет говорить о кризисе парламентаризма. Утверждение уместно и в отношении регионального парламентаризма.

Ключевые слова: Политико-правовая ситуация, парламентаризм, политический менталитет.

Одной из тенденций современного этапа развития конституционно-правовой мысли является обращение к политико-правовой истории. В связи с этим следует согласиться с В. Вьюницким, который считал, что идея развития российского парламентаризма "внесла в мозаику общественно-политических идей и идею конституционности, и идею ответственной власти, и разные схемы парламентского устройства"[1, с.15].

В связи с этим тема поиска оптимального устройства законодательных (представительных) органов в России, отвечающего специфике политического менталитета, в настоящее время представляется весьма актуальной.

Прежде чем перейти непосредственно к рассмотрению проблем и основных направлений развития деятельности законодательных (представительных) органов государственной власти субъектов Российской Федерации, представляется необходимым охарактеризовать современную роль парламентских органов субъектов Российской Федерации и, исходя из этого, определить направления их дальнейшего совершенствования.

Во-первых, на законодательные (представительные) органы государственной власти субъектов Российской Федерации возложена функция нормотворчества. То есть данные органы принимают нормативные правовые акты – законы субъектов Российской Федерации. Следовательно, в качестве одного из основных направлений совершенствования деятельности законодательных (представительных) органов следует выделить направление развития нормотворческих функций.

Во-вторых, у законодательных (представительных) органов государственной власти субъектов Российской Федерации появляются новые функции ввиду усложнения общественной жизни. Особенно заметной становится их роль как центра выражения общественных интересов. Выявление социальных потребностей, отражение многообразных интересов в демократическом государстве, ощутимое влияние на общий процесс принятия государственных и иных решений иллюстрирует нарастающее действие отмеченной тенденции. Это делает их в представлениях граждан наиболее демократичным и доступным институтом власти, а для партий и общественных организаций – целью, к достижению которой они стремятся.

В-третьих, законодательные (представительные) органы государственной власти субъектов Российской Федерации являются важнейшим институтом в триаде разделения властей, поскольку обладают возможностями влиять на каждую из них. Концентрация общественных интересов и их открытое выражение предоставляет право рассматриваемым органам быть публичной ареной преодоления противоречий между властями и различными государственными органами.

За время функционирования в современных политических условиях законодательные органы доказали свою жизнеспособность и необходимость. Их деятельность подтверждает целесообразность внедрения основ парламентаризма на уровне субъектов Российской Федерации. Дальнейшее развитие будет способствовать более широкому участию российских граждан в законотворческой деятельности, в иных формах управления делами государства, что обеспечит повышение уровня их правовой и политической культуры.

Очень остро по проблемам современного российского парламентаризма высказался С.А. Авакьян, "...Очень медленно повышается роль парламента. В частности, бюрократия всячески препятствует внедрению полномочий парламентского контроля, хотя ничего революционного здесь не предлагается. В 2005 году по предложению самого Президента Российской Федерации быстро приняли Федеральный закон "О парламентском расследовании", но для того, чтобы была возможность нейтрализовать парламент, наделили правом расследования только обе палаты Федерального Собрания. А сейчас исполнительная власть чинит препятствия в принятии Федерального закона "О парламентском контроле в Российской Федерации" – она видит в этом законе угрозу себе..." [2, с.12].

Мнение о существенных проблемах парламентаризма, также высказывает В.Е. Усанов: "...В юридической литературе среди ведущих проблем, составляющих научно-теоретические основы

организации и деятельности парламентов, называется проблема разделения властей и ее роль в формировании парламентаризма в современной России. Нельзя не учитывать также реалии становления в России многопартийной системы. Без нее невозможно развитие парламентаризма и оптимальной избирательной системы. Однако в стране не сложилась реальная многопартийная система, ее скорее можно было бы охарактеризовать как "многостранничную", да и вообще лишь как псевдопартийную..." [3, с.5].

Соглашаясь с приведенными выше мнениями авторитетных ученых, следует отметить, что в целом деятельность парламентских органов основывается на государственной целостности Российской Федерации, на единстве системы государственной власти, которая означает, распространение на всю ее территорию.

Вместе с тем анализ действующего законодательства субъектов Российской Федерации позволяет говорить о наличии значительных расхождений в нормах, определяющих деятельность законодательных (представительных) органов. Это не может не сказаться как на эффективности нормотворческой деятельности, так и на функционировании в целом парламентской системы Российской Федерации. Современный этап развития отечественного парламентаризма, формирование и развитие единого правового пространства Российской Федерации определяют необходимость формирования единых подходов к определению деятельности и порядку реализации компетенции законодательных (представительных) органов в субъектах РФ в целом и в Уральском федеральном округе в частности.

В последние годы, анализируя тенденции развития региональной парламентской власти, можно наблюдать процессы, связанные с выработкой единообразных подходов к их организации, в связи с чем можно говорить об определенной тенденции унификации законодательства о деятельности парламентских органов субъектов Российской Федерации.

Помимо организации и деятельности самих законодательных (представительных) органов государственной власти субъектов Российской Федерации представляется, что важным аспектом совершенствования деятельности является определение правового статуса региональных парламентариев как представителей населения и их ответственность перед избирателями [4, с.11].

Наиболее точно данную проблему сформулировал С.А. Авакян, указав, что "... избранные становятся в наши дни полностью независимыми от избирателей. Последние не имеют возможности оценки деятельности ни депутатов, ни самих органов. Капитал, приводящий к власти своих ставленников посредством коррумпированной системы выборов, полностью освобождает их от избирателей. Ничего в этом плане не меняет и партийная система выборов. Она просто отказывается от независимости избранных от избирателей в пользу их зависимости от партии. В свою очередь партии становятся орудием одной личности, государственного аппарата, частного капитала. Таким образом, поскольку партийное руководство может переплетаться с государственным руководством и крупными олигархическими структурами, избранные превращаются в придаток руководителей страны и бизнеса. Но очевидно то, что они не являются зависимыми ни в коей мере от электората, по большому счету – от всего народа..." [5, с.13].

В связи с этим особую актуальность приобретают вопросы ответственности депутатов законодательных (представительных) органов государственной власти субъектов Российской Федерации. Одним из необходимых элементов правового статуса депутата наряду с правами и обязанностями является ответственность народного избранника. В настоящее время вопросы ответственности депутатов перед избирателями активно изучаются конституционалистами, что говорит о целесообразности рассмотрения их в рамках настоящего исследования [6, с.3].

Депутаты, избранные посредством прямых выборов как на федеральном, так и на региональном и местном уровнях, несут конституционно-правовую ответственность по различным основаниям. При этом санкций, применяемых в отношении депутатов Государственной Думы и членов Совета Федерации, меньше, чем конституционно-правовых санкций, используемых в отношении депутатов региональных органов государственной власти. Это объясняется существованием пропорциональной системы выборов на федеральном уровне, в соответствии с которой невозможно применить такую конституционную санкцию, как отзыв депутата Государственной Думы. Кроме того, федеральные представители отказались от использования целого ряда процедурных санкций и мер, направленных на прекращение статуса в связи с нарушениями депутатами режима осуществления депутатских полномочий [7, с.128].

Также предлагается привлекать депутатов региональных парламентских органов к ответственности за нарушение ими базовых этических норм [8, с.51].

Учитывая, что современный этап конституционно-правового развития Российской Федерации характеризуется повышенным интересом к вопросам реформирования государственного устройства на принципах законности, разделения властей, создания эффективного представительного механизма в государстве, актуальными следует признать вопросы нахождения оптимального баланса между принципом подконтрольности (подотчетности) властных институтов народу и требованием защиты лиц, осуществляющих государственную власть, их независимости, без обеспечения которого невозможно осуществлять публично-властные функции [9, с.16].

Так, по мнению А.А. Вешнякова, если депутат не выполняет своих прямых обязанностей по должности (не посещает заседания, не встречается с избирателями), представительная функция парламента не выполняется.

Таким образом, к одному из существенных направлений развития деятельности законодательных (представительных) органов государственной власти можно отнести повышение ответственности депутатов перед избирателями, поскольку институт юридической ответственности является необходимым условием эффективной деятельности не только определенного депутата, но и представительного органа власти в целом.

По этому вопросу О.Е. Кутафин указывал, что целесообразно закрепить ответственность депутатов перед избирателями, путем возможного инициирования процедуры отзыва как неотъемлемого института непосредственной демократии, являющегося формой ответственности депутата и выборного должностного лица, содержанием которого является возможность досрочного прекращения полномочий [10, с.122].

Вместе с тем, сложившаяся политико-правовая ситуация в России позволяет говорить о кризисе парламентаризма. Данное утверждение уместно и в отношении регионального парламентаризма. Можно констатировать невысокую политическую роль парламента, ввиду чего происходит существенное смещение властей в сторону исполнительной власти и власти Президента Российской Федерации, складывается фактическая монополизация политического процесса партиями при отсутствии реальной многопартийности и конструктивной деятельности оппозиции.

Литература:

1. Вьюницкий В. Прошлое и будущее российского парламентаризма. Всероссийское Общественно-политическое движение "Духовное наследие" //Обозреватель. 1994. - № 14.
2. Авакьян С. А. Современное конституционное и муниципальное строительство: актуальные проблемы // Современные проблемы конституционного и муниципального строительства: опыт России и зарубежных стран: сб. материалов междунар. науч. конф. М., 2010.
3. Усанов В. Е. Становление парламентаризма в России: конституционно-правовые основы деятельности: дис. ... д-ра юрид. наук. М., 2007.
4. Бураковский А. Л. Юридическая ответственность политических партий в Российской Федерации: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Челябинск, 2007.
5. Авакьян С. А. Современное конституционное и муниципальное строительство: актуальные проблемы // Современные проблемы конституционного и муниципального строительства: опыт России и зарубежных стран: сб. материалов междунар. науч. конф. - М., 2010. С.
6. Гриб В. В. Взаимодействие органов государственной власти и институтов гражданского общества в Российской Федерации: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. - М., 2011.
7. Кондрашев А. А. Конституционно-правовая ответственность депутата законодательного органа государственной власти, представительного органа местного самоуправления в РФ: основания классификации и проблемы реализации // Рос. юрид. журн. 2011. - № 1.
8. Окулич И. П. Проблема этической составляющей профессиональной деятельности депутатов // Конституц. и муницип. право. 2011. № 2.
9. Конева Н.С. Рецензия на монографию Н. А. Петровой "Конституционно-правовой институт отзыва в Российской Федерации" // Конституционное и муниципальное право. 2007. - № 21.
10. Кутафин О. Е., Фадеев В. И. Муниципальное право Российской Федерации. М.: Проспект, 2006.

УДК 343.1

ЗАРУБЕЖНАЯ ПРАКТИКА И КАЗАХСТАНСКИЙ ОПЫТ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

Салихова А.А. – магистр, ст.преподаватель, Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова

Тажгарина Б.К. - магистр, ст.преподаватель, Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова

В данной статье освещены вопросы социального представления, масштабы и сферы распространения коррупции в Казахстане и в других странах о том, с чего нужно начать борьбу с коррупцией и каковы должны быть основы программы действий по искоренению этого явления. Результаты данного исследования могут стать основой для последующих исследований в области коррупции.

Ключевые слова: коррупция, Закон РК «О борьбе с коррупцией», антикоррупционная политика, национальная безопасность.

Как социально негативное явление коррупция известна очень давно. В переводе с латинского коррупция («corruption») означает подкуп, подкупность и продажность общественных и политических деятелей, государственных служащих и должностных лиц с целью личного обогащения. Такое определение понятия коррупции актуально и по сей день, в том числе и для нашей страны.

В настоящее время коррупция как социальный феномен в разной степени свойственна всем современным государствам.

Коррупция превращается в угрозу национальной безопасности и многие государства ищут пути выхода из системы сложившихся отношений, разрабатывают и реализуют механизмы противодействия коррупции. Придавая особое значение проблеме эффективного противодействия коррупции, Президент нашей страны определил основные направления концепции по искоренению коррупции в масштабах государства, в рамках которой приняты и действуют Закон Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», Кодекс чести государственных служащих Республики Казахстан и др.

Тарихта әр халықтың өзіндік орны, даму ерекшелігі бар. Солардың бірі – қазақ халқы сан қилы жағдайларды бастарынан өткізіп, өздерінің ұлттық бірлігін, туған жер алтын бесігін қорғап, азаттық туын жоғары көтерді. Қазақ даласындағы, оның тарихындағы ерекше орын алатын тұлғалардың бірі Әліби Жангельдин. Әліби Жангельдиннің балалық шағына, білім жолы мен сіңірген еңбектеріне, елімізде совет үкіметі орнау кезінде қосқан үлесіне шолу жасай отырып, Әліби Жангельдин Тоғжанұлы - XX ғасырдың басынан бастап Орталық және Шығыс Еуропаны, Африка, Азия және Жапония елдерін аралап өткен қазақ халқының алғашқы туристі болған. Сонымен бірге, тек турист емес, журналист-фотограф ретінде, көптеген репортаждары мен еңбектерін Санкт-Петербург, Варшава, Будапешт сынды қалалардың баспаларына жіберіп, газет беттерінде жарық көрген.

Бұл тұлға, саяхат тарихына венеция – көпесі Марко Полоның (1254-1324 ж.) ерлігіндей еңбек сіңірген. Бірақ, Марко Полоның саяхаты жайлы мыңдаған кітаптар жазылған, ал Афанасия Никитинаның (1474) «за четыре моря» атты сапары Ресей мен бұрынғы КСРО-ның барлық география және тарих оқулықтарында жазылса, Әліби Жангельдиннің саяхаттары жайлы бірде бір оқулықта жазылмаған. Тіпті, «История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк» «Дәуір» баспасы, Алматы 1993 ж., сынды Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиясы, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, А.Х.Марғұлан атындағы археологиялық институт, Қазақстанның «Даму Фонды», осы жоғарыда аталған оқу орындарынан шыққан баспаларда Әліби Жангельдиннің есімі 1916 жылғы көтеріліс басшыларымен бірге, бірнеше жерде ғана аталады.

Ә. Жангельдин 1910-1912 жылдары темір жол мен су жолын санамағанда, жер шарының 12 мың

километр жерін жаяу жүріп өткен. Әліби Жангелдин тұңғыш қазақтан шыққан саяхатшы. Оның дәлелі «Саяхатшыларға берілетін жол бағдар қағазы» болған. Әліби Жангелдин жайлы «Қазақстан тарихы» кітабында екі-үш жерде ғана аты аталады. Ал Қазақстанның физикалық-географиясында Әліби Жангелдин саяхаты жайлы еш дерек жоқ. Әліби Жангелдин өмір баянын жан-жақты зерттеуді қажет ететін, ұрпаққа үлгі боларлық қазақтың бір туар азаматы. Әліби Жангелдин 1884 жылы Торғай уезіне қарасты Қайдауыл елді-мекенінде кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Ол отбасында үлкені болып, әкесіне байдың қойын бағуға көмектесті. Қайдауыл елді мекені өзінің табиғатымен ерекшеленетін. Ауылдың маңында сылдырап аққан өзен, жағалай бұталы шілікті болып келетін. Көктемде су жағасында құс базары басталып, суатта ақбөкендер көбейетін. Әкесі аңға шыққанда Әлібиді бірге алатын. Туған жердің табиғатын танып білуге және оқуға деген құштарлығы жас кезінен бастап оянған. Бірде ауылға қазақ мұғалімі келген еді. Оның келуі Әлібиге үлкен әсер, өшірілмес із қалдырды. Жас бала әкесіне оқытушы болғысы келетін арманын айтқанда, әкесі тыңдағысы да келмейді. Бірақ Әліби бала кезінен бастап өзінің жігерлілігімен көзге түсуші еді. Оқытушыдан бірнеше рет мектеп жайлы сұрап, біраз уақыт өткен соң әкесінің еркіне қарсы, білім іздеп ауылдан қашып, Торғай қаласындағы мектепке оқуға түседі. Сонымен жас баланың ойлағаны орындалып, оқи бастайды. Мектепте сабақ орыс тілінде жүргізіліп, жас Әліби бұл тілді аз уақыт ішінде меңгеріп кетті. Әлібидің бұл қуанышы көпке созылмады. Біраз уақыт өткен соң, әкесі іздеп тауып, үйге қайтып алып кетеді. Содан бері, екі жылдай өткен соң 12 жасар Әліби қайтадан қалаға қашып, Қостанайдағы қазақ-орыс мектебінің екінші сыныбына түседі. Патшалық Ресей кезінде, екі жылдық мектептер, қазақ балалары үшін, білім алуға ашылған жалғыз оқу орны болушы еді. Бұл жылдары, қазақ халқының өзінің зайырлы мектептері болмаушы еді. Сондақтан қазақ балалары үшін білім алудың екі жолы болатын. Олар діни мектеп және екіншісі орыс-қырғыз мектептері еді. Екінші мектептің қазақ даласында негізін салған атақты ағартушы Ыбырай Алтынсарин болатын. Бұл ағартушының еңбектері мен ойлары жас Әлібиге әсері өте зор болды. Сонымен бірге Абайдың поэзияларын, Уәлихановтың кітаптарын сүйіп оқитын.

Мектеп қабырғасында жүріп жас Әліби орыс әдебиетімен танысып, орыс тілін жетік меңгере бастайды. Орынборға сонау алыс жерден білім іздеп келіп, бұл өңірде тек Православ рухани училищесінің барын ғана біліп қатты өкінеді. Ал бұл оқу орнына түсу үшін ең бірінші талап шоқыну керек еді. Жас баланың білім мен оқуға деген ынтасының зор болғандығы сонша, Әліби бұған да барады. Сөйтіп, оған Николай Степнов деген жаңа ат беріп, оқу орнында оқи бастайды. Өкінішке орай, бұл мекемеде көбіне діни білімдер беріліп, негізі сабақтар соңғы орында болатын. 1903 жылы Оренбургтің рухани училищесін бітірген Әлібиді, аса дарынды оқушы деп, Қазан қаласына оқытушылық семинарияға жібереді. Қазан қаласындағы мұғалімдер семинариясында оқып жүріп, 1905 жылғы студенттер қозғалысына белсене қатысады. Сонысы үшін оқудан шығарылады. 1905 жылдың желтоқсанында Әліби оқуға түспекші болып Мәскеуге келеді. Бірақ бұл ойы бірден орындалмайды. Сөйтіп, өзінің күнкөрісі үшін ақша табуға тура келеді. Әліби Жангелдин Мәскеуде жүріп кім болып жұмыс жасамады, жерді де қазды, газет сатты, кейін фотографтың көмекшісі болды және бұл жұмысы кейін өзінің қажетіне жарады.

Әлібидің қалтасында Қазан оқытушылар семинариясының мұғалімі Ашмариннің Мәскеу рухани академиясының оқытушысы Покровскиға арналған хаты бар еді. Ашмарин өз хатында Покровскиден өзі үлкен үміт күтетін қазақтың баласы Әліби Жангелдинді оқуға түсіруге көмек сұрайды. Бұл Академияда Әліби бір жылдай оқып, оқудан шығарылады. Оның себебі үкіметке қарсы іс шараларға қатысты деген айып тағылды.

Оқудан шығарылғаннан кейін Әліби Жангелдин сол кездегі әйгілі газет «Утро России» редакциясына жұмысқа орналасады. Бұл газет тек Ресейде ғана емес, сонымен бірге Еуропаға да белгілі болатын. Баспа үшін Әліби бір үлкен олжа сияқты болды. Жасы 24 жастағы баланың есте сақтау қабілеті мен көп тіл білетіндігі таңғалдырды. Осылайша Әліби Жангелдин өзінің кітапта оқыған қалалары мен елдер жайлы өз көзімен көргісі келді. Осы мақсатты іске асыру үшін газет бетіне өзінің алға қойған жоспары мен мақсат-мүдделері жайлы жариялайды. Бұл хабарландыруға Самараның табиғаттану мұғалімі Евгений Викторович Планицкий мен Ресейдің Мәскеудегі оқытушыларды ағарту коммерциялық училищесінің мүшесі Егор Феофилактович Коровин үн қатады. Сонымен 1908 жылы үш жас жігіттің әлем елдерін жаяу аралаған бақандай бес жылға созылған жиһангерлік өмірі басталады. Сол бес жылдың әр күні, әр апта, әр айы қиындықтар мен қауіп қатерге толы болғаны анық-[1-2].

1918 жылы Әліби Жангелдин Каспий теңізінен, Каспий маңындағы шөлдерден өтіп Ақтөбе майданына Кеңес Түркістан қорғаушыларына қару-жарақ жеткізгені баршаға мәлім. Бірақ 1910-1912 жж. Әліби жаяу «Жер айналған» саяхат жасағанын көпшілік жұрт біле қоймайды. Осы саяхаттың мақсаты өз еркімен білім алу, басқа елдерді, онда тұрған халықтарының өмірі мен салттарын білу ынтасы болған. 1-10 жылы 9 маусым күні (ескі стиль бойынша) үш серіктерімен бірге (Пламеневский, Полевой, Коровин) Мәскеуден жолға шығыпты. Жер айналатын саяхатшының кітапшасы Николай Степанов (оның революционерлік құпия аты) атына берілген. Онда «Н.Степанов, немесе Али-Бей Джангильдин, қаржысыз Жер айналатын саяхатқа қатысушысы», деп жазылған (басқа мәліметтер бойынша Степнов). Осы кітапша мен фотоаппарат арқасында Әліби жол шығындарына ақша табуға

мүмкіндік алған. Осы жылдың тамыз айында Петербург, Псков, Варшава мен бүкіл Польшадан өтіп, Жанкелдин Австро-Венгрияның шекарасына жетті. Варшавада серіктері одан бөлініп кетті, бірақ жаңа жолдас табылды да, Степанов-Жанкелдин Львов үстімен Венаға бағытталды. Венаға жетпей оның соңғы серігі одан кетіп қалады да бұдан әрі Әліби саяхатын жалғыз өзі жалғастырады. Оның осыдан әрі жүрген жолы мынадай: Вена – София, Белград, Мұстафа-Паша, Андрианополи, Киркенес, Константинополь, одан кейін Кіші Азиядан өтіп, Палестина, Египет, Судан, Абиссиния – барлығы, теңіз бен темір жолды есептемегенде, он екі мың шақырым. Қайтарда – Аравия түбегі, Мадагаскар, Месопотамия, Персия, Үндістан, Цейлон, Малай архипелагы, Зонд аралдары, Үндіқытай (Сиам корольдігі мен Аннам), Қытайдың оңтүстігі, Формоза (Тайвань) аралы, Жапония, Сібір, Еуропалық Ресей.

Сөйтіп Әліби Жангелдин қазақ тарихында дүние жүзін жаяу шарлап аралаған жалғыз саяхатшы-жиһангер қазақ болып, өз атын мәңгілікке қалдырды. Бұл саяхаттан Әліби революционер – демократ болып қайтады. Швейцарияда, Женевада В.И.Ленинмен кездесіп, пікірлесіп жақсы танысады. Енді Әліби Жангелдиннің ұрпаққа үлгі боларлық азаматтық істеріне келсек, онымен қызметтес, аралас болған адамдардың айтып кеткен жазуларына қарағанда, адамгершілігі аса жоғары кісі болған. Әділдік үшін күресте басына қауіп төніп тұрса да ешкімнен тайсалмаған, тартынып бұғып қалмаған. Қазақстанда «Кіші октябрь» жасаймын деп халықты қан қақсатып ашаршылыққа ұшыратқан қанды қол жөндет И.Голощекин Торғайға барған сапарында өз жұмысымен барған Әлібиге жолығып қалады. Торғай тұрғындары ашығып жатсада Голощекин «астық үнемдеп жұмсалсын» деп қоймадағы бар астықты елге бергізбей қояды. Сонда Әліби «Қазақстанда Совет өкіметін құрған сен емес, мен. Халықты қырайын деп пе едің?!» деп қатты ашынып ашумен Голощекинді салып қалып, қамбаны аштыртып аштарға астық бергізеді. Алашордашыларды алғашқы қудалау басталғанда Әліби Жангелдин Ленинге бір емес екі рет кіріп: «Әлихан Бөкейханов патшаға қызмет істеген адам, бізге де қызмет істей алады. Бұл өте білімді, пайдалы кісі. Қазақ халқы оны қадірлейді», – деп аман қалдырады. Ахмет Байтұрсыновты да қорғап Ленинге тағы да барып: «Байтұрсынов грамматика жазған, басқа да еңбектері көп үлкен ғалым, жазушы бізге керек»-деп сақтап қалады. Алашордашыларды алғашқы қудалаудан құтқарып кешірім беруде Әлібидің қызметі зор. Ал оларды екінші рет жазалау басталғанда Жангелдин үкіметтегі жауапты басшылық жұмыстарынан шеттетілген болатын. Мемлекеттің, ұлттың, жекелеген адамдардың тағдыры шешіліп жатқан кезде, жасқаншақтап үндемей қалуды Әліби Тоғжанұлы адамгершілікке жат қылық деп білген. Атақты тарихшы Е.Бекмаханов Кенесары жайында кітап жазғаны үшін қызметінен қуылып, сотталғалы жатады. Әліби дереу бас хатшы Ж.Шаяхметовке телефонмен қоңрау соғып «кітабы ұнамағандарды шетінен жаба берсек, ақын да, жазушы да, ғалым да қалмас. Жаратпасаңдар кітабын шығармай тастаңдар. Сол үшін соттағандарың жөн болмас» деп ара түскен. Бірақ бас хатшы да, басқа да әпербақандар оны тыңдамай тарихшыны 25 жылға соттатып жіберді. Кремель көсемдері Ленин, Сталин, Молотовтар бір өтінішін жерге тастамаған Ә.Жангелдиннің сөзін өзіміздің басшыларымыз аяқсыз қалдырады. Әліби Жангелдиннің жасы ұлғайып, денсаулығы да сыр бере бастаған. Жазықсыз Бекмахановты қорғап қала алмағанына қатты күйінеді, қапа болады-[3,4,5].

Ел мен жерді көріп, мәдениеті мен тарихын танып, білуге, дүниенің сырын ашып, терең бойлауға деген, құштарлық, адам баласының ерекше бір ізгі қасиеті ғой. Осындай ерекше қасиеті мен аты аңызға айналған тұлға - Әліби Жангелдин. Әліби – қадір-қасиеті қанша жыл ғұмыр кешкен де емес, артында қандай із қалдырғанында. Әліби Жангелдиннің саяхаты жайлы картаны шығарып, Арқалық, Торғай мектептеріне және Республика көлеміне тарату. Сонымен, «Әліби ізімен» атты өлкетану экспедициясын ұйымдастыру. Өскеген ұрпақ-болашақ Қазақстан азаматтары, өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интелект деңгейі жоғары, білімді де білікті, жаһандану заманына сай болуы шарт. Әліби Жангелдин Қазақстан тарихында мәңгі қалмақ. Саяхатшы Әліби Жангелдин салған жол Қазақстан елінде туризмді өркендетудің бастауы болып табылады. Ұрпақ жиһангез өнерін мұра етіп қабылдап, жақсы игі ісін дамытпақ-[6].

Әдебиеттер:

1. Габдуллина М.Х. Саяхатшы-қайраткер. «Қазақстандағы туризмнің даму болашағы» атты ЖОО аралық ғылыми-тәжірибиелік конференция материалдары. 1-том. Астана – 2011 жыл.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2001 жыл. 3-том.
3. Ягнинский А.М. «Алиби Джангильдин – казахский Марко Поло. Научно-методический журнал. Соқпақ-Тропинка. №1-Уральск, 2005.
4. Доскач А.Г. Основные черты строения Северного Казахстана //Природное районирование Северного Казахстана, М.-Л., 1960.
5. Филонец П.П., Омаров Т.Р. Озера Центрального и Южного Казахстана Алма-Ата, 2002г.
6. Исаченко А.Г. Основы ландшафтоведения и физико-географическое районирование

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Кайыпбаева А. К. - ф.ғ.к, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Толеева А.К. - аға оқытушы, Қостанай әлеуметтік - техникалық университеті, Қостанай мемлекеттік университетінің 2 курс магистранты

Абай өлеңдерінде ұлтымызға жақын этно мәдени бірліктер арқылы суреттелетін қазақ халқының тұрмыс – тіршілігінде орын алған салт – дәстүрлер кездеседі. Этностың материалдық мәдениетімен бірге қалыптасқан мәдени мәнділікке ие тілдік бірліктер ақын өлеңдерінен орын алған. Халықтың дүниетанымы мен болмысынан рухани мәдениетінен хабар беретін ұлттық құбылыстың мәні Абай шығармаларында ашыла түседі.

Негізгі ұғымдар: этнос, мәдениет, салт-дәстүр, саятшылық, ұлттық болмыс, рухани байлық.

Абай қазақ әдебиетін жанрлық, мазмұндық, формалық жағынан жаңа деңгейге көтерумен қатар ұлттық сөз өнерінде бұрын-соңды кездеспеген құбылыстардың да бастамашысы болғаны белгілі. Ол қазақ топырағындағы тұңғыш ақындық мектептің іргетасын қалады. Абай өлеңдерінде суреттеп отырған затты не құбылысты қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде ертеден орын алған салт-дәстүрлер кездесіп отырады. Абайдың бұл бағыттағы тәлімгерлік жолы жүйелілігімен, нақтылығымен, мақсаттылығымен, тағылымдық тереңдігімен ерекшеленеді.

Абай қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын этнографиялық тұрғыда зерттеген арнайы еңбек қалдырмаса да ақынның өлеңдері мен ғақлияларынан өз заманындағы қазақ халқының күнделікті тұрмысы, оның рухани байлығы, әдет – ғұрпы мен аңыз - әңгімелері, кәсіби және заттай мәдениеті, қазақ аулының жыл мезгілдеріне байланысты көрінісі мен болмысы жайында ой толғаулары ұштасады.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға деп «Қан сонарда бүркітші шығады аңға»[7,245] өлеңінде саяткерліктің қыры мен сырын, сорғалаған қыран мен қашқан түлкінің, бүркітші мен қағушының іс - әрекетін, ой – пиғылын дөп басып, табиғи кейпінде суреттейді. Қыран алған түлкінің байлану ғұрпы, аңшылардың сәл кідіріп әңгімелесу, насыбай ату сәттері де ақынның назарынан тыс қалмаған. Бүркітшінің құсты баптау өнерінің шығар шыңы, сыналар кезін Абай: «Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы, Адам үшін батысып қызыл қанға», - деп түйеді. Кемеңгер ақын жалпы өнер атаулыны жанымен түсініп, оның қамқоршысы бола білді.

Сонар деп толассыз жауған қардың таң біліне тоқтап, күннің шайдай ашылып кетуін айтады. Жаңа жауған қарға түскен із тайға таңба басқандай сайрап жатады. Сонар үшке бөлінеді: ұзақ сонар, келте сонар және қан сонар. Мұның ішінде ең қызығы қан сонар. Бұл күні шыққан аңшының жолы болатыны айдан анық. Саятшылық қазақ халқының табиғаттың тыныс – тіршілігін, құпия сырын терең меңгергендігінің айғағы. Бұл зор өнердің қызығын саятшылардың өздері, ал игілігін халық көрген. Сөйтіп саятшылық – халықтың мұрат тұтқан арманы әрі өнері болып саналған. Бұрын ел жақсылары мен бай, би, серілер бүркіт ұстаған. Әлібек батырдың қыраны бір жылда 60 түлкі, 10 қарсақ, 12 қасқыр алған. Ұлы Абайдың Көкшегір, Қарашолақ деген бүркіттері болған. Сол Қарашолақты ұлы ақын Тулақ деген кісіден 10 шақты ірі қараға сатып алған.

Қазақ халқының күнделікті өмірі, табиғатта заңды түрде болып жататын құбылыстар мен өзгерістердің барысы ақынның «Жаз», «Жазғытұрым», «Күз» және «Қыс»[2,45] өлеңдерінде көрініс тапқан. «Жаз» өлеңдерінде Абай өзі өмір сүрген кезеңдегі халық тұрмысын, салт – санасын, табиғат көріністерін сол қалпында көркем бере білген. Қыстың ызғары қайтып, көктем басталғанда күннің жерге мол шашатын жылуын ата – ананың балаға деген ыстық мейірімін, ал күн мен жерді – сағынысқан күйеу мен қалыңдықтың бір – біріне деген ынтық көңілімен теңейді. Күлімдеген күн қызуы жердің тоңын жібітіп, табиғатты оятатыны, жер бетіне көк шығып, жыл құсы келіп, көл жағалай мамырлаған ақу мен қаз, жұмыртқа іздеп зыр жүгірген бала – шаға, қыстаудан көктеуге көшіп, у – шу болып жатқан ел көрінісі, жүйрік аттармен ұрымтал жерден қаршыға салып, үйрек ілдіріп жүрген сауықшыл бозбалалар, оларға наздана күлімдеп үн қатқан бойжеткендердің күміс күлкісі шеберлікпен суреттелген. Көшпелі қазақ аулының күнделікті өмірі төрт түлік малмен тығыз байланысты болғандығы белгілі. Ақынның бұл өлеңінде малды ауылдың жазғы жайлаудағы көрінісі шынайы, өте нанымды берілген. Оты жетілген, шапқынды өзен – көлдің жағасында қонып жатқан малды ауылдың тұрмысы бейнеленген. Тойынған жылқының суда тұрып шыбындайтыны, тай – құлындардың ойнақтап, айнала шауып, бұлтылдап жүретіні, бұрала басып үй тіккен қыз – келіншектер, мал арасынан ризашылық көңілмен атының басын шұлғыта аяңдатып ақбоз үйдің сыртына келіп түсетін бай салтанаты тамаша сипатталады. Ауыл ақсақалдарының қымызға жиналып әңгіме - дүкен құруы, сөзуар көсем қарттардың тыңдаушыларына еліте айтқан әңгімелері, жалшы, малшы және жылқышылардың малды жайластырып, ауылға келіп бай ордасынан қымыз дәмелі сенімді айтылған. Күз түсе ел өмірінде

ойын –сауық азайып, жұртшылық қысқы шаруа қамына кірісе бастайды. Күзгі қара суық түсіп, табиғаттың өзгеруіне байланысты ауыл іреңінен кете бастауын, кедей – кепшіктің киімі мен киіз үйінің жыртығын жамап – жасқап, келе жатқан қаһарлы қысқа дайындығын, күзеудің тозып, шаңы шығып, бұрқырап жататын сүреңсіз ажарын ақынның «Күз»[2,45] аты өлеңінен айқын көреміз. «Қараша, желтоқсанмен сол бір он екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй, Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай», - деп, ақын қысқы жайылымның отын үнемдеу үшін күзеуде отырған бай аулын, бай мен кедейдің үй - жайының айырмашылығын суреттейді. Бай үйінің іргесіне қалың киіз тұтып, маздата от жағып, қарға салуға жарамайтын қартаң қойларын сойып жеп, сорпалап отырса, жалшы малшылар мен кедей – қоңсылардың шұрық – тесік қараша үйінде оттың да жөндеп жағылмайтынын, ертелі –кеш тойып ішер ас – суының жөнді болмайтынын айтады. «Қыс» өлеңінде ақын: «Борандай бұрқ – сарқ етіп долданғанда, Алты қанат ақ орда үй шайқалады», - деп, киіз үйде қыстап шығатындардың қиын жағдайын сипаттайды. Қысқы жайылымдағы малдың қауіпті жауы ашыққан қасқыр екенін айта келіп, жалшы – бақташылапды сергек күзетіп, ит – құсқа мал бермеуге шақырады. Көшпелі қазақ аулы үшін жыл мезгілдеріне байланысты соны жайылым мен жайлы қоныстың маңызы зор. «Жетіліп жаз жайлауға қона алмай жүр, Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр, Қыс қыстаудың қып – қызыл ол бір пәле, Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр», - деп, Абай жайылымға байланысты малды ауылдар арасында дау – жанжалдың болып тұратындығына тоқталып кетеді. Көшпенділік жағдайда қазақ халқы жылқы малын өсіруге, оның күтіміне ерекше көңіл бөлген. Мүмкіндігі бар малды адамдар жақсы аттарын жаз бойы құр жіберіп, күзде баптап мініп, ойын – тойларда бәйгеге өосатын болған. Қазақтың көреген сыншылары жақсы аттардың сан – алуан қасиеттерін оның сыртқы пішінінен айтқызбай –ақ бір көргеннен танып білетін. Ақынның шығармаларында атбегілік, аттың сыны туралы келелі пікірлер айтылады. «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінде Абай жақсы аттың кекілінен бастап тұяғына дейінгі барлық мүшесінің, жүріс – тұрысының қандай болатынын сипаттап, жақсы атқа берген сынын: «Аяңы тымақты алшы кигізгендей, Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей, Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, Ыза қылдың қолыма бір тигізбей», - деген тұжырыммен түйіндейді. Ақын халықтың қыран баптап құс салу, саяткерлік өнерін «Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген, Бір қызық ісім екен сұм жалғанда» деп жоғары бағалаған.

«Ескілік киімі» өлеңінде ақын ісмер тігіншілер әзірлеген өнер туындылары – қазақтың ұлттық киім үлгілерінің бірқатарын айтып өтеді. Одан ақынның өмір сүрген заманында қой терісінен илеп, томар бояумен бояп тігілетін тон, астарына жабағы ұсталатын шидем шекпен, ақ саңнан (матадан) тігілетін жейде – дамбал, кестеленген жырық балақ жарғақ шалбар, мықшима былғары етік, киіз байпақ, күміспен безендірілген кісе, басқа киетін пұшпақ тымақ, оның сыртынан жауын – шашында киетін күләпара сияқты ұлттық киім түрлерінің болғанын көреміз. «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ...» өлеңінде сәнқой жігіттердің ақ елтіріден тымақ, бөрік тіктіріп киетіндіктері де айтылады. Ақ тымақтың құлағын жымырайта қайырып киген жігіттердің тымағы кірлеп, салтақ – салтақ болатыны да ақынның қырағы көзінен таса қалмаған.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Абай осы өлеңдерінде қазақтың ұлттық аспаптары домбыра мен қобызды тілге тиек етіп, ұлттық тілдің таңбасын көрсетеді. Этностың материалдық мәдениетімен бірге қалыптасқан атаулар болып табылады. Домбыра мен қобыз қазақтың кейінгі ұрпаққа қалған аманаты, мәдениетіміздің ерекше бір бөлшегі болып табылады.

Ұлы Абайдың «Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға»[7.132] деген өлең жолдарында *Шекпен* – тек қана түйе жүнінен тоқылатын жаздық сырт киім. Шекпендік матаны иіріп, оны өрмекпен тоқып, шапан үлгісінде пішеді. Оған мақпалдан немесе басқа қалың матадан қайырма жаға, тік жаға салады. Шекпеннен су да, жел де өтпейді. Су тигенде түйе жүні шырығып, тығыздала түседі. Ол матаадй емес, өте берік әрі жеңіл болады, тез тозбайды. Ботаның немесе тайлақтың жүнінен тоқылған шекпен өте әдемі болады. Оны шидем шекпен, кей өңірде боз шекпен дейді. Жастар мұны сәндікке киген. Қазақта шен – шекпен деген сөз бар. Оның мағынасы тереңде жатыр. Өткен ғасырларда Ресей отаршылдары елді, жерді бөліп, болыстар тағайындап, оларға шен тағайындап, белгі беріп, шекпен кигізген. Осыдан барып шен – шекпен киген деген теріс ұғым пайда болған.

Күлпәрә бастырған пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.

Күлпәрә - су немесе қар түспес үшін бас киімнің сыртынан қаптай киетін, брезенттен тігілген бас киім. *Тымақ* – ерлердің қысқы бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Тымақ – қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, оған аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Бұрынғы кезде қазақтар шала туған баланы неше күні кем болса, сонша күн тымаққа салып, кереге басына іліп қойған. Бұл – тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көрініс.

Ақын қолданған этномәдени бірліктер қазақтың ұлттық мәдени тұрмысында қолданылған

материалдық дүниелер болса, ал оларға танымдық тұрғыдан талдау жасау арқылы халықтың дүниетанымы мен болмысынан, рухани мәдениетінен хабар беретін ұлттық құбылыстың мәні ашыла түседі. Абай поэзиясы - өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейтесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Абай поэзиясының ішкі рухы мен көрініс – көркі, сипаты мен сыны. Поэзиясының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды әрі құнды.

Әдебиеттер:

1. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы бірінші том, Алматы «Жазушы» 2005
2. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы екінші том, Алматы «Жазушы» 2005
3. Әпеева Г.С. Абайдың ақындық дәстүрі және Шәкәрім поэмалары, Авторефераты ҚР Алматы, 2009
4. Абайды оқы, таңырқа..., Алматы «Ана тілі» 1993
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995
6. Абай және қазіргі заман (Өмірі мен әдеби мұраларының жаңа қырлары) Алматы «Ғылым» 1994
7. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
8. Әлем әдебиеті. Абай Құнанбаев шығармалары – Алматы, «Жалын» 1995ж.
9. Әуезов М. Абай мұрасы жайында, - Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1957, № 3, 21 б.

ӨОЖ 81:343.148

**СОТ ПРАКТИКАСЫНДАҒЫ ДАУЛЫ МӘТІНДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Калиева Ж.К. – магистрант, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Мақалада тілдің қызметі, құрылымдық лингвистикадан шыға отырып, коммуникативті-прагматикалық қызметін көрсетуі, тілді зерттеудің антропоцентристік бағыттағы жаңаша ізденістеріне алып келгендігі көрсетілген.

Лингвистикалық сараптаманы енгізу, оқып үйрету, лингвистикалық сараптаманы тілді қолданған адамдық фактормен байланыстыра қарастырғанда сөз мәдениетін қарастыратын саласының бірі ретінде толық зерттеуге болатындығын, айыптаушы мен айыпталушының, сотқа жүгінген жеке тұлғаның және түрлі даулар арасындағы әр түрлі қақтығыстар мен шиеленістердің шешу жолдары көрсетілген.

Негізгі ұғымдар: лингвистикалық сараптама; заң; соттық лингвистика; құқықтану мен лингвистика, даулы мәтіндер

Ғылыми әдебиетте көрсетілгендей «юриспруденция саласына тартылған мәтіндердегі сөйлеу феномендерінің сараптамасы құқықтың маңызды сұранысы болды және жалпы және қолданбалы тіл білімінің шешілмеген мәселелерінің жаңа парадигмасын шығарды» [1, 22 б]. Лингвистикалық сараптама зерттеуінің ерекшелігі оның онтологиялық және қызмет аспектілерінің өзгешелігімен жасалады. Бұл зерттеу – сараптама түрінің онтологиясы функциональдық тағайындалуынан, дәлірек айтқанда оның нәтижесін заң саласында пайдаланғандықтан анықталады. Бұл бір жағынан, қандай да бір мәтіннің алгоритм, сұлба, зерттеу моделінің бар екенін ұйғарады, ал басқа жағынан, конфликтілі жағдайларды тудыратын шексіз тілдік нұсқалар санының болуы, осыдан, пайда болған конфликтілі ойларды талдау және анықтаудың көптеген жолдары шығады, сараптама әр кез креативті зерттеу ұсынады. А.Голевтің айтуынша: «сараптама кейбір үлгілерді қолданатын және үйлестіретін, сонымен қатар даму потенциалы (үлгі шегінен шығу) бар лингвистикалық зерттеулерді ұсынады және тіл туралы ғылымның бағыттарына сай ұмтылыс жасайды. Соның арқасында берілген ұмтылыс нақты заңдық факторлар мәжбүрлейтін сараптаманың прагматикалық бағытының шегінде жүзеге асуы керек» [1, 45б].

Сөйлеуші субъект пен тыңдаушы адресаттың арақатынасынан туындайтын мәселелерді қамтитын лингвистикалық прагматика (грек. *pragmatos* – іс-әрекет) адресант тарапынан сөйлеудің тактикасы мен түрлерін, сөйлеушінің ниеті немесе айтылған сөздің прагматикалық маңызын, сөздің жанама мағынасын, тұспалдар, тыңдаушының жалпы білімі мен ықыласын, көзқарасы мен пікірін, психологиялық жағдайын, мінез-құлқын айтушы адамның бағалауы, сөйлеушінің өзі айтып тұрған хабарға көзқарасын, хабар маңыздылығын (шындық не өтірік, мысқыл, көп мағыналылығы) бағалау мәселелерін, ал тыңдаушы адресат тарапынан айтылған сөзден я хабардан тұжырым

жасау (тікелей, жанама я жасырын мағына іздеу), сөздің тыңдаушыға әсері (эмоциялық күйі я көзқарасының өзгеруі), коммуниканттар арасындағы байланыс түрлері тұрғысынан тілдік қарым-қатынас түрлері (диалог, достық әңгіме, дау-жанжал т.б.), сөйлесудің әлеуметтік-этикалық қыры, әңгіме құру стилі т.б. қарастырады.

Жүйе құрайтын рөлді заң атқаратын заңдық тәжірибеге қатысатын конфликтілі мәтіндердің мәліметтерінде тіл мен құқықтың өзара қарым-қатынасы аясының ерекшелік идеясы саралаудан өтеді. Заңдық тәжірибеге қатысатын лингвистикалық сараптама - даулы мәтіндерді лингвистикалық зерттеудің ерекше түрі. Конфликтілі мәтіннің заңдық қызметі оның лингвистикалық ерекше зерттеу түрін алдын ала анықтайды. Конфликтілі мәтіндердің лингвистикалық сараптамасы заңдық релеванттық білім – нақтылау немесе айғақтарды алу сияқты іс жүргізуді ұсынады. Мәтін – тілдік құбылыс болғандықтан, бұл жағдайда оның заң тұрғысынан бағасы білікті мамандардың лайықты бағасына сүйене алмайды.

Лингвистикалық конфликтология факторлар аспектісі мен оның тудырған құралдарындағы дауды зерттейді, даулы жағдайларда сөйлеу мінез құлқының үндестік моделін зерттейді, юрислингвистиканы конфликттің заң тәжірибесіне кіретін жағы ғана қызықтырады. Демек, лингвистикалық конфликтология да сөйлеу стратегиясының типологиясы коммуниканттар арасындағы өзара әрекеттесу типінің негізінде әзірленген. Бірлесу (әдептілік, адалдық, сенім арту, ынтымақтастық, тоқтамшылдық және т.б.) мен қарсы тұру (беделін түсіру, басыну, зорлық, жауығушылық, әшкерелеу, бақталастық және т.б.) стратегиялары ерекшеленеді. Атап айтқанда қарсы тұру стратегиясы жүзеге асқан мәтіндер тілдік құқықбұзушылық құрамға ие болғандықтан юрислингвистиканы екінші сөйлеу стратегия қызықтырады. В.С. Третьяков «Беделін түсіру стратегиясы адресаттың құндылығын кемітуден құралғанын, оны қорлауын, келеке етуін және т.б. перлокутивті эффект бойынша бағалап, конфликтілі стратегиялар тобының ішінде бөрінен артық көзге түсетін стратегия деп» атап өтті. [1, 546].

Беделін түсіру стратегиясы қатынастың жоғары дәрежелі мақсатымен анықталады. Бұл мақсат - адресатқа әсер ету. Сөйлеу субъектісі коммуникативті міндеттердің бірі ретінде, айқын (тікелей байланыс кезінде) немесе болжалды (мысалы, оқырманның) бақылаушының әлем моделінің өзгерісін пікірінің кейіннен өзгеруімен серіктесінің кемсітуі мен келемеждеуін көреді. Тап осы стратегия аясында адресат иесінің жағымсыз бағасы туралы тура және жанама белгі беретін қандай да бір жағымсыз деректер, пікірлер, айғақтардың жариялануы қолданылып жатыр. Осындай сөз амалдары саяси дискурста жиі қолданылады. Олар көпшілікке оның беделін төмендету үшін, оған деген сенімді жою үшін адамның бағасы, жағымсыз қылықтары туралы мәлімет беру арқылы әсер ету үшін шамаланған. Бұл стратегияны жүзеге асыру үшін қорлау, келемеждеу, мазақ қылу, айыптау сияқты тек қана жағымсыз сөйлеу амалдары таңдап алынады бұл амалдардың мақсаты – адамның намысына тиіп, оны күлкілі жағдайға қалдыру. Бақылаушының көз алдында адамның беделін түсіру және адресат иесінің сезіміне тию міне осы екі коммуникативті міндеттердің орындалуы беделін түсіру стратегиясының жетістігі болып саналады. Лингвистикалық сараптаманың заты болу барлық даулы мәтіндерге тән қасиет. Дауды тудыратын қандай құралдар заңданады?

Заңгерлік әдебиеттерде, сондай-ақ ҚР Жоғарғы сотының 18.06.04 ж. № 10 нормативтік қаулысында «Қоғам немесе жеке азаматтардың заңдарды сақтау, моральдық принциптерді орындау туралы көзқарастары бойынша ұйымдар мен азаматтар жөніндегі шындыққа жатпайтын мәліметтер олардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтер деп есептелінеді» деп көрсетілген. Яғни, нұқсан келтіретін мәліметтер қатарында жеке тұлға немесе заңды тұлға тарапынан іс жүзіндегі заң қағидаларының бұзылғандығы, сондай-ақ жеке, қоғамдық немесе саяси өмірде әділетсіз, этикаға жатпайтын іс-әрекеттің жасалғандығы, шаруашылық-өндірістік немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда ықпалсыздық танытқандығы, іскерлік айналымда іскерлік этиканы немесе қалыптасқан дәстүрлердің бұзылғандығы туралы деректік тұжырымды қамтитын мәліметтер танылады.

Нұқсан келтіретін мәліметтерді анықтау үдерісінде лингвистика мен заңгерлік сала мүдделері мына түрде үйлестіріледі: «Лингвистикадағы оқиға, сөйлеу жағдаяты, баға беру категориялары юриспруденцияда дерек және пікір категорияларына алмастырылады да, олардың аражігінің анықталуында сөйленістің шындықпен сәйкестігі және сәйкес еместігін саралау негізгі қағида болып табылады» [2, 155 б].

Сөйлеуші субъект пен тыңдаушы адресаттың арақатынасынан туындайтын мәселелерді қамтитын лингвистикалық прагматика (грек. *pragmatos* – іс-әрекет) адресант тарапынан сөйлеудің тактикасы мен түрлерін, сөйлеушінің ниеті немесе айтылған сөздің прагматикалық

маңызын, сөздің жанама мағынасын, тұспалдар, тыңдаушының жалпы білімі мен ықыласын, көзқарасы мен пікірін, психологиялық жағдайын, мінез-құлқын айтушы адамның бағалауы, сөйлеушінің өзі айтып тұрған хабарға көзқарасын, хабар маңыздылығын (шындық не өтірік, мысқыл, көп мағыналылығы) бағалау мәселелерін, ал тыңдаушы адресат тарапынан айтылған сөзден я хабардан тұжырым жасау (тікелей, жанама я жасырын мағына іздеу), сөздің тыңдаушыға әсері (эмоциялық күйі я көзқарасының өзгеруі), коммуниканттар арасындағы байланыс түрлері тұрғысынан тілдік қарым-қатынас түрлері (диалог, достық әңгіме, дау - жанжал т.б.), сөйлесудің әлеуметтік-этикалық қыры, әңгіме құру стилі т.б. қарастырады. Сөз қақтығысын тудыратын даулы

мәтіндерді лингвистикалық прагматика аспектілері бойынша қарастырғанда автордың көпшілік оқырман алдындағы субъект т(алапкер немесе мақала кейіпкері) беделінің төмендеуіне тілдік тұрғыда ықпал ету деңгейіне талдау жүргізіледі.

Тілді юрислингвистикалық аспектіде жүйелі қарастыру заңдық аспектіні құрайтын және юрислингвистиканы оқыту пәні болып табылатын тіл мен құқықтың өзара әрекеттесу аясының ерекшелігін атап көрсетеді.

Тілдің даулы потенциалының жүзеге асуы әртүрлі табиғи тілдік, конвенционалдық лингвистикалық, рухани және құқықтық шектеулермен сақтандырылады. Заңдық тіршілігі оның даулылығымен анықталатын мәтіндер құқық бар болған әрбір кезеңдерде пайда болуы мүмкін.

Жүргізілген зерттеулер сот немесе заң практикасында қатыстырылған конфликтілі мәтіндерді топтастыруға мүмкіндік береді, олар сәтсіз-мәтіндер, теріс пайдалану-мәтіндері, манипулятор-мәтіндер.

Зерттеушілер даулы мәтіндерді коммуникативтік актідегі дау мен үйлесімсіздіктің тілдік маркерлері деп атайды. Даудың даулы коммуникативтік сценаріі, даулы сөздік стратегия және тактика сияқты репрезентациясының типтік тәсілдері бар екенін бөліп көрсетеді. Лингвистикалық сараптаманың объектісі болып табылатын даулы мәтіндерді юрислингвистикалық көзқарас тұрғысынан үш топқа бөлуге болады (1 сурет).



1 сурет. Даулы мәтін түрлері

Біріншіден бұл мәтіндер даулық потенциалы тілдің өзінің терең қасиеттеріне шартталған. Адресанттың ниетінің жүзеге аспауының нәтижесі бұл жағдайда адресанттың хабарды түсінбегендігінен болып табылады. Бұл топқа көбіне әртүрлі екі рет түсінік беруге мүмкіндік беретін құқықтық мәтіндер (заңдар, келісім шарттар және т.б.) қатысты болады.

Мұндай мәтіндерде тұжырымдардың дәлдігі, айқындығы, бізмәнділігі күмән келтірсе, лингвист сарапшы сол түсініксіз сөздердің мәніне қорытынды жасауы керек. Оларжы шартты түрде сәтсіз мәтіндер деп атаймыз. Бұл жағдайдағы коммуникативті дау мәтіннің түсіндіруінің потенциалды көптігінен туады, басқаша айтқанда, түсіндірудің көптігі – дау тудыру факторы болып табылады.

Сәтсіз мәтіндердің белгілері ретінде келесілерді көрсетеміз:

- синтаксистік құрылымдардың көп мәнділігі;
- сөйлем құрамымен алынбаған лексикалық полисемия;
- көпмәнділікті аңдамай құру;
- қызмет жасау сферасы – құқықтық шығармашылық (мәтін құрастыру) және құқықты жүзеге асыру (мәтіндерге түсінік беру).

Құқықтық тәжірибеге тартылған даулы мәтіндердің басқа түрі бұл тегінде даулық дискурсты (сөздік дау) тіркеуді ұсынатын даулы мәтіндер. Біздің жіктеміміз бойынша оларды теріс пайдалану мәтіндері деп атаймыз. Мұндай мәтінде сөйлеп тұрған адамның ниетін жүзеге асыру адресанттың хабарды тілдік құқықбұзушылық деп аталатын заң координаталарында түсіндіруге алып келеді. Теріс пайдалану мәтіндері азаматтық және қылмыстық заңмен қарастырылған құқықбұзушылықтың белгілерінің құрамының бар не жоқ болуын анықтау мақсатында юрислингвистикалық зерттеулерге тартылады. Бұл топқа көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері жатады.

Теріс пайдалану мәтіндері:

- даулы сөйлеу стратегиясы мен тактикасын жүзеге асырады;
- даулы интенциямен сипатталады;
- бағалау және инвективті лексикаға ие;
- БАҚ, үйреншікті қарым - қатынас, көпшілік алдындағы қарым – қатынас аясында жүзеге асады.

Теріс пайдалану мәтіндерінің айқындалу белгісі болып қандай да бір дауды құқықтық реттеуді қажет ететін тілдік, моралды этикалық, келісімді лингвистикалық шектеулер болып табылады. Сонымен қатар, теріс пайдалану мәтіндерінің заңдық сипаты бар, ол өзіндік және өзге де құқықбұзушылықтардың құрамындағы белгілерге ие болады.

Теріс пайдалану мәтіндерін лингвистикалық зерттеу тілдің құқықтық аспектісінің ерекшелігін айқын сипаттайды. Кейде лингвистикалық зерттеу нәтижесінде теріс пайдаланылып түсіндірілген мәтін сәтсіз мәтіндер есебінде айқындалуы мүмкін. Бұл жағдайдағы дау көбіне стилдік көрсеткіштің үйлесімсіздік жағдайында пайдалануға негізделген.

Аралық жағдайды манипулятор мәтіндер алады. Оларға әртүрлі үгіт және жарнама қағаздары жатады. Осындай мәтіндердің жанжалдық потенциалы табиғи тілдің мынадай қасиеттерін әдейі пайдалануға негізделген, ол қасиеттер мағынамен ойнау, түйсікке ықпал жасау, сөйлеу қатынасын қиындықсыз түсіну және т.б.

Манипулятор мәтіндер екі ұштылыққа көзделген, бірақ тілдік манипуляция жасау қылмыс емес, олар көбіне теріс пайдалануға ұмтылады.

Манипулятор мәтіндер:

- әдейі жасалған екі ұштылықты сипаттайды;
- қажетті бағытты, ақпаратты тұспалдап ұсынады;
- өзгеше мәнді синтаксистік құрылымдарға ие (тұжырымдық мағынадағы, бағалау мағынасында түрткі болатын құрылым («Бұл үшін ату керек!», «бұл өте жаман» және т.б.));
- жұмыс жасау аумағы – үгіт, жарнама.

Сот практикасында лингвистикалық сараптама сөз «әрекетіндегі» адам мен заң арасындағы көптеген даулы, тартысты мәселелерді толық шешуде үлкен рөл атқарады. Соттағы дискурс (сөз) әр уақытта қолданыс қызметінде тілдік құрылысы мен мазмұнының мақсаты мен күшін дамытып отырады. Соттағы сөздің мазмұны композициялық құрылымының түзілуі анық та айқын, ойдың түсініктілігі, фактілерді сұрыптауға қойылатын қатал талап прагматикалық бағдарға негізделеді. Ғалымдардың айтуынша: «Сот өнерінің гүлденген дәуірлері басқа да мемлекеттердің шешендік өнерінің тәжірибесіне үлкен ықпал етіп отырды. Басқа мемлекеттердегі сот өнерінің жаңа бағыттарының қазақ елінің соттағы сөз өнеріне де ықпал етуі тиіс. Соттағы өнер ерте дәуірден қалыптасқан классикалық өнердің коммуникативті - прагматикалық, эстетикалық- стилистикалық мәнінің озық үлгілерін негізгі межеге ала отырып, жаңа мазмұнды, ақиқаттылық пен логикалық қисындылыққа бағытталған үлгілерін жетілдіріп, бүгінгі соттағы сөз сөйлеуде еркін пайдалану керектігін ұсынады». [4, 194 б]

Соттағы сөз ақиқат үшін күрескер ретінде көрінуі тиіс әрі зерттелген фактіні алаламайтын әділ болуы керек. Соттағы сөз келтірілген немесе алынған айғақтары психологиялық және қоғамдық әрі тұрмыстық жақтан коммуникативтік норма сапаларын толық сақтауды талап етуі қажет. Соттағы сөздің басты факторларының біріне жататын сотталушының психологиялық портреті толық танылуы тиіс, бірақ сөзінде өз қызметтік құқығын сақтап, этикалық нормалардан шықпауды көздей отырып, ең алдымен қылмыстың жасалу себептерін толық анықтап, тілден тысқары тұратын факторларды жете саралап алуы негізгі прагматикалық бағдарының жемісі ретінде айқындалады. Кез келген қылмыстық әрекет жалпы әлеуметтік және саяси мәселелердің орнауына себепкер болуы мүмкін. Қазіргі сот процесі шындықты іздеуге күш салады. Оның негізгі мақсаты заңнамалық дәлелді үкім болғандықтан, заң сөздерінің ауызша және жазбаша формаларында сөйлеу агрессиясының көптеген әдіс тәсілдері қолданылып отырады.

Сот практикасындағы сөздердің барлығы бір бағытта болмайды. Соттың сөзіне қарағанда, прокурор мен қорғаушының сөзінің өзіне тән айырмашылықтары мен өзгешеліктері бар. Мысалға прокурор мен адвокаттың сөздерін келтіре кетсек. «Әйелінің өліміне айыпталған Муранов әйелінің өзіне-өзі қол жұмсағанын айтып, айыбын мойындамады. Айыптауды қолдай отырып прокурор сөзінде: Муранов өзінің әйелін өлтіру ниеті болғанын, оны өлтіру туралы ойы болғанын да мойындамай айыптауды жоққа шығаруда. Осы кезде «Неткен сұмдық шатпақ, менде ондай ой ешқашан болған емес» деп Муранов ашуланды, әділсоттың бақытына, онда мұндай ойдың болмағанын тек Мурановтың өзі ғана жоққа шығаруда. Яғни Муранов өзін өзі әшкереледі. Істе оның хаты бар. Ол хат оған көрсетіліп, ол хатты өзі жазғанын мойындаған. Ол хатта мынадай сөздер жағылған : « Мені Галинаның әрекеттері жындандырады. Мен мұның немен аяқталатынын білемін. Мен оны өлтірем! Естисіз бе, Муранов, Мен мұның немен аяқталатынын білемін. Мен оны өлтірем!» енді бұл хат сіздікі емес дейсіз бе, әлде өз әйеліңізді өлтіруге ниет қылғаныңызды келгенін мойындайсыз ба».

Мурановты қорғаған адвокат Успенский цитатаның дәлдігіне дау келтірмей «Егер Мурановтың өз әйелінің өліміне айыпсыз екендігіне айғақ керек болса, онда прокурор бұлтартпас айғақ деп есептеген манағы хатты келтіруге болады. Бірақ тек хатты ғана емес ол хаттың кімге және қашан жазылғанын да айтуға болады. Хат қайтыс болған Муранованың анасына жазылған. Және қайғылы оқиғадан екі күн бұрын жазылған. Егер Муранов шынымен де кісі өлтіруді, Галина Муранова өзін өзі өлтірген қылып көрсеткісі келіп ұзақ та айлакерлікпен дайындаған болса, онда ол кісі өлтіру қарсаңында қызының өліміне кек алғысы келіп отырған адамға өзіне қарсы осындай «қауіпті қаруды» берер ме еді?, қайталап айтамын әйелінің өлімінің алдында, ескертіп қояйын, оның қызын өлтіргісі келетінін ойлап жүргенін жазар ма еді? Жазды, демек, ашуға ерік беріп, ашудан осылай құтылғысы келді. Жазды, демек өлтірген жоқ». [3, 60б].

Прокурор мен қорғаушы жеке фактілерді келтіре отырып, сотқа көмектеседі, жиналған материалдардың сапалық мәнін нақты көрсетеді, қаралатын істі жұмсартуға күш салады, бірақ қылмыстың дұрыс құрылымын анықтайды.

Құқықтық лингвистиканың әлеуметтік лингвистиканың ерекше бөлімі болу үрдісі тіл білімі мен юриспруденцияның заңды даму кезеңі болып табылады. Қолданбалы пән ретінде пайда бола отырып заңдық лингвистика зор лингвистикалық мәселелерді алдыға қояды.

Тіл мен құқықтың өзара әрекетінің аясын сипаттайтын конфликттіліктің жоғары дәрежесі құқықтың барлық сатысында мүмкін болатын даулы жағдайдың заңнамасын алдын ала анықтайды. Тілдік саясат аумағында және тілдік құқықбұзушылық туралы заң аясында тіл құқықты реттеу объектісі болып табылады. Тілге әсер ететін құқықтық заңдылық негізі тілдік заңның оң шешіміне лайықты қамтамасыз ететін тілдік заңдылықпен қаланған.

Құқықтық шығармашылық кезінде тіл мен құқықтың өзара әсер ету ережелері табиғи тілдің сапасын өзгертуге әкелетіндіктен, заң тілінің шарттарының маңызды үлесін айтпауға болмайды. Тілдің түрленуі даулы жағдайлардың мүмкіндігінен заңдық қорғау механизмдерінің жасалуынан туындайды. Бірақ заң тіліне табиғи тілдің қасиеттері мен мәні аса өңделгендіктен бұл түрлену көбіне түсінбеушілікке әкеліп соқтырады. Заңдық техниканың аспекті ретінде заң мәтіндерінің лингвистикалық түсіндірілуі заң мәтінін түсінбеу кезінде туатын потенциалдық даудың алдын алу үшін арнайы жасап шығарған механизмді көрсетеді. Көрсетілген түсіндіру аясындағы шарттар заң мәтіндерін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Таусоғарова А.Қ. Сот-лингвистикалық сараптама мәселелері/ Оқу құралы. Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. 54 Б.
2. Голев Н.Д. Юридический аспект языка в лингвистическом освещении// Юрислингвистика 1: Проблемы и перспективы. Барнаул, 1999. 144-160 Б.
3. Гиздатов Г.Г. Юридическая риторика/учебное пособие. Алматы. Жеті жарғы. 2002. 60– 61 Б.
4. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті/ оқу құралы. Қазақ университеті. 2011. 193-196 Б.
5. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік./Сөздік-Словарь. Алматы: 1998. 304Б

УДК 82-1:821.512.122

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ АСТАРЛЫ МӘТІНІ (МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Кульбаева М.М. - тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Бұл мақалада Махамбет Өтемісұлы поэзиясына тән белгілер сараланып, салыстырулар жасалған. Махамбеттің сөз қолданысындағы ерекшеліктері – көркемдеу тәсілдеріне қатысты зерттеу жұмыстары берілген. Махамбет поэзиясының лексика-семантикалық аспектідегі коннотаттық көрінісі қарастырылған.

Негізгі ұғымдар: коннотация құбылысы, семантикалық өріс, ассоциативті ая, эстетикалық құндылық.

Махамбет – тарих сахнасында ақын ретінде шығармашылығымен, күрескер ретінде дара тұлғасымен танылған адам. Ол туралы талай көркем шығарма, ғылыми зерттеу еңбектер жазылды, жазыла да бермек. Махамбет - өзіне дейінгі қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан, шыңдалған, елек көзінен өткен табысын бір жерге түйіп тастап, оны әрі қарай жаңа бағытта жалғастыруға бет алған суреткер. Батырлық пен ерлік, өмір шындығы образдылықпен ұштасып, шынайы түрде көрініс тапқан Махамбет өлеңдерінің рухын бүгінгі таңда саналы түрде ұғыну, эстетикалық жағынан дұрыс қабылдау, жан-тәнімен сезіну – оқырманнан белгілі бір дәрежедегі дайындықты талап ететіні сөзсіз. «Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ. Оның өзге тілге оңай аударылмайтыны да сондықтан» (З.Қабдолов); «Махамбет шығармашылығы – тілі мен көркемдік стилі жағынан өзіне дейінгілерден де, өзімен тұстастарынан да, өзінен кейінгілерден де, тіпті тақырыптас, жанрлас ақын-жыраулардың өлең-толғауларынан да көрінеу оқшауланып тұрған дүние. Бұл оқшаулық тек тілдік-стильдік ерекшеліктерінде ғана емес, суреткерлік дағдыларынан, өзгелерде жоқ сонылығынан, белгілі бір поэтикалық мектепті барынша жаратып, екінші бір шығармашылық бағыттың көшбастары болғандығынан көрінеді...» (Р.Сыздықова), - деп жоғары бағаланған Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің көркемдік, тілдік ерекшеліктері, дәстүрлі жыраулық поэзиямен сабақтастығы т.б. біршама зерттеліп келді (Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұмалиев, Б.Аманшин, Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова, Ә.Құрышжанов, Қ.Мұқаметқанов, Б.Шалабай т.б.). Бұл тұрғыда ақын мұрасын лингвистикалық жағынан зерттеген Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова, Ғ.Әнес, Ш.Ниятованың еңбектерін айрықша атап өтуге болады.

Ақынның өзіне дейінгі әдеби тілдің, әсіресе жыраулар тілінің бар байлығын пайдаланды деген сөз оның тек көркемдеу тәсілдерін қайталауына ғана емес, сөздік құрамына да, фразеологиялық

құрамына да жатады. Махамбет шығармаларының лексикалық сипаты өзінің алдындағы әдеби үлгілермен әуендес: мұның да негізгі қазақтың төл сөздері. Өлеңдерінің басты тақырыбына орай Махамбет те жаугершілік лексика тобын молынан қолданады. Олар қару-жарақ, сауыт-сайман аттары: *найза, қылыш, мылтық*, білтелі, садақ, жай, дулыға, көбе, кіреуке, жебе, сауыт, қорамсақ, сүңгі, семсер т.т. Бұлар негізінен Махамбеттің өзі қатысқан ұрыс-соғысты суреттеуден гөрі, жоғарыда келтірілгендей, өткен дәуірлерден келе жатқан әдеби штамптарды образ үшін пайдаланған тұстарында көбірек жұмсалған. Мысалы, өзінің портретін берген бір өлеңінде: Белгілі туған ер едім, Белім садақ асынған – десе, бұл жердегі садақ сөзі портреттің дәлдігі үшін емес, образ үшін алынған, өйткені беліне садақ асыну бейнелі тіркесі ұрысқа сай ер-азаматтың символы болып табылады.

Жаугершілік лексика тобының образ үшін молынан қолданылғандығы олардың тұрақты эпитеттермен келген сәттерінде тіпті анық көрінеді. Махамбетте де найза сөзі жалаң түрінен гөрі, егеулі найза, жалаулы найза, алты құлаш ақ найза, толғамалы найза, қималы найза, қоңыраулы найза деген эпитетті түрлерінде қолданылған. Сары жебе, сұр жебе, балдағы алтын ақ болат, қарқыны күшті көк семсер дегендер де осы қатардан табылады. Жаугершілікке қатысты тек есім сөздер емес, етістіктер де ақын тілінде едәуір орын алады және олардың басымы бұрын қалыптасқан жеке сөздер мен тіркестер болып келеді: әскер жиып аттану, жауға тию, қамалды бұзу, оқ ату, оқ тию, жау тоқтату, садақ асыну, қанға боялу, қанды көбірек *жұтқызу, жауға тию, жандасу, қырылу, кескілесу* т.б. Махамбет тіліндегі екінші бір көзге түсетін белгі – көне сөздердің қолданылуы. Ол көнелер бұрынғы поэзия тілінен келе жатқандар. Махамбеттің өзіне дейінгі әдеби дәстүрмен іліктестігінің тағы бір айғағы осы жерде. XV – XVIII ғасырлардағы Қырым жері мен Азаулы (Азов), Дон, Еділ, Жайық бойларында жасап өткен Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбеттерде кездесетін *сой (асыл тек), тарлан, тарпаң, арайна, баттауық, сайғақ, Еділ – Жайық, емсеу, жемсеу (Еділді көріп емсеген, Жайықты көріп жемсеген)* сияқты сөздердің Махамбетте сақталу себебі, бір жағынан, оның өткендегі әдеби тіл байлығын жақсы пайдалануы болса, екінші жағынан, осы жырауларға Махамбеттің мекен-тұрағы жағынан жақындығы деуге болады. Өйткені бұл сөздер осы жыраулар дәстүрін ілгері апарушы Бұхарда кездеспейді немесе ақындық мектебін әрі қарай алып кеткен Дулат, Шортанбай, Шөжелерде де бұл көнелер жоқ.

Махамбет сөздігінде бұлардан басқа қазірде мағыналары күңгірт немесе өзгеше болып келетін бір топ сөздердің қолданылғандығын көрсетуге болады. Мысалы, *қалықпан (құстың атауы), ереуіл (тың ат), толғай (тақыр бас), жетім (тұтқын), керіскен (аң), қырқарлану (тізбектелу), зымыран (құс), ала (азбан), алаулау (соғысу, ұрысу), маңғыстау (ілгері басу, жүру, адымдау), қары (туысқан), астана жұрт (бағынышты ел), қарашы (кеңесші)* т.б. сөздер қазіргі тілімізде кемде-кем жұмсалатын, сирек кездесетін элементтер. Бұлардың Махамбет тіліндегі көрінісі ақынның сөз қазынасын поэтикалық талғамға салып сұрыптай білген суреткер екенін танытады.

Махамбеттің сөз қолданысындағы және бір ерекшелік әдеби – көркемдеу тәсілдеріне қатысты. Жоғарыда айтылды, ақынның көптеген эпитет, теңеу, метафоралары, өзіне дейінгі бай ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар тілінен алынған. Сонымен қатар Махамбеттің өзі қосқан тың образдары қазақ поэтикасына әкелген үлесі болды. Бір ғана ел қамын жеген ердің, халқы үшін күрескен азаматтың образын білдіретін теңеулердің Махамбет бірнеше нұсқасын ұсынады. Мысалы қызғыштай болған есіл ер, еркек қойдай бөлініп, қырқарланып өткен ер, таудан мұнартып ұшқан тарланым, кермиық, керіскендей шандозым, қас бәйтерек, шамданса, шалқасынан түсер асау, шамырқанса, шатынап сынар болат, түбін қазған бәйтерек, тауда ойнаған қарт марал, шарға ұстаған қара балта, ақсұңқар құстың сойы, екі тарлан бірі, құстан туған құмай, қарақұстан туған қалықпан, суаруы қанық көк сүңгі дегендердің барлығы да Исатайдай батырдың, оның соңына ергендердің теңеулері мен метафоралары. Бұлардың ішінде Исатайдан айрылған өзін түбін қазған бәйтерекке теңеуі, көтеріліс жеңіліп, арманда қалған күрескер образын шарға шауып мұқалған алмасқа, сұғуын таппай тот алған, суыруы қанық көк сүңгіге теңеуі Махамбетке дейінгі поэтика қазынасында болмаған дүниелер. Сол сияқты *қалықпандай қомданып жаумен айқасу, Жайықты тіземен бұзып өту, қырдан қиқу төгілу (естілу емес, төгілуі), қайраңнан алған шабақтай қия бір соғып ас ету, адырнаны ала өгіздей мәңірету, темір қазық жастану, қу толағай бастану* образдар да соны. Бұлар Махамбет жаңалықтары [4, 181-183].

Ақынның бұлар тәрізді метафоралы, теңеулі образдары қазақ поэзиясы тілін жоғары сатыға көтерді, осындай қолданыс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі орасан зор екендігін танытты. Оның үстіне бұл образдардың айтылмақ ойға (шығарма идеясына) дәл келіп, қиысып жатуы қазақ поэзиясында мазмұн мен түрдің үндесуі дегенге үлес қосты деп тұжырымдауға болады. Махамбет поэзиясының лексика-семантикалық аспектідегі коннотаттық көрінісі топоним, антропоним, жан-жануар, құс, өсімдік, киім, түр-түс, қару-жарақ атаулары, түрлі фразеологиялық оралымдар негізінде көрініс тауып, олар сөйлемде белгілі бір қосымша стилистикалық жүк арқалап, сонымен қатар халықтың дүниетанымы, мәдениеті, тарихы т.б. жөнінен мол мағлұмат бере алатын лингвомәдени тілдік бірліктер болып табылады. Махамбет туындыларында кеңінен қолданылатын метафора, эпитет, теңеу, метонимия, гипербола сияқты көріктеу құралдары арқылы қалыптасқан коннотациялық жүйе белгілі бір объектіні жай анықтап немесе сипаттап қана қоймайды. Олар көркем

поэзия тілінде прагматикалық үстеме мағына таныта келе, айтылмақ ойға сай көркем бейне сомдайды, шығарманың эстетикалық құндылығын арттырады, автордың көзқарасын танытып, дүниенің ассоциативтік бейнесін көрсетеді. Жалпы лексика-семантикалық бірліктердің денотация және коннотация аспектілерінің объектілері ретінде танылуы шарттылыққа негізделеді. Себебі сөз жеке-дара тұрып коннотаттық мағына таныта алмайтындығы белгілі (тек жалпыхалықтық сипат алған сөз-символдар жөнінде толықтай олай айта алмаймыз). Сөз мағынасының бұл бөлігі (коннотаттық компонент) тек коммуникацияда (мәнамінде, ситуацияда) жүзеге асып, тілдегі сөздердің семантикалық құрылымындағы белгілі бір семаның өрістілігімен және қолданыстық сипатымен байланысты болып келуіне орай ерекшеленеді. Оның айшықты көрінісінің өзекті аясы – көркем мәтін. Мысалы, Махамбеттің:

*«Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен,
Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен,
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан*

Арыстан еді-ау Исатай!», - деп келетін өлең жолдарындағы **көк шыбық** тіркесіне назар аударайық. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **шыбық** сөзі: «1. Ағаштың бұтағы, жапырағы жоқ, ұзын да жіңішке, солқылдақ жас өркені. 2. Бір нәрсені жүргізу, ұру, жазалау үшін, қамшы орнына қолданылатын жіңішке ағаш. 3. Жаңа өсіп келе жатқан жас өркен; көшет. 4. Ауыс. Таяқ, соққы» - деп көрсетілген. Алайда, **шыбық** сөзінің бұл семантикалық мағыналары ақын тіліндегі **көк шыбық** тіркесінің семантикалық сипатын ашып бере алмайтын сияқты. Аталмыш сөзқолданыстың мағынасын дәл айтып беру қиындау. Дегенмен, мынадай үш болжам жасауға болады: 1. **Көк шыбық** – бұл қылыш (семсер). Осы орайда біз ғалым Қ.Мұқаметхановтың зерттеуіндегі мынадай деректерге сүйенеміз. Зерттеуші «Әділ сұлтан» жырынан: *«Орақтың ұлы Қарасай, // Шалқасқаны мінеді енді, // Көк шыбығын байланып, // Ғаскерінің Қарасай // Басы болып жүрді енді»,* - деген үзінді келтіре отыра, «Осы өлеңнің мазмұнына қарағанда, «көк шыбық» – «қылыш» деген сөз болып шығады. Олай деуімізге тағы бір толығырақ дәлелді татар әдебиетінен табамыз. «Чура батыр хикаяте» атты дастанда Шағали ханның қызы Сарқани батырларға әр кімнің өз дәрежесіне қарай сыйлық үлестіргені баяндалады. Шора батырға бір алтын қобди береді. Бұл сыйлыққа батырдың көңілі толмай, өкпелеп, қобдиды ашып та қарамай тастай салады. Бірнеше күн соғысқа шықпай жатып алады. Шағали хан қызы Сарқаниды батырға жіберіп, соғысқа неге шықпай жатқан себебін сұратады.

«Сарқани барып сұрағанда, Шора батыр айтты:

- Мен саған өкпелеп жатырмын, сен маған құр қобди бердің, ал басқа батырларға сауыт бердің, - деді.

Сонда қыз айтты:

- Қане, сол қобдиды ашып қарашы, - деді. Шора батыр қобдиды ашып қараса, ішінде **«Көк шыбық» («Кук чыбык»)** деген қылыш бар екен. Шора батыр мұны көріп, қызға риза болып, әскерімен аттанып, көп жауды қырып салды» дейді. Сөйтіп, батырға әдейі арнап соқтырған әйгілі қиғыр қылыш – **«Көк шыбық»** деп аталып, ерлік жырларында ежелден қолданылатын бейнелі сөз екен», - деп түйіндейді. Сонымен, зерттеуші Қ.Мұқаметханов келтірген тілдік деректер негізінде **көк шыбық мықты (көк) қылыш** ретінде айшықталатынын көреміз. Дәлірек айтқанда, «көк шыбық» деп **өткір, темірден жасалған (көк) семсер (шпага)** аталса керек: «Шпага – семсер. Скрестить шпаги – біреумен семсерлесу» [6,1126]. Бұған, біріншіден, визуалды-бейнелі ассоциация негіз болса, екіншіден, түркі халықтарының тіліндегі кесіп, шауып, тіліп жіберетін қару-жарақ атауларының (меч, сабля, шпага) «семсер» және «қылыш» тұлғаларында келіп, бір ұғымды танытатындығы дәлел бола алады. 2. **Көк шыбық** деп садақ та аталуы мүмкін. Ол мынадай өлең жолдарынан танылады: *«Орақтың ұлы Қарасай // Шалқасқаны ту астында жықтырып, // Көк шыбықты орта белден бүктіріп, // Көк сырлы оғын төктіріп, // Бадаанадай сауытын // Тері тондай жыртырып...»* (Әділ сұлтан), сондай-ақ, *«Жас шыбықтан жай тарттың, // Жалғыз шиден оқ аттың...»* (Ер Тарғын). **Көк шыбық** – заттың тура атауы емес, яғни денотат емес. Ол «садақ» мағынасына қосымша, ономастиологиялық уәжі бар, тарихи сипаттағы коннотат. Яғни, ол қарудың жасалған материалы атауға уәж болған. Екіншіден, **көк шыбық** сөз тіркесінің коннотаттық сипатын анықтайтын микрокомпонент – «көкке» қатысты. Бұл арада «көк» сын есімі «жасыл» деген түс атауымен және содан туындайтын «жас» деген ауыспалы мағынамен синонимдес. Себебі садақтың серпімділігі мен күштілігімен сипатталатын, әлі ағаш бұтағы боп бекімеген шыбықтан жасалғаны мәлім. Қараңыз: «... садақты тобылғы, үйеңкі т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды» [7,VII]. Махамбет тіліндегі **көк шыбық** – бұл жебе (садақтың оғы). Бұған дәйек ретінде жоғарыда көрсетілген Махамбет шумағын қайта келтіріп, салыстыра талдап, мазмұнына үңіліп көрелік: *«Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен, // Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен, // Атқанын қардай боратқан, // Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан // Арыстан еді-ау Исатай!»,* Шумақтың мазмұнына сәйкес *атқан оғы, атқаны* деген сөздермен мағыналық байланыс бұл арада «көк шыбық» сөзінің мағынасы – «жебе» (садақтың оғы) деп болжауға негіз береді. Екіншіден, «көк» микрокомпонентінің коннотаттық құрылымының түзілуіне «көк» түстің мифтік танымға сәйкес «ерекше тылсымдық күш» деген мағынаның да әсері болуы мүмкін. Үшіншіден,

көк шыбық тіркесінің «жебе» деген мағынасы «қандыауыз» сөзіне байланысты айшықтала түседі. Қандыауыз сөзінің бірнеше мағынасы бар. Соның бірі – қару-жараққа қатысты. Мысалы,

«Тасада мерген кезенген

Қанды ауызға жолығар» (Ауыз әдебиеті);

«Қатынасы биік көлдерден

Қатар түзеп қу ұшар.

Алғасап тез оқ ата көрмеңіз,

Қандыауыздан сыйлы жебе сайламай» (Шалкиіз);

«Аударылмас қара кемедей,

Қандыауызға сырлап салған жебедей» (Ер Шобан). Келтірілген өлең жолдарының мазмұнына

қарағанда, қандыауыз – бұл «садақ». Осыған орай Махамбеттің: «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан», - деп келген өлең жолындағы «қандыауыз» сөзі – «садақ» деген мағынаны танытса, «**көк шыбық**» тіркесі – «жебе» мағынасында жұмсалуды мүмкін. Қалай болғанда да **көк шыбық** – бұл бейнелі сөзқолданыстардың бірі екені анық. Оның аталмыш контекстердегі көрініс табуы коннотаттық компонент мағынасына тең келеді. Коннотаттық компонент мағынасы көркем бейненің дамуы барысында пайда болып, контекст шеңберінде жүзеге асады. Сонымен қатар контекст ерекше семантикалық өріс, ассоциативті ая туғыза келе, әр түрлі мағынаның ішінен қажеттісін ғана таңдап, коннотаттық компонент мағынасының эстетикалық құндылығын арттыруына себепкер болады. Қазақ тіл білімінде *коннотация* құбылысы теориялық тұрғыдан арнайы қарастырылмаған. Дей тұрғанымен, бұл мәселенің танылуы зерттеушілер еңбектерінің лексикалық мағына, екіншілік номинация, лингво-поэтика, лингвостилистика аспектісіне сәйкес қамтылып, М.Оразов, А.Салқынбай, Е.Абақан, Р.Авакова, Ғ.Хасанов, Г.Байгунисова, Д.Әлкебаева сияқты ғалымдар тарапынан берілген анықтамалар негізінде айшықталады.

Коннотация құбылысына арналған еңбектерді шолу барысында ғалымдар тарапынан коннотацияның құрылымдық бөліктері әр түрліше танылып, коннотация ұғымы кең мағынада және тар мағынада қарастырылатындығы байқалады [5].

Коннотативті жүйеде өзін және сомдап отырған бейнелерін аспан перзенті – құс атауларына балап көркем суреттеу – Махамбет поэзиясында кеңінен орын алған тәсілдердің бірі. Ақын тілінде ұшырасқан құс атаулары адам бойынан табылар әр түрлі қасиеттерді бейнелеу үшін, кейде басынан кешкен жағдайларды, көңіл-күйін таныту мақсатында поэтикалық тілдік құралдарға айналған сөздер болып табылады. Мысалы:

«Мен – қарақұстан туған қалықпан,

Сөйлер сөзге жалықпан»,

«Мен ақсұңқардан туған құмаймын

Бір сұңқарға жұбаймын»,

«Аспанда ұшқан ақсұңқар,

Қолымда тұйғын, лашын»,

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты, мойның бос» т.б.

Махамбет өз тыңдармандарына әсерлі, түсінікті болу үшін, суреттеп отырған бейнені немесе оқиғаны оқушыларының көз алдына елестету үшін өлеңдерінің мазмұнын, өзінің айтпақ ойын әр алуан эпитет, метафоралық теңеулер, поэтикалық контраст негізінде шебер өрбітеді. Мысалы, мақсаттары орындалмай, жолдастары оққа ұшырап, Исатай жау қолынан қаза болған күн Махамбет өлеңінде:

«Аса шапқан құлаша ат,

Зымырандай болған күн.

Арқауылдың бойынан

Теріскей дауыл соққан күн», - деген сияқты образды тіркестер негізінде көрініс табады. Осы өлең үзіндісінен *атты зымыран* құсына теңеу үлгісін кездестіреміз.

Зымыран – суға сүңгігіш құстардың бірі. Ұлттық танымы мен көркем әлемі бір тұтасқан ақын Е.Раушановтың көрсетуі бойынша, оның әлемде 87 түрі кездеседі және әр елде ол әртүрліше аталады. Мысалы, балқар, қарашай тілінде «*балыкчы чымчык*» делінсе, башқұрттарда ол «*балықсы торғай*» деген атпен белгілі. Сонау ескі замандардан бері қарай сан елдің әдебиетінде *әдеміліктің* символы ретінде жырланып келе жатқан бұл құс шығыс ақындары шығармаларында ағаш бұтағына періште іліп қойған лағыл-гауһарға теңелсе, көне Қытайда оның көгілдір қауырсындарын император сарайының ханшалары бас киімдеріне қадаған. Ал орта ғасырлық Еуропада үйді «бөле-жөле, қауіп-қатерден, тіл-көзден сақтау үшін» **зымыранды** үйдің маңдайшасына тұмсығынан іліп қоятын болған [8].

Сондай-ақ халық танымында **зымыран** ерекше шапшаңдылығымен де белгілі. Оның шалт қимылы, суға оқтай зулап, судың үстінгі қабатында жүзіп келе жатқан балықты қас қағым уақытта іле жөнелуі осы құстың **зымыран** деп аталуына да негіз болса керек: *зымыран – зымырау*.

Махамбет тілінде де аталмыш құстың *аса шапшаңдылығы, зымырауы* басшылыққа алынғаны аңғарылады. Жоғарыда көрсетілген өлең жолындағы «Аса шапқан құлаша ат» деген жағымды образ

негізінде ақын Исатай бейнесін сомдай келе, оның тез, зымырап өткен қысқа өмірін **зымыран** құсы арқылы танытып, қаза болғанын меңзеп тұрғандай.

Қазіргі тілде **зымыран** – ракетаның қазақша баламасы. Сонда **зымыран** (құс) және **зымыран** (ракета) коннотацияларының уәжі бір. Ол – «жылдамдық» семасы.

Зымыран лексемасы іспеттес **лашын, қарақұс, қалықпан, ақсұңқар, құмай, қыран, бүркіт, қызғыш құс, аққу, шағала** құс атауларының да Махамбет тілінде көрініс тапқан үстеме мағыналары көрсетіледі [5].

Сонымен қатар, ақынның ереуіл үстіндегі бар бітім-тұлғасын қазақ менталитеті үшін аса қадірлі текті құстар әулетімен салыстыра толғау үрдісі әрдайым қайталанып отырады.

Мен қарақұстан туған қалықпан,

Сөйлер сөзге жалықпан.

Көптер көзін тіккендей,

Көп соңыма түскендей,

Көптің несін алыппын?

Тыңда, халық, әлеумет,

Көп кісіден анықпын.

Қалықпан – ерекше жағдайда сирек туатын қыранның бірі. Аңыз бойынша қарақұстың жетінші не тоғызыншы ұрпағына сәйкес. Махамбет те өзінің мұндай іргелі қасиетке шешендік ой, ақындық тіл, ұшқыр ақылымен жете алатынына назар аударту арқылы метафора дәлдігін асыра түседі. Соңғы бес тармақтағы ой ешқандай әсіре бояусыз, риторикалық сұрау, қаратпа сөз интонациясы нәтижесінде реалистік нақтылыққа ойысады. Жеке ісімен ниетінің дұрыстығына сенім, қиялдағы күдік болжамы, диалогтық қатынасты елестету өлеңдегі аршындау, жан-жағына қарақтау, іштей сөйлесу, ашық пікір айту, өзіне-өзі сенімділік және оған басқа субъектілерді иландыру экспресsemалары – психологиялық драматизм кернеуіне лайықты мысал. Жорық падишаһы Махамбет адалдығы мен ақтығына шіркейдей күмен ұялатудан аулақ. Контрастылық ыңғай, шендестіре сөйлеу, тұлға мен жалпы қауым интенцияларын шартты түрде шарпыстыра ой тую тағы да әдепті айқындау мазмұнын тиянақтай түседі.

Махамбет жыралындағы ақынның айналасынан оқшау тұлғасын даралап көрсетуде «ақсұңқар» концептіне қатысты жолдар ерекше поэтикалық қуатпен биік әсерлерге бастайды. Мысалы:

Аспанда ұшқан ақсұңқар,

Қолымда тұйғын, лашын.

Қосылған жаста арудың

Көре алмай кеттім құлашын («Аспанда ұшқан ақсұңқар») – деп тұсауын кесетін толғауда «ақсұңқар» - қол жетпес арман кейпінде сағыныш, ынтызарлық әуендерімен ұштасып жатады.

Диалогтық қатынас сақталатын өлең құрылымындағы «ақсұңқар» концепті символикалық мағынасын өзге шығармаларда да жоғалтпайды.

Мен ақсұңқардан туған құмаймын,

Бір сұңқарға жұбаймын.

Суырыма қамшы тигізіп,

Шаппай геғып шыдайын?!

Түбін қазған мен – бәйтерек,

Толқуменен құлаймын.

«Мен қарақұстан туған қалықпан» формасындағы құрылымнан өзгешелік – мұнда кішіден ірілену орынан жоғарыдан сәл төмендеу, әйтсе де деғдарлық сымбатынан айрылмау әрі жақсылық ұғымының құндылық өрнегін ата-тек өлшемімен құлпырту мақсаты шығармашылық үдерісіндегі ырықсыздық заматын табиғи талант құдіретімен түрлендірген. Өмірдегі көрініс, жағдаят атаулыны әсерге бөлеп, шығандата суреттеу романтизм эстетикасы талаптарына әбден сай. Өлеңде психологиялық ыңғайдағы намыс категориясы поэтикалық астарлы бейне әрі риторикалық сұрау арқылы динамикалық серпін тапса, соңғы қос тармақтағы аллитерация және айқын метафора болмысы предикативті сипатымен дараланады. «Бәйтерек» жай бәйтерек емес, «түбін қазған» «бәйтерек», ол жай құламайды, «толқуменен құлайды». Қозғалыс суретінің шынайылығы эмотивтік ой-сезім қабаттарына эстетикалық ажар қосады. Әсер-түйсік іліктестігі заңдылығына сайсаңыз, осы жолдардағы эпитеттер Махамбет өмірін коннотативті жүйеде көп қырлы қалыппен бедерлейді. Фауна мен флорадағы егіздесу шағы соңғы мезетте мұнды кейіп алуы ақын тіршілігімен тағы бір жұп түйін құрайды. Сатылы, грациялы параллелизм үлгісіндегі сұлулық генотиптен алшақтамайтын қайсарлық, асқақтық, табандылық рухымен тұтасып жатыр [4].

Таудай болған талаптың

Назары қайтқан күн болған.

Жібектен бауы көрініп,

Ақсұңқар ұшқан күн болған.

Негізінен Исатай өлімін аза тұту рәсіміне беріліп, толғауда жоғарыдағыдай кереғар сезім тоғысулары кездеспейді, қайта бастан-аяқ түнеру, күйіну сағаттарына сәйкес біп текті ой ағымы, салыстырулар бедері белестеніп көрінеді. Киелі құс бейнесі Махамбет жырларында уақыт өте жеке

субъект болмысымен терең ұштасып тұтасу үрдісіне көшетіндей.

-Томағалы сұңқар мен едім,
Толғамалы найзамен
Толықсып жауға шапқанда,
Бір озғанмын жұртымнан.
Ер дұшпаны көп болар,
Қатын-дұшпан жігіттер
Не демес дейсің сыртымнан ?

Махамбет эпитеттері сұңқар тұлғасын тым еркін күйде бейнелемейді. Қалың тобырдың бірі емес, топжарған жүйрік сазгер арқылы батыр артық туған қасиетін жасырудан аулақ. «Көп кісіден анықпын» деп қана кішірейе қататын лирикалық кейіпкер енді қиялдағы көңіл жақпас көріністерге ашына, қыр көрсете сөйлейді. Махамбеттің жаулары алыста ғана емес, өз ішінде, қасында жүргені наразылық әсерін асқындыра түседі.

Лашын, ителгі, бүркіт, жапалақ, күшеген, қаршыға, қыран концептілері төңірегіндегі көркемдік бейне үзіктері Махамбет өлеңдерін тоты құстай түрлендіреді. Сұңқар ұғымының ақын автопортретін сомдаудағы эстетикалық тұжырымдамасы адамзаттың тәуелсіздік, азаттық рухы жолындағы қайтпас қайсарлық, ерлік, зәулім мұрат туралы поэтикалық түсініктерін толымды өрнектеген. Тарихқа біржақты баға беру, аруақтар сырын толық білмей жатып, талқыға салу-әр адамның арына жүк. Махамбет Өтемісұлының жорық көсемі әрі елдік пен ерліктің жыршысы, ұлы жырау екендігі анық.

Коннотативті сөздің ішкі формасында берілген бейне денотаттан алынып, сөйлеуші тарапынан берілген ойдың барынша нақты, ықшам, психологиялық жағынан әсерлі болуын қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, коннотаттық макрокомпонент сөздің мәнерлілігін, көркемділігін күшейту, айтар ойдың ерекше әсерлігін, эстетикалық жағын арттыру, объективті шындық дүниедегі затқа не құбылысқа субъективті көзқарасын білдіру мақсатымен қолданылатын мағына бөлшегі болып табылады. Махамбет поэзиясында қолданыс тапқан коннотаттық компонент мағынасына тең келетін сөздер көркем мәтін ішінде белгілі бір эстетикалық, стилистикалық жүк арқалап қана қоймай, белгілі бір ұлттың дүниетанымы мен мәдениеті, тарихы мен қоғамдық өмірі, болмысы мен эстетикалық талғамы жөнінен мол мағлұмат бере алатын мәдени коннотациялар да болып табылады. Махамбет тілінде әр түрлі семантикалық деривация процесінің нәтижесін көрсететін сөздер молынан кездеседі. Олардың бірқатары жекелеген семалардың мәнмәтін негізінде жүзеге асуын көрсетсе, енді бірі тілдік (интралингвистикалық) және тілдік емес (экстралингвистикалық) факторларға байланысты өзгеріске ұшыраған сөз мағынасының көрінісін танытады [4].

Астарлы мәтін (подтекст) кез келген көркем шығарма аясынан табылып, шығарма идеясымен, негізгі айтылмақ оймен ұштасып жататыны белгілі. Бұл тұрғыда Махамбет өлеңдеріндегі астарлы ойдың өрбіп, ұласуына көркем мәтін ішіндегі коннотаттық компонент мағынасына тең келетін сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуы ұтымды да әсерлі болып келетіні айқын көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Н. Келімбетов Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы. Автореферат. Алматы. 2002.
2. Т. Медетбек. Баба дәстүрдің мұрагері кім? Алматы: Өлке, 2001 ж. - 247б.
3. Қ. Өмірәлиев. XY-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы: Ғылым. 1976 ж. 270б.
4. М. Қаратаев. Дәстүр және жаңашылдық, I кітап, Алматы. 1980. 366 б. Ғылым.
5. А.А. Хабиева. Тарихи лексиканың мазмұндық құрылымындағы коннотаттық компоненттер (Махамбет шығармашылығы негізінде). Автореферат. Алматы: 2007 ж.
6. Русско-казахский словарь – Алматы: Дайк-Пресс, 2005 – 1152 с.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы – Алматы, 2005 – 513 б.
8. Раушанов Е. Зымыран деген бір құс бар // Жас қазақ, 2005, 22 сәуір.

УДК 94 (574)

ОБ АК-ОРДЕ КАК ПРЕДПОСЫЛКЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Кусаинов Г.Б. - старший преподаватель кафедры Истории Казахстана, Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова

В статье рассматриваются процессы этнополитической истории Ак-Орды и её значения для образования Казахского ханства. Авторы 2-го тома «Истории Казахстана» в пяти томах пришли к выводу, что Ак-Орда в сущности была казахским государством. Казахское ханство было основано потомками легендарного Урус-хана, которые не упустили историческую возможность возрождения государственности, заложенной в бытность государства Ак-Орда.

Ключевые слова: Ак-Орда, Улуг-Улус, Керей, Жанибек, Казахское ханство.

В год празднования 550-летия образования Казахского ханства, историческая наука вносит свой весомый вклад в дело объективного и всестороннего освещения процесса развития казахской государственности и образования казахского народа. С учётом исторических сведений о родах и племенах на территории Казахстана, а также о Казахском ханстве собственно из казахских (Мирза Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди»), иранских, китайских, среднеазиатских, русских источников на сегодня сформировано устойчивое представление о непрерывности и преемственности этно-политического и социального-экономического процессов на территории Казахстана. Венцом всех этих процессов стало образование в 1465-1466 годах Казахского ханства, созданное умом и волей отцов-основателей, ханами Кереем и Жанибеком.

Процесс сложения единой централизованной государственности и образования народа на территории Казахстана преимущественно был нарушен завоевательными походами Чингис-хана и его потомков. Казахская степь в период кыпчакского великодержавия стояла в преддверии образования единого народа и государственности. Монгольское завоевание отбросило этот процесс на двести лет, но основа казахской государственности тем не менее была заложена в недрах Золотой Орды (Улуг Улуса), тогда, когда по преимуществу автохтонные родственные тюркские племена, искони проживавшие в этих пределах, объединились в казахских степях и создали государство Ак-Орда. Это государство в период правления ханов Ерзена и Мубарака (1320-1344 г.г.) практически стало самостоятельным государством. Мубарак-хан в Сыгнаке от своего имени выпускал монеты, что говорит о политической и экономической независимости. Ещё в бытность начала Ак-Орды при старшем сыне Джучи-хана Орда-Еджене приводятся сведения об известной самостоятельности и даже независимости его владения от верховной власти Золотой Орды: «Источники и исследователи отмечают, что улус Орда-Еджена в соответствии с государственным устройством Монгольской империи (Еке Монгол улус), с самого начала считался старшим по отношению к улусу Бату. Свидетельства Рашид ад-дина говорят о том, что Орда и Бату и их потомки (уруки) «являются независимыми государями своего улуса». В ярлыках Мункэ-кагана, из Каракорума, посылавшихся в западные улусы, впереди ставилось имя Орды, а затем Бату. Неоднократно отметил самостоятельность владений двух ханов исследователь исторической географии Золотой Орды В.Л.Егоров: «Улус Джучи разделился на два крыла, что фактически соответствовало двум государственным образованиям» [1, с.114]. При этом необходимо отметить то обстоятельство, что в результате победоносных завоевательных походов улус Бату стал фактически могущественнее. Вследствие этого определилась зависимость и своих родичей-джучидов. Рашид ад-дин отметил, что у потомков Орду «был такой обычай, что они признают царями и правителями своими преемников Бату и имя их пишут на ярлыках своих сверху» [2, с.114]. Тем не менее эта зависимость в XIII веке улуса потомков Орды от правящих потомков Бату-хана была формальной. «Оба владения, по сути дела, представляли собой самостоятельные государства с разным кругом внешнеполитических и экономических интересов», - пишет В.Л.Егоров [3, с.114]. Особенно Ак-Орда в качестве независимого самостоятельного государства заявила о себе в период правления Урус-хана (1368-1377 г.г.). В 1368-1369 г.г. он в Сыгнаке печатал свои собственные монеты, а в период между 1374-1375 годами кратковременно занимал трон Золотой Орды. Последний хан Ак-Орды внук Урус-хана Барак-хан погиб в результате заговора от рук могулов от некоего Султана Махмуд-оглана в 1429 году.

В этой связи академик М.К.Козыбаев говорил о необходимости изменить концептуальные подходы к Белой Орде (Ак-Орда) (в русских летописях Синяя Орда), выделившейся из состава Улуг Улуса, т.е. Золотой Орды: «Во-первых, Джучи с самого начала стремился сделать свой улус самостийным государством. Во-вторых, под Ак-Ордой (XIV-XV в.в.) источники понимали огромную территорию именно казахских степей от бассейна Сырдарьи до Алтая и от Южного Приуралья до Семиречья. В-третьих, она была населена тюркоязычными племенами, искони населявшими эти земли, входившими в состав кыпчакского объединения, а также племенами, влившимися во время завоевания монголов из восточных и юго-восточных районов Казахстана и Алтая. Они-то и сформировали этнический состав казахского народа. Ак-Орда в сущности была казахским государством» [4, с.18].

И то обстоятельство, что на историческом перепутье именно правнукам могущественного правителя Ак-Орды Керей и Жанибеку довелось стать создателями казахской государственности и единого этноса казахов, является закономерным итогом всех предыдущих исторических эпох. По утверждению автора исторического произведения «Чингиз-наме» Утемиша Хаджи, основателем династии казахских ханов признаётся Урус-хан (1368-1377) – потомок Джучи [5, с.52]. Потомки Урус-хана Керей и Жанибек, будучи правителями родов и племён Дешт-и-Кыпчака, близких по языку, хозяйственной деятельности, культуре, обычаям и традициям родам и племенам Юго-Восточного Казахстана, в историческом понимании не столько откочевали, как сколько объявили о своей независимости, а ещё точнее самоопределились. Начатое Урус-ханом становление Казахского ханства тем самым было завершено его правнуками в течение столетия.

В период ослабления Ак-Орды и Золотой Орды в конце XIV первой половине XV в.в. на исторической арене появляются Ногайская Орда (Мангытский Йюрт) и государство Абулхаира (государство кочевых узбеков), которые в междоусобных войнах и борьбе за власть, исчерпав свой государственно-политический и социально-экономический потенциал, вынуждены были уступить место более жизнеспособному и могущественному государственному образованию – Казахскому ханству. Хотя безусловно и Ногайская Орда, и, государство Абулхаира в конкретно-исторических периодах своего развития были достаточно могущественны и обладали властью на обширных пространствах Дешт-и-Кыпчака.

Необходимо отметить, что в XIV первой половине XV в.в., в период Ак-Орды, Государства кочевых узбеков, на территории Казахстана стабилизировался этнический состав племён, унифицировались культурно-бытовые особенности многочисленных тюркских и монгольских племён, сформировалась общая этническая антропология разных племенных объединений. По своей сути, этнический состав Ак-Орды, Государства кочевых узбеков, Ногайской Орды был идентичным, известный по письменным источникам того периода под собирательным этнополитическим термином «узбек»: аргыны, кыпчаки, киреиты, конграты, уйсун, найманы, мангыты, канглы, алшины, карлуки, кияты, кенегесы, курлауты и многие другие.

В рамках упомянутых государств процессы этнополитического развития были во многом общими для узбеков, ногайцев, каракалпак, сибирских татар, казахов. Эти народы формировались в эпоху позднего средневековья практически одновременно, формирование их происходило не изолированно, а в тесных контактах этнических групп, в политических связях государственных объединений, хозяйственном и культурном взаимообщении населения.

Государство Ак-Орда несомненно внесло существенный вклад в этническое и культурное единство на всей подвластной территории, в которой были объединены многочисленные тюркские роды и племена, а возникшие на её культурно-исторической основе Ногайская Орда и Государство кочевых узбеков сохранили в своей исторической памяти преемственность традициям предков. Тем более ещё сохраняли своё влияние в отдельных улусах и аймаках прямые и косвенные потомки акордынских правителей-чингизидов, а наиболее известные из них были Керей и Жанибек. Они помнили былое славное историческое прошлое и наперекор историческому забвению избрали путь восстановления государственности на новой кочевой традиции – института казакования. Отсюда закономерно и название избранной государственности – Казахского ханства (Қазақ хандығы).

Не случайно в ознаменование исторической преемственности и нерушимой связи поколений, главная государственная резиденция главы государства, президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. носит гордое исторически оправданное название Ак-Орда.

Литература:

1. История Казахстана. В пяти томах, т.2., Алматы, 2., 1997, с.114.
2. История Казахстана. В пяти томах, т.2., Алматы, 2., 1997, с.114.
3. История Казахстана. В пяти томах, т.2., Алматы, 2., 1997, с.114.
4. Козыбаев М.К. Избранные труды. Алматы, «Ғылым», 2006, с.18.
5. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Алма-Ата, 1992, с.52.

ӨОЖ:81.271.2

ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қабатаева К.Т. – ф.ғ.к., профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Мақалада заманауи әдістемедегі мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар өзгетілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелері жайында сөз етіледі.

Негізгі ұғымдар: лексикалық минимум, белсенді сөздік қор, тілдік коммуникация, кәсіби-жағдаяттық жаттығулар, жағдаяттық сұхбаттар, іскерлік ойындар.

Мемлекеттік тіл мәселесі - өте маңызды, мемлекеттік мәні бар мәселе. Осы орайда мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын одан әрі кеңейту және мәртебесін көтеру мәселесін барлық жерде кеңінен қолға алып, тікелей ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу қажеттігін тұрақты күн тәртібіне қою керек. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола

келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Бүгінгі қоғам оқытушының біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр, өйткені қазіргі күні ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде.

«Тіл қарым-қатынас құралы. Сондықтан оған тән белгілерді сөйлем шекарасынан шығып, тыңдаушы, сөйлеуші жағдай, стиль сияқты уәждемелерді қамти отырып, анықтауға болады» (1,24).

Тіл үйрену тәжірибесінде лексикалық минимумдарды қатар үйрену міндетті түрде ұштасып отырады. Лексикалық минимум сөздік қордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздік қордың қалыптасуына ықпал етеді. Лексикалық минимум қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер) минимальды сөздер мен сөз тіркестерінің жиынын қамтиды. Минимум қазақ тілін өз бетінше үйренуге және қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Минимум тілді үйренудің әлемдік және еуропалық стандарттарының принциптеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған.

Лексикалық бірліктерді таңдаудың мақсаты қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білудегі қолданылатын белсенді сөздік қорын сараптау мен оларды жүйелеу. Осыған орай тілді үйренуші азаматтар үшін тіл үйренуде өз ойын пайымдап, оны айта біліп, сөздер мен сөз тіркестерді тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолдану саласына қарай топтастыра білуі, сонымен қатар тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алуы сияқты талаптар анықталады.

Әрбір деңгейдің лексикалық минимумы келесі принциптерге негізделген: Жүйелілік, сабақтастық, дамытушы, коммуникация, нәтижелілік.

Жүйелі құрастырылған лексикалық минимум тіл үйренушіге қазақ тілінің сөздері мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалану, әртүрлі жағдаяттарда тілдесу тақырыбына байланысты лексикалық бірліктерді дұрыс пайдалану қабілеттерін қалыптастыруына ықпал етеді. Минимумдар лексикалық сатылар негізінде құрастырылған және мағыналары және тақырыптары бойынша топтарға бөлінген. Барлық сатылардың мазмұны белгілі бір реттілікпен бірін-бірімен жүйелі байланыстырылған. Бірінші саты үш сөз табымен көрсетілген. Олар: зат есім, сын есім, етістік. Екінші саты – бұл сан есімдер, есімдіктер, үстеулер. Үшінші саты – жалғаулықтар, одағайлар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері бөлек көрсетілген және олардың орысша, ағылшынша баламалары берілген. Лексикалық бірліктерді сөз таптары бойынша бөліктермен бөліп беру сөздерді сөйлемдерде пайдалануды жеңілдетеді, себебі әрбір сөз табы сөйлемде белгілі бір қызмет атқарады. Тілді тиімді үйрену үшін әрбір сөз табының сөздер жиыны мағыналық топтар мен бөліктерге бөлініп берілді. Бөліктер мағынасы бойынша бірін-бірімен тығыз байланысты сөздерден тұрады.

Қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы тіл үйренудің бірінші сатысы болып табылады. Бұл деңгейдің сөздері күнделікті өмірдегі жағдаяттарға негізделеді. Тіл үйренуші күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік материалдарды меңгеруі қажет.

Базалық деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесу жағдаяттарына және қоршаған өмірге байланысты сөйлеу коммуникациясында пайдаланылатын сөздерді дұрыс қолдануды талап етеді.

Орта деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесім жағдаяттары мен қоршаған өмірге сәйкес тақырыптардың стилистикалық бірліктерін әдеби нормаларға сәйкес дұрыс қолдануды үйренуге бағытталған.

Ортадан жоғары деңгейдің лексикалық минимумы әртүрлі сөйлесім жағдаяттары мен әлеуметтік өмірден алынған белсенді сөздер мен сөз тіркестерін әдеби стиль бойынша дұрыс пайдалануына көмегін тигізеді.

Жоғары деңгейдегі лексикалық минимум өмірдің әртүрлі әлеуметтік салаларына байланысты лексикалық бірліктерді еркін меңгеруге және лексикалық бірліктерді әдеби, ғылыми және кәсіби стильде пайдалануға бағытталған» [2,11].

Жастар ұлттың болашағы, қоғамның әлеуметтік байлығы, біз олардың адамзаттық жоғары парасаттылығын, ақылдылық пен білімділігін, адамгершілік негізін қалыптастыра білуіміз керек.

Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығы жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек.

«Қазақстан - 2050» ұзақмерзімді даму стратегиясына болашақ ұрпаққа білім берудің біздің қоғамымыздағы айқын басымдықтардың бірі екендігі аталып, білім беруді сапалы жүзеге асыру ел болашағы үшін маңызды фактор ретінде тұжырымдалған болатын. Әсіресе жоғары білім беру жүйесі біздің елімізде жаңа өндіріс және ғылым салалары бойынша білікті мамандар даярлау ісін қамтамасыз етуі тиіс.

Шоғырландыру, біртұтас ақпараттық, экономикалық кеңістік құру бағыттарының жүргізіле бастағанына байланысты қазіргі кезеңде барлық мемлекет білім беру мәселесіне айрықша назар аударып отыр. Өйткені қазіргі заманның талабы бойынша жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау – қай мемлекетте болмасын білім беру технологияларының жоғары дәрежеде жетілгендігінің көрсеткіші.

Гуманитарлық ғылым салаларында 1960 жылдардан бастап «педагогикалық технология» деген термин қолданыла бастағаны белгілі. Жаңа ұғымның ілгері шығарылуына негіз болған басты себеп – ғылыми-техникалық үдеріс жағдайында білім беруді сапалық жағынан жаңа деңгейге көтеру. Дей тұрсақ та бүгінгі таңда педагогикалық технология ұйымдастыру нысандарының немесе оқытудың қандай да бір құралдарын қолданудың әдістемелік тәсілдерінің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар бұл ұғым-түсінік білім беруді дамыту ұстанымдарын анықтау, оны оңтайландырудың тәсілдерін іздестіру, оқу-әдістемелік материалдардың және оқытудың техникалық құралдарының жаңа үлгілерін жасау, тың әдістемелік әдіс-тәсілдерді қолдану мақсаттарында жүргізілетін ғылыми зерттеулерге де қатысты.

Технология (грек тілінде – «techné» - «өнер, шеберлік, білік» дегенді білдіреді) деген терминнің жалпы әрі негізгі анықтамасы, арнаулы және лексиколографиялық еңбектерде көрсетілетіндей, шикізатты, материалдарды алудың, өңдеудің және қайта өңдеудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы екендігі мәлім. Осы анықтама мағыналық жағынан кеңейе түсіп, оқытудың технологиясы деген мағынаға ұласып, «оқыту үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыру бойынша басты мақсаттарға қол жеткізуді және іс-қимылдың сабақтастығын көздейтін іс-шаралар жүйесі» түріндегі тың терминдік сапаға ие болды. Аталған іс-шаралар жүйесі төмендегідей межелер арқылы сипатталады:

- оқытудың мақсаттары нақты және оқытудың белгілі бір өлшемдері болуы тиіс;
- оқыту технологиясы бойынша атқарылатын іс-қимыл өнімді шығармашылық сипатта болуы қажет (оқыту технологиясын ендірудің мүмкіндігінің жоғары болуы, басқа мамандар жүргізілетін іс-қимылдың әдіс-тәсілдерін шапшаң меңгеріп, оларды табысты пайдалануы);
- атқарылатын іс-қимыл мақсатқа қол жеткізуге бағытталған аяқталатын үдеріс түрінде болуы тиіс;
- оқытушы-педагогтің субъективті көзқарасы барынша байқалмайтындай дәрежеде болуы қажет.

Тәжірибе дәлелденгендей, қазіргі кезеңде білім мен біліктің, дағды мен білімнің қарапайым жиынтығы жеткіліксіз, сондықтан оқыту барысында білім алушының ақпаратты өз бетінше, дербес алуы, оған талдау жасауы, бір жүйеге түсіріп, өзінің қабілеттерін танытуы үшін қоғамда және өз қызметінде тиімді пайдалана білуі сияқты білік-дағдыларын қалыптастыру аса маңызды болып отыр. Бұл мәселе білім алушының құзырет, құзыреттілігі деген маңызды ұғымдарға барып тіреледі.

Кәсіби білікті мамандарды мемлекеттік тілде дайындаудың алғы шарты – жоғары оқу орнында оқып жүрген студенттер өз мамандықтары салаларындағы ғылыми терминологияны толық игеруі тиіс. Егер студент жоғары оқу орнында мамандық негіздерін ғылыми тұрғыда меңгермесе, онда нағыз біліктілік деңгейіне жете алмайды. Бұл – қазіргі өмір шындығы.

Тілдерді толық игергенде ғана жас маман күнкөрісіне қажетті еңбекке орналаса алады және өз мамандығы бойынша кәсіби толысуға, кемелденуге мүмкіндік алады. Кәсіби қалыптасуын жетілдіреді, дамытады, тереңдетеді. Жоғары оқу орындарындағы техникалық, экономикалық т.б. мамандықтар бөлімдері студенттері үшін кәсіби-ғылыми терминдер жүйесі ұсынылады. Осыдан келіп мемлекеттік тілдің негізінде мамандарды дайындайтын ғылыми тіл қалыптасады.

Ғылыми ойлау – ғылыми тіл жүйесіндегі терминдерді керек етеді. Сондықтан ғылыми тілді игерудің шынар биігі - ғылыми ойлауды дамыту. Бұны ескермеген маманның сөйлеу тілі қалыптаспаған, түсініксіз, сөйлемдерді шұбалаңқы, тұжырымдары күңгірт келетіні ақиқат. Ғылыми тілді үйрену – ғылыми ойды дамыту, ғылыми ойды ана тілінде қалыптастыру болашақ маманнан шеберлікті қажет етеді. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандығын ескере отырып, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудағы әдіснаманы дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі студенттердің болашақ мамандығымен де байланысты екендігін көрсетеді. ЖОО-ны бітірген жас маман еліміздің өндірісі мен экономикасын ілгері дамытатын кәсіпкер. Оның алдыңғы қатарлы маман болуы өз елінің мемлекеттік тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасады.

Осыған орай кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби бағдарлық дегеніміз – оқыту үрдісінде болашақ маманды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай туғызу, студенттің мамандығына сәйкес оқыту, мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды игерту.

Ғалым Ф. Оразбаева: «Тілдік қатынас – жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді»[3,8] -дейді. Берілген анықтама бойынша тілдік қатынас – тек сөйлеу тілі арқылы тілдесу ғана емес, сондай-ақ, ол жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет ететін, оны қоғамның өзі тудырған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту болса, оның кешенді тармағы – тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін мемлекеттік тілді жетік меңгерген кәсіби мамандар даярлау болып табылады. Мамандандырылған жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту- студенттердің тілді болашақ кәсіптік қызмет бабында және жеке қарым-қатынасында қолдана алатындай іскерлік пен дағдыларды игерту Әсіресе ,студенттердің кәсіби сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде мақсатын көздейді.

Олардың мамандық бойынша білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі. Мәтіндермен жұмыс барысында студенттер болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Әдіскер ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, Ф.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды.... Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді»[4,28]- деп атап өтеді. Тіл үйренушілендің кәсіби сөйлеу тілін мәтін арқылы дамыту жұмыстары сабақтардың бастапқы кезеңінен жүзеге асырылады. Кәсіби бағдарлы оқыту барысында ең алдымен, студенттердің кәсіби мамандықтары ескеріліп, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, негізгі ұғымдар мен терминдерге, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа қатысты оқытылатын арнайы пәндермен тығыз байланысты болып келеді. Бұл орайда құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерімен қатар, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, қорытындылау, жинақтау көзделеді.

Студенттердің кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуды қамтамасыз ететін мәтін түрлеріне баяндама, талқылау, әңгіме, пікірлесу, хабарлама, сұрастыру, сұхбат жатады. Басты мақсатымыз - болашақ мамандыққа байланысты сөздерді қазақ тілінде үйретіп, кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби лексиканы мәтіннен таба білу, оны мәтіннен тыс жағдайда орынды қолдану – олардың іскер, жан-жақты дамыған, өз мамандығын жетік меңгерген терең білімді маман тәрбиелеу болып табылады. Қазақ тілінен берілетін әрбір сабақтың тәрбиелік, танымдық жағына баса мән беріп, оның болашақ мамандығының өмірдегі қажеттілігін саналы түрде түсінуіне мүмкіндік туғызу қажет.

Тіл үйрету сабақтарының бастапқы кезеңдерінде мәтіндердің берілу қағидаттары қарапайымнан күрделіге қарай алмасу заңдылықтарына негізделеді. Кәсіби бағдар барысында оқыту мәселелеріндегі мәтін таңдау ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, мұнда ең алдымен тіл үйренушінің кәсіби мамандығы ескеріле отырып, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, негізгі ұғымдар мен терминдерге көңіл аударылып, олардың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударту жұмыстары жүргізіледі. Бұдан кейінгі кезекте, әдетте студенттер берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, кәсіби бағытта мәтін құрастырады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа байланысты оқытылатын арнайы пәндермен тікелей ұштастыра алынады. Себебі кез-келген мамандық иесі өзі таңдаған кәсібінің қыр-сырын жетік меңгеруге мүдделі және өз ойын кәсіби сөйлеу тілінде жеткізуге ұмтылуы оның мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру мәселесіне келіп тіреледі.

Оқыту барысында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте студенттерге кәсіби танымдық мазмұндағы құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз тіркестері мен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерін орындаумен бірге, мәтіннен қажетті нақты ақпаратты табу көзделеді. Тілді оқытуда мәтіннің қатысым әрекетіндегі маңыздылығына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленеді.

Әр студенттің мамандығына қатысты лексиканы меңгеруіндегі негізгі шарт – сөздік қорының мол болуы. Өйткені, сөздік қоры жеткілікті студент тілде жаңа туынды сөздер мен жаңа мағыналы сөздерді жасап, тілдесуде кеңінен қолдана алады. Тілдесімнің кәсіби бағдарлық, тақырыптық, шығармашылық түрлері студенттің сөз байлығын арттырып, толықтырады. Тақырыптық лексиканы үйретуде оны күнделікті өмірде қолданылуының жеңіл болуын, мамандыққа қатысты ұғымына мағынасының сай келуін, оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алуынуын, мағыналық ерекшеліктерінің ескерілуін, сөздердің тәрбиелік ұғымға сәйкестілігін ескерген жөн. Осындай ерекшеліктерді ескерген

жағдайда ғана студенттің мамандық саласына байланысты тілдесуі өз дәрежесінде дамиды.

Оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кәсіби бағытта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы студенттердің сөздік қорларын байытып, кәсіби сөйлеу тілдерін дамытуға болады. Тиімді жұмыс барысында студенттердің өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, мамандықтары бойынша білімдері толығымен түсері сөзсіз.

Тілді мамандыққа қатысты оқытудың ұтымды жақтары мыналар:

- студенттер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады;
- кәсібіне байланысты жинаған сөздік қорды жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысы қалыптасады;
- қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түседі;
- қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде студенттер білімдерін молайтады;
- күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тұлғаларды меңгеріп, мамандыққа қатысты ойларын жазуды үйренеді;
- болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын саналы сезінуіне мүмкіндік туады.

Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осыған орай, Елбасымыз айтқандай: «көпұлтты және көптілді мемлекетіміздің достығы мен татулығы сізбен біздің зор еңбегіміз... Тілдерді дамытуда алға қойылған мақсаттарымыз бойынша 2017 жылы қазақ тілін меңгерген саны 80 пайызға, ал 2020 жылға қарай 95 пайызға жетуі тиіс. Үш тілді меңгеру – қазіргі заман талабы болып табылады» делінген [5].

Әдебиеттер:

1. О. Төлегенов "Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модельді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. Алматы; Мектеп, 2002. 178-б.
2. Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова «Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері», Алматы, 2001
3. Ф.Ш.Оразбаева «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі», Алматы, 2000.207-б
4. Ф.Ш.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникация негіздері, Алматы, РБК, 1995
5. 2012 жылғы 14-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің ""Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Жолдауы

УДК 811.512.141

М.А. КУЛАЕВ – АВТОР ПЕРВОГО НАЦИОНАЛЬНОГО БАШКИРСКОГО АЛФАВИТА

Латыпова Р. М. - к.ф.н., доцент, Сибайский институт (филиал) Башкирского государственного университета, г. Сибай, Республика Башкортостан

Булякова Г. М. - к.ф.н., доцент, Сибайский институт (филиал) Башкирского государственного университета, г. Сибай, Республика Башкортостан

В статье рассматриваются первые башкирские азбуки, составленные видным башкирским ученым М.А. Кулаевым. Используя описательный и сравнительный методы, дается краткий лингвистический анализ лексической, фонетической и морфологической структур данных источников. Отмечается влияние их на развитие башкирской письменности на основе русской графики и выработку языковых норм башкирского литературного языка.

Ключевые слова: история языка; письменность; азбука; башкирский язык; разговорный язык; лексика; литературный язык.

История формирования башкирского литературного языка, его письменности – одна из важных проблем башкирского языкознания. До появления современного башкирского литературного языка функции официального письменного языка с XII века до второй половины XIX века выполнял старотюркский язык, а в конце XIX – начале XX веков функционировал татарский письменный язык, близкий по лексико-грамматическим признакам к старотюркскому. Они были основаны на арабской графике и не отразили специфические фонетические особенности башкирского языка. Задолго до Октябрьской революции уже делались неоднократные попытки создать письменность на основе живой разговорной речи башкир. Они велись по нескольким направлениям: 1) приспособление существовавшей арабской графики к башкирскому языку; 2) попытка создания башкирской

письменности на основе русской графики.

Русские миссионеры и передовая башкирская интеллигенция с использованием русской графики создавали буквари и азбуки по башкирскому языку (В.В. Катаринский, А.Г. Бессонов, Н.Р. Катанов, М.А. Кулаев), появились книги для чтения, словари, записывались фольклорные образцы (Н.И. Ильминский, И. Покровский, А.Г. Бессонов, М.В. Лоссиевский, М.А. Куватов, С.Г. Рыбаков), также переводилась православная литература.

Доктор филологических наук, академик АН РБ З.Г. Ураксин отмечает: «Особенность этих трудов и в то же время ценность состоит в том, что тексты эти написаны преимущественно на башкирском разговорном языке, без каких-либо примесей письменного языка «тюрки», обслуживавшего в то время башкир» [11, с.115]. Поэтому изучение этих текстов дает ценный фактический материал по истории башкирского литературного языка, играет важную роль в воссоздании его общего состояния.

Автором первого национального башкирского алфавита является видный башкирский просветитель, ученый-филолог, врач по профессии Мстислав Александрович (Мухаметхан Сахипкиреевич) Кулаев (1873–1959). Развитие образования он усматривал в приобщении башкир к русской, а через нее – к европейской культуре: «Основная культура нашей страны создается и проводится на русском языке: на нем издаются законы, печатаются центральные органы, разрабатываются научные системы и т.д. Поэтому нацмены, вступив на путь культурной жизни, могут идти вперед не иначе, как используя русские культурные достижения» [2, с.105].

Будучи еще студентом медицинского факультета Казанского университета (1896–1902 гг.), М.А. Кулаев интересовался башкирским языком. Он побывал во многих районах восточного региона современного Башкортостана, где собирал башкирские песни, сказки, изречения, пословицы, поговорки, легенды. Все записи производились на башкирском языке и переводились на русский язык [11, с.115].

В Российском государстве всегда было актуальным привлечение труда осужденных, особенно за последнее десятилетие с экономическими и научно-техническими изменениями в лесном секторе привлечение высококвалифицированного труда осужденных стало более востребованным. Требование сегодняшнего дня ставит задачу соответствующей профессиональной подготовки осужденных исправительных учреждений лесного комплекса, но не как личностей ориентируемых на потребление лесного богатства, а на формирование ценностных ориентаций осужденных, на сохранение природных ресурсов.

Выполнение мероприятий по развитию производства, размещению государственных заказов в исправительных учреждениях уголовно-исполнительной системы и привлечению средств региональных бюджетов позволяет не только формировать новый профессиональный ресурс среди осуж-

денных, но и обеспечит наличие средств на модернизацию учреждений исполнительной системы.

В 2014 году фактически учреждениями получено товарной продукции, выполнено работ, оказано услуг на общую сумму 3 млрд. 691 млн. 276 тыс. рублей, что на 267 млн. рублей или на 7,8 % больше установленного плана.

К уровню 2013 года объемы производства промышленных учреждений увеличены в 1,1 раза, или на 194 млн. рублей.

В учреждениях лесопромышленного комплекса задание по производству продукции, работ, услуг выполнено на сумму 1 млрд. 341 млн. 719 тыс. рублей.

Освоен выпуск 75 новых видов продукции при годовом задании – 66 изделий (2013 год – 72 изделия), трудоиспользование на данных видах продукции составило 940 осужденных (2013 год – 911 человек) или 7,8 % от общего количества трудоустроенных осужденных по ГУФСИН.

Экономический эффект от внедрения новых видов продукции за 12 месяцев 2014 года по оперативным данным составил 8 млн. 700 тыс. руб.

Вывод осужденных на оплачиваемые работы по ГУФСИН в 2014 году составил 10 003 человек или 53,9 %.

Развитие высококвалифицированных кадров среди осужденных несет в себе, помимо социального, значительный экономический потенциал. Производственный сектор ГУФСИН России по Свердловской области представляют центры трудовой адаптации осужденных, в 2014 году произведенная товарная продукция которых составляет 1 млрд. 521 млн. 725,4 тысячи рублей, в том числе 281,5 млн. руб. производство учреждений лесного сектора. В сравнении с 2013 годом наблюдается рост производства лесной продукции на 30,3 млн. руб. (по состоянию на 2013 год - 251,3 млн. руб. товарной продукции), что связано с началом переоснащения производственных мощностей высокотехнологичным оборудованием лесного комплекса.

Обращение к проблеме профессионального образования осужденных в современном российском обществе – показатель общей гуманизации и демократизации различных сфер жизнедеятельности людей. Изменяется отношение к осужденным со стороны общества и государства, формируется понимание того, что исправительная система это не отбрасывание личности от общества, а временная изоляция и помощь в возвращении к полноценной ресоциализации в обществе. Изучение проблемы привлечения труда осужденных в лесной отрасли в полной мере можно отнести к комплексным исследованиям, так как оно затрагивает целый ряд аспектов: экономических, правовых, социальных, педагогических, экологических и др. В настоящее время одним из актуальных аспектов становится взаимосвязь кадрового развития лесной отрасли с высококвалифицированным трудом осужденных, что выявляет необходимость координации усилий со средним и высшим профессиональным образованием.

В настоящее время ценностные ориентации осужденных к лишению свободы изучены недостаточно, особенно в контексте происходящих социально-политических преобразований в обществе и реформирования уголовно-исполнительной системы. Практически не изучен вопрос экологических ценностных ориентаций личности в ходе реализации наказания в виде лишения свободы, обучение профессиональным знаниям с экологической направленностью у осужденных лесных исправительных учреждений Свердловской области средствами дистанционного высшего профессионального образования.

Усиление противоречий во взаимодействии общества и природы привело к выделению в середине XX века самостоятельного объекта исследования экологических ценностей. Изучается место экологических ценностей в системе ценностей личности и общества. Экологические ценности – это разновидность ценностей, относящихся к сфере взаимодействия человека и природы. Целью экологического образования становится не столько формирование экологических знаний, сколько развитие экологической культуры, экологического сознания, эколого-ориентированного мировоззрения [1]. В настоящее время существует незначительное количество работ в педагогике, социологии, психологии, освещающих проблему экологических ценностей (Н.Ф. Винокурова, Т.В. Иванова, Н.Н. Никитина, В.В. Николина, Т. Стоек)

Анализ научных трудов, позволяет сказать, что содержание психолого-педагогического образования для устойчивого развития определяется человеческими ценностями в социальных, экономических и экологических аспектах.

Проанализируем аспекты содержания экологических составляющих для категории осужденных в исправительных учреждениях лесного комплекса:

1) Социально составляющая экологических ценностей - профессиональное образование и профессиональная деятельность осужденных связанная с природой, предполагает социальную активность осужденного через реализацию его возможностей профессионального становления и развития личности, позволяющая ему адекватно содействовать научно-техническому и социальному процессу общества. Под социально-экологическими ценностями мы понимаем систему ориентиров лесопромышленной деятельности осужденного, направленную на гармоничное взаимодействие с окружающей средой, при этом считаем важным условием такой гармонизации соотношение

индивидуальных потребностей с требованиями окружающей природной и социальной среды.

2) Экономическая составляющая экологических ценностей – профессиональные ресурсы, лесное ресурсосбережение, лесовосстановление, рассчитанное на длительную перспективу устойчивого развития в управлении экономикой лесопользования лесных участков, закрепленных за исправительными колониями. Мы понимаем компонент природы как - предмет труда, объект преобразования обществом, приспособления природных сил к нуждам людей, источник средств производства [2].

3) Личностные экологические ценности;

а) природа - источник познания осужденным закономерностей окружающего мира,

б) природа — условие нравственного развития осужденного,

в) Для осужденного природа несет в себе духовно воспитательную ценность как творение Божие.

г) природа – вдохновитель к творчеству и ремеслу осужденного с природными материалами.

Опираясь на концепцию устойчивого развития в вышеуказанных аспектах, мы рассматриваем систему высшего профессионального образования как согласованную с устойчивым развитием лесных территорий. Система профессионального образования в контексте устойчивого развития базируется на экологических ценностях носителей процессов развития, к числу которых мы безусловно относим и такую сложную социальную категорию как осужденные в колониях лесного комплекса. В нашем случае категория осужденных рассматривается через развитие высшего профессионального образования как кадровый потенциал лесных территорий с дислокацией исправительных учреждений.

Исходя из практики работы в ГУФСИН России по Свердловской области как одного из показательных регионов Урала в развитии лесной отрасли, можно констатировать факт недостатка высококвалифицированных специалистов из числа осужденных при существующем потенциале для получения осужденными новых специальностей.

Для анализа кадрового потенциала в получении новых видов профессиональной подготовки в рамках нашего исследования были опрошены осужденные 7 лесных исправительных колоний Свердловской области. В целом по области по состоянию на 01.09.2013г. в лесных учреждениях с особыми условиями хозяйственной деятельности насчитывается 9661 осужденных. Из них 3288 (34%) имеют среднее общее образование; 1359 (14%) - начальное профессиональное образование; 1250 (12,9%) - среднее профессиональное образование; 136 (1,4%) - высшее профессиональное образование.

Для восстановления, осужденными к лишению свободы, утраченного социального статуса, их подготовки к полноценной жизни на свободе, необходимо дать им профессиональное образование. Дополнение, внесенное в ст. 108 Уголовно-исполнительного кодекса РФ, юридически закрепило право получения осужденными среднего (полного) общего и высшего профессионального образования. С учетом имеющихся возможностей администрация исправительного учреждения оказывает содействие осужденным в получении высшего профессионального образования с применением дистанционных технологий [3].

Условиями успешности профессионально - образовательного процесса осужденных это

- переход профессионального образования в взаимосвязи с природосохраняющей направленностью к устойчивому развитию,

- усиление интеграционных процессов, проявляющихся во взаимосвязи, профессионального и экологического образования, и реализующихся на практике как через экологизацию существующих образовательных программ и образовательных стандартов, так и путем введения в учебные планы специальных предметов экологического содержания,

- объединение содержательной и процессуальной сторон экологического образования, которое обеспечивается единством теоретических и практических составляющих образовательного процесса на основе универсального подхода, определяющего его успешное функционирование.

Осужденные лесных исправительных учреждений более ближе связаны с природными ресурсами в своей производственной деятельности, (заготовка леса, деревообработка, производство товаров народного потребления из древесины, лесовосстановительные работы на отработанных лесных участках) Поэтому осужденных лесных исправительных колоний организован образовательный процесс с природосохраняющей направленностью, который будет способствовать их ресоциализации в законопослушное общество и реальной возможностью будущего трудоустройства в лесопромышленном комплексе Уральского региона.

Литература:

1.Моисеева Л.В. Теоретико-методологические основы экологической педагогики [Текст]// Успехи современного естествознания. – 2004. – № 7 – стр. 67-69.

2.Основные положения стратегии устойчивого развития России [Текст]/ Под редакцией А.М. Шелехова/. М., 2002. - 161 с.

3.Молчанов Н.А., Вербицкая Н.О. Высшее профессиональное образование осужденных в исправительных колониях лесной отрасли средствами дистанционных технологий [Электронный ресурс]//Современные проблемы науки и образования, № 2, 2014.

УДК 398:821.512.0

ИННОВАЦИОННО-БІЛІМ БЕРУДЕ “ҚОЗЫ КӨРПЕШ-БАЯН СҰЛУ” ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІН ОҚЫТУ

Мухатаева Қ. – ф.ғ.к., доцент, журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Түркі халықтарына ортақ асыл мұра-“Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” жыры мың жарым жыл тарихы бар танымал эпос. Қазақ эпосының шоқтығы болып саналатын бұл жыр – елге кең тараған әрі хатқа ерте түскен жәдігер. Бұл мақалада осылай әлемдік биіктен көрінген шығарманы зерттеуге өз үлестерін қосқан, ол турасында құнды еңбектер жазған қазақ қаламгерлері мен ғалымдарының еңбектері сөз болады. Сонымен қоса, белгілі фольклортанушылардың да пікірлері қарастырылған.

Негізгі ұғымдар: фольклор, эпос, ғашықтық жырлар, дастан, фольклортану, әдебиеттану.

Ұлттық фольклордың асыл маржаны “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” жырының қазақ даласында қашаннан ауызекі айтылып, “өлең” түрінде жырланып келгеніне қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов ең алғашқылардың бірі болып мән бере қараған. Ол бұл асыл мұраның сан алуан нұсқаларының ішінен Жанақ ақын жырлаған ең көркем нұсқасын жазып алған. Алайда ол мұның алғашқы нұсқаларының профессор Эрдман жариялауымен парсы тілінде жариялануы себепті оны өзінің оқи алмағанына өкініш білдіреді. Шоқан “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” жырының бізден тыс, көптеген Орта Азиялық татар, монғол руларында ертегі түрінде айтылатын атап өтеді. [1] Бізде бұл жырдың сан алуан поэзиялық нұсқалары үзбей-салыстырыла зерттеліп ғылыми өз бағасын алып келді. Осы орайда зерттеуші-ғалым Ы.Т. Дүйсенбаев еңбектерін бөліп атаған жөн. Айталық, ұлы ғалым Мұхтар Әуезов “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” жырының сол кездегі белгілі болған 16 нұсқасының мән-жайын баяндай келіп, орыс зерттеушілерінен тыс, бұл асыл мұраны жариялап, аударып, зерттеуде Ы.Т. Дүйсенбаевтың жырдың зерттелуіне теңдесі жоқ игі жұмыстар атқарғанын атап көрсетіп, оның ертелі-соңды бар варианттарын түгел тізіп, толық талдап, шолып өткенін елеулі үлес тұрғысында баяндайды. [2]

Сөйтіп, Ы.Т. Дүйсенбаев асыл мұраның мазмұндық, көркемдік шешімінің әр алуан болып келетініне орай, сол алуан-алуан нұсқаларды өзара салыстырып, оның өзге ел үлгілерімен бірліктерін де ашып қарастыруды ғылым алдына міндет етіп қояды.

Ы.Т. Дүйсенбаев сонымен қатар, 1959 жылы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының ең көлемді әрі негізгі варианты болып табылатын 6 нұсқасын жеке жинақ етіп жариялады. [3]

Бұл ғылыми басылымға белгілі ғалымдар М.О. Әуезов пен Н.С. Смирнова жетекшілік еткені мәлім. Құрастырушы жинақтың алғы сөзінде (3-35 беттер) бұған сол тұстағы қолда бар 16 нұсқаның негізгісі саналатын 6 нұсқасын енгізіп, солардың өзінің бір-бірінен дараланатын айырма, өзгешеліктері мен өз ара бірліктерін ашып, талдап сөз етеді. Бір бөліп көрсететін жәйт: бұл жинаққа сол аталған тұста қолда бар 16 нұсқаның негізгісі болып табылатын 6 нұсқаны енгізуі ғылыми жағынан қонымды болғанын атап айтқан дұрыс. Сөйтіп, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының бұл басылымына алғаш рет Ғ.Дербесалиннің, И.Н.Березиннің, И.Н. Ильминскийдің, өлеңші Шөженің, В.В. Радловтың, Жанақ ақынның нұсқалары енгізіліп, солардағы басты кейіпкерлердің әр алуан бейнелері салыстырмалы түрде сарапталып әр қырынан ашылып, зерттеледі.

Ы.Т. Дүйсенбаев құрастырған бұл жинақтың ғылыми құндылығы неде десек, сол 6 нұсқаға жан-жақты жасаған мәтіндік жұмысында дер едік. Әсіресе, И.Н. Березин мен А.Фроловтың варианттарын өз ара салыстырған мәтіндік еңбегі аса елеулі. Мәселен, осы екі варианттан 583 өлең жолдарының өз ара салыстырылып текстологиялық тұрғыдан сөз болып сарапталғанын айтсақ та жеткілікті. Зерттеуші бұл қыруар салыстырулармен ғана шектеліп қалмай, Н.И. Ильминский 1860 жылы жазып алған қолжазба мен соның 1878 және 1894 жылғы Қазанда басылған екі нұсқасын дәл жоғарыдағыдай көлемде ұқыптылықпен салыстырып сөз етеді.

Бұдан тыс құрастырушы Шөже ақынның 1864 жылы жазылып, И.Н. Березин архивынан табылған нұсқасын өзіміздегі Ш.Р. Абдурахимов, М.Ж. Көпеев қолжазбаларымен өз ара салыстырады, айырмашылық, өзгешеліктерін бірінші болып қағаз бетіне түсіріп жариялайды. Мұның өзі үлкен кітаптың 42 бетін құрайды. Жинақтың соңғы жағында В.В. Радловтың, М.О. Әуезовтің Ғ.Дербесалиннің, И.Н. Березиннің, Н.И. Ильминскийдің, Шөженің нұсқаларында кездесетін діни және көне сөздерге түсінік берілген. Ең соңғы бетінде “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының сол кезде қолда бар 15 нұсқасының мәліметтерінің толық тізімі ұсынылған. Осының бәрі Ы.Т. Дүйсенбаевтың ұзақ жылдарғы ғылыми ізденістерінің нәтижесі екенінде ешбір дау жоқ.

Ы. Дүйсенбаев «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын бірнеше аспектіде алып қарастырған. Ең алдымен, шығуы мен таралуы, өзгеріп бізге жетуі, бұған жыршылардың қосқан үлесі, жырдың лиро-эпос жанрына қосқан үлесі мен оның қалыптасу жолдарына да арнайы тоқталады.

Ы.Т.Дүйсенбаев «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының жариялануы мен зерттелуіне сәйкес бұл мұраны орыс ғалымдарының, сондай-ақ, қазақ даласына келген өзге жұрт саяхатшыларының кезінде жазып алып, ара-тұра жариялап келгенін, тіпті, кейде орыс оқымыстыларының, оның мазмұнын орыс тіліне аударып, Россия жұртшылығына таныс етіп отырғанын сөз етеді. Осы тұста ол аталған жырды жоғарыда айтылғандай, қазақтың әйгілі ғалымы Ш. Уәлихановтан тыс, Н.И.Ильминскийден бастап В.В.Радлов, И.Н.Березин, Е.З.Баранов, Е.А.Кастеньев секілді оқымыстылардың үлес қосқанын атап көрсетеді. Бұлардан басқа аталған жырдың қағаз бетіне түскен бірер нұсқасының Омбы мен Ленинград архивтерінде сақтаулы екенін де атап көрсетеді. Ал, Кеңес өкіметі тұсындағы жарияланымдарды атағанда зерттеуші Ә.Х.Марғұлан, Ғ.Дербесалин, А.Фралов, Шөже ақын нұсқаларымен қатар, Г.Н.Тверитин, М.Әуезов (Жанақ нұсқасы), В.В.Радлов, Ш.Әбенев жариялаған нұсқаларын бөліп атайды. Сонымен қатар сөз болып отырған жырдың зерттелуіне орай М.Әуезов, Қ.Жумалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев сынды оқымыстылардың еңбектеріне тоқталады.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының әр алуан версияларын сөз еткенде, зерттеуші оның тек қазақ топырағында ғана емес, Кеңестер одағын мекендеген кейбір халықтар арасында да мол тарағанын ескертеді. Әсіресе, башқұрттың «Куз Курпачи» мен біздегі жырдың ұқсастықтары мен өзгешеліктеріне көңіл аудара отырып, бұл екеуінің түп негізі бір екенін мойындай отырса да, мазмұн мен түрі жағынан зор айырмасы бар екенін атап көрсетеді. Башқұрт нұсқасы түгелге жуық қара сөзбен келіп, ертегілік сипатының басымдылығымен дараланса, соған орай мұнда жағымды, жағымсыз кейіпкерлерге жіктелу жоқ, тіпті, солардың әрекет, қарым-қатынасындағы даму да тым үстірт, жөнді өрістей алмай қалған деген пікір ұсынады. Осы сипатқа орай Ы.Т.Дүйсенбаев: «Ілгеріректе айтқанымыздай, Қозы мен Баян тақырыбының бірнеше халыққа ортақ екенін мойындағанның өзінде кейін әр елдің тарихи дамуына байланысты сол белгілі арна өзгере отырып, қай халықтың болсын өз тумасына, өзінің төл шығармасына айналып кеткенін есте тұту шарт. Оның бер жағында, ұқсастық дегеніміз кейде тіпті шартты түрде алынып жүреді де, туыстас саналып келген туындылардың түп тамыры үнемі біртума бола бермейді» – деп, қорытынды жасайды [3,518-519]. Бұл тұста автор В.В.Радловтың «Образцы народной литературы...» атты жинағының VI томында жарияланған ұйғырдың «Бозы Көреш» атты ертегісінің біздегі нұсқалармен тек атындағы сырттай ұқсастықтан өзге ештеңе таба алмайсыз, сондықтан оны арнайы сөз етудің қажеті жоқ деген пікір ұсынады.

Ал енді, барабин татарларының «Қозы Көрпеш» атты шағын ертегісін біздегі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырымен салыстыра отырып, сондағы мазмұндық ұқсастықтарды саралап көрсетіп, сол екеуіндегі жағымды, жағымсыз бейнелердің ерекшеліктерін сөз етеді. Осы тұста автор мынадай пікір ұсынады: «Қазақ пен барабин татарларының версияларындағы ұқсастық екі халықтың тіршілігі мен тұрмысындағы біркелкілік қана емес, екі елдің тарихында орын тепкен бір тектес оқиғаларды да бейнелеу болып табылады» [3,519] – деп жазады.

Ы.Т.Дүйсенбаев енді келесі Алтай нұсқаларына тоқталғанда, соның «Қозюке – Баян» атты бір үлгісін қазақ жырының тікелей әсерінен пайда болғанын айтса, ал, «Қозын Эркеш» нұсқасын сол елдің төл тумасы деп зерделейді. Бұлардағы кейіпкер аттарының өзара ұқсастығынан тыс, көп жағдайда оқиға желісіндегі жалпылама сарын мен қайталаушылықтардың бар екенін атайды. Бұдан тыс алтайлықтар нұсқасындағы мифологиялық сипаттың молдығын баса көрсетеді. Осындай мазмұндық бірлік, ұқсастықтарды ашып көрсетумен қатар, автор қазақ және алтайлық нұсқалардың түр жағынан екі жанрға, біздегі жырдың лиро-эпосқа жататынын, ал, алтайлық нұсқаның батырлық эпос болып табылатынына мән береді. Бұл тұжырымдар өзінің дәлелділігімен, ғылыми байыптылығымен дараланады деген жөн.

Осы тұста «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жариялап зерттеуде ірі ғалым М.Әуезовтің кезінде алғашқылардың бірі болып елеулі үлес қосқанын айтуға тиіспіз. Ол 1948 жылы жарық көрген Қазақ әдебиет тарихының фольклорға арналған I томында [4] аталған поэманы «Ғашықтық жырлар» тобына жатқызып, оның әр алуан нұсқаларының мазмұндық, құрамдық, көркемдік ерекшеліктерін әңгімелеуден тыс бұлардың жариялану тарихын да келелі сөз етеді. Әсіресе, Шоқан, Г.Н.Потаниннің, В.В. Радлов, Саблуковтардың бұл жырды жазып алып, жариялаудағы еңбектерін аса жоғары бағалайды. Қазақ зерттеушілерінен С.Мұқанов пен Х.Бекхожиннің 1939 жылы орта мектеп оқулығында жырдан үзінділер бастырғанын да арнайы атайды. Бұдан тыс 1925 жылы осы жырдың Мәскеуде жеке жинақ болып жарияланғанынан, сондай-ақ Қазан қаласында дүркін-дүркін басылғаны туралы құнды мәліметтер келтіреді. Осыған орай ғалым «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының И.Н.Березин, А.Фролов, Шөже, Жанақ нұсқаларының құндылығын да баса көрсетеді.

М.О.Әуезов бұл аталған зерттеуінде аталған жырдың жиналу, жариялану тарихын зерттеумен бірге, оның мазмұндық ерекшеліктері мен адам бейнелерінің өзара салыстырулар арқылы сомдалу, даму сипаттарына да елеулі орын береді. Ғалым Қозы мен Баянның бір-біріне деген сүйіспеншілігінің іштен туа болғанына орай, бұл жырды Шығыстағы әйгілі Ләйлі мен Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиха махаббаттарына ұқсайды деп жазады. Осыған орай ол Қозы мен Баян бейнелерінің жасалу жолдарын саралап, талдау үстінде аталған шығыстың жырлардағы өз ара ұқсастықтар мен үндестіктерге мән бере үңіледі. Зерттеуші мұндай астасқан бірліктерді жоғарыда аталған жырлардың құрылысы мен дамуынан да іздестіреді. Сөйтіп, бұлардағы романтикалық сарынның трагедияға ұштасуының сыр-

сипатына көңіл аударады.

М.О.Әуезов Қазақ әдебиеті тарихының бірінші томындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» арнап жазған зерттеуінде бұл жырды, ең алдымен «Лиро-эпос» ретінде алып қарастырады. [2] Автор бұл соңғы зерттеуінде аталған жырдың Шығыстағы «Таһир-Зухра» мен «Ата Қорқыт», өзіміздегі «Алпамыс» дастандарымен тамырлас екенін атап өтеді. Зерттеуші бұл күрделі мәселені игеру жолдарына орай: «Бұл айтылған жайлардың бәрі (Шығыс туындыларымен ұқсастықтарды айтады) тегінде «Қозы Көрпеш» тәрізді қазақтың ең көрнекті, көп түрлі дастанын, ғашықтық жырын бір ғана қазақтағы варианттарымен салыстырып тексерумен қанағаттану керек емес екенін аңғартады. Бірақ ол түрдегі салыстыра тексерулер арнаулы монографиялық іздену, шолудың нәтижесінде туады»– деп көрсетеді. [2,525] Бұл М.Әуезов айтқан мәселе Ы.Дүйсенбаевтың Шығыстан ауысқан бір алуан қисса, хикаяларды біздегі лиро-эпикалық жырлармен салыстыра отырып, солардағы бірлік-ұқсастықтардың белгі-сипаттарын саралап ашуға бағыт-бағдар бергенін аңғарамыз. М.Әуезов әдебиет тарихына арнап кейін қайта жазған зерттеуінде өзіне дейінгі Ы.Т.Дүйсенбаев еңбегінің ерекшеліктерін бағалай отырып, Ш.Уәлиханов, Кафанье, Березин, Пантусов, Г.Н.Потанин, С.С.Каташ, Тверикин, В.В.Радлов, Шөже, М.Ж.Көпеев, Жанақ, т.б. жинап жариялаудағы, зерттеудегі қосқан үлестерін де атап көрсетеді. Сонымен қатар бұл дастанның құндылығына мән беріп: «Дастанның суреттілік қасиеті оның жалғыз тілінде емес, көбінше идеясында, адам образдарында, оқиғаның қызық, шебер, аянышты болып суреттелуінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны қазақ әдебиетінің зор мұрасының бірі» деп жоғары баға береді [2,547].

Келесі бір «Қозы Көрпеш» жыры туралы елеулі зерттеулердің иесі белгілі ғалым Әлкей Марғұлан. Бұл тақырыпқа арнап ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу жыры» және «Қозы-Көрпеш Баян сұлу жырының варианттары» атты көлемді зерттеулер жазды. [5] Алғашқысында автор Аягөздегі Қозы мен Баян күмбезі мен тас мүсіндердің алғаш жариялаған зерттеушілерін тізбелей айтудан бұрын қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлихановтың бұл кешенді пирамида үлгісінде құрылған деген пікіріне, ішіндегі алқамен әшекейленген үш мүсіннің бар екенін, ал тағы біреуі Қодардың бейнесі екенін жазып қалдырғанын атайды. Шоқан кейінірек арнай келіп түсірген суреттер, неге екені белгісіз, ұшты-күйлі жоғалған. Ғалым бұдан соң орыс ориенталистері Е.Баранов, Н.И.Пантусов, М.Путинцев, Г.Н.Потанин, И.А.Костанье жазуларынан мәлімет келтіріп, құрылыстың сыр-сымбатын келелі сөз етеді. Бұл сипаттамалар әр түрлі аңыз, әңгімелер мен сан алуан жырлардан алынған үзінділермен салыстырылып, нақтылана түскен. Сол арқылы бұл үзінділердің этнографиялық мәліметтерімен үндесу мүмкіндіктері қарастырылады.

Ә.Марғұлан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын көне замандағы түркі-монғол тайпаларының арасында көп тараған ғажайып оқиғаның сюжеті, ол біздің эрамыздан III ғасыр бұрын туған деген болжам айтып, бұған Эрмитажда тұрған «Шоқтереке» пен соның түбіндегі қыз бен жігіттің бейнесін дәлел ретінде ұсынады. Кейінгі тарау аталған жырдың сан алуан варианттарын өз ара салыстырып, олардың ұқсастықтары мен өзгешелік белгілерін байыппен талдайды. Бұл тұста Ә.Марғұлан жырды арнайы зерттеген Ы.Дүйсенбаевтың жазған тұжырым, ой-пікірлерін дұрыс бағалайды [5,301-305].

Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы» зерттеуі [6] өзінің құрылысы мен мазмұны жағынан көлемді де елеулі туынды болып табылады. Зерттеуші аталған жырдың жанры мен генезисін, сюжеттік түзілімі мен тілі, сондағы образдар жүйесін арнайы қарастырып, Шығыстан ауысқан «Мақпал қыз», «Құл мен қыз», «Есім сері -Зылиха» секілді жырлардың табиғи бірліктері мен өзгешелік сипаттарына арнайы тоқталады. Жырдың жанрлық белгілерін сөз еткенде, осы топқа жататын туындыларды «лиро-эпос», енді бірде «тұрмыс-салт» жырлары делініп келгеніне мән бере отырып, өзі соның алғашқысы – «лиро-эпос» деген атауды дұрыс санайды, біздегі «лиро-эпос» жырларының «Ләйлә-Мәжнүн», «Фархад-Шырын» секілді шығыстың ортағасырлық реалистік роман этностарымен сабақтас, тақырыптас екенін атап өтеді. Осыған орай лиро-эпос пен эпикалық жырлардағы бірліктер мен өздеріне тән қайталанбас белгі-сипаттарын салыстыра отырып талдайды. Ал, аталған жырдың генезисін сөз еткенде, автор: «Қозы Көрпеш» жырының негізгі идеясы әйелдің, жастардың бас бостандығын, еркіндігін аңсау... Бұл жыр біздегі сан алуан жырлардың ішіндегі ең ерте заманнан бері келе жатқан, идеясы терең, рухы мейлінше халықтық, мазмұны шыншыл, ең көркем үлгісінің бірі деп бағалайды. [6,13] Сондай-ақ ол «Қозы Көрпеш» жырын жинап жариялау ісіне орыс зерттеушілерімен қатар, ұлы ғалым Шоқанның қосқан елеулі еңбектерін бөліп атайды, аталған лиро-эпостың әр алуан нұсқаларының ерекшеліктері мен тіліне, әр образдың бітімі мен көркемдік сипаттарына жеке-жеке тоқталады.

Қазақ зерттеушілерінен бұл жыр туралы пікір айтпағандары кем де кем. Мәселен, С.Сейфуллин жырдың көнелігі мен таптық сипатына мән береді, ал, С.Мұқанов жырдың халықтың сипатына ерекше мән береді. Қ. Жұмалиев те осы пікірді толығымен қуаттайды.

Бұл жырдың сыр-сипаты мән-маңызы белгілі фольклортанушы ғалым С.А.Қасқабасовтың «Қазақ эпикасының шыңы» деген еңбегінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының өзге түрік тектес елдер әдебиетінде көп кездескенімен, Г.Н.Потанин пікірін негізге ала отырып, аталған туындыны қазақтан өзге түркі елдерінің бірі де дәл біздегідей оны биік те көркемдік тұғырға көтере алмағанын атап өтеді. [6] Сондай-ақ белгілі фольклортанушы Н.С.Смирнованың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»

жырының алғашқы нұсқаларын XII-XIV ғасырдағы қыпшақ руларының, сондай-ақ Жошы ұлысы дәуірінің желісі деген пікірінің дұрыстығына көңіл аударады. Зерттеуші қазақ пен Алтай халықтары нұсқаларын өзара салыстырып, Алтай жырының архаикалық, эпикалық сипатын айта отырып, қазақ жырының көне мифологиялық әуенінің жоқтығын көрсетеді. Осы пікірді тиісті салыстырулар арқылы ашып дәлелдейді.

С.Қасқабасов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры мазмұнының көнелік сипатына қарап (VIII-X ғ.ғ.), оның туып жырлану кезеңін шамамен Қазақ хандығының құрылу мерзімінен кейінірек болды деген пікір ұсынады. Осыған орай автор: «Қозы туралы ертегінің алғашқы бөлшек-бөлімдерінің тууы бұдан ертеректе-ақ жырлануы да мүмкін. Бұл жерде сөз тұтас, жүйелі көркем жыр туралы, оның романдық эпосқа тән барлық белгілері жөнінде болып отыр... Өкінішке қарай Қозы мен Баян туралы романдық эпостың осы үлгісі XVIII-XIX ғасырда жасаған орындаушылардан тым кеш жазып алынды» [6,634] – деп жазады.

Зерттеуші жырдағы басты кейіпкерлерді талдағанда да көбіне-көп тың бағыт, жаңа байлам ұстанып отырады. Әсіресе, жырда Қозының өмір жолына байланысты алғаш оны «айдай Қозы» деп сипаттаса, сапарға аттануынан бастап эпостың соңына дейін «ер Қозы» деп жырлануына алғаш рет жаңа көзқарас білдіреді. Дәл осы ерекшеліктерді автор Баян сұлу бейнесін жасаудағы жырлаушы ақындардың амал-тәсілдері мен шеберліктеріне де дәл баға береді. Айталық, зерттеуші сұлу Баянның бейнесін беруде жыршылардың әуелі қыз, кейін қалыңдық, ақырында жар тұрғысында сипатталатынын атап көрсетеді. Бұлай жіктеп талдаудың Баян бейнесін кеңірек ашуға ұтымды тәсіл екенін бөліп атаған жөн. Мәселеге осылайша жаңа бір қырынан келіп бағалау өзге бейнелерді талдауда да кең орын алған. Бұл орайда автордың Баянды Ақжүніспен, Қарлыға мен Ай, Таңсықпен өз ара салыстыра отырып сөз етуін бөліп айта аламыз. Тіпті, зерттеуші Қодар бейнесінен әңгіме еткенде, оның Қозыға жолыққанға дейін шаруаны білетін еңбек адамы болып көрініп, Қозы келгеннен кейін, оның бірден жағымсыз, жауыз тұлғаға айналатынын екі жүзділігіне зер салады. Мұндай өзгешелік, белгі-сипаттардың орын алуын С.Қасқабасов аталған жырға жазба әдебиеттің әсер-ықпалының молдығынан деген қорытынды пікір айтады.

Халықтар арасында аса кең тарап, ғасырлар бойы жұрт аузынан түспей, ұрпақтан-ұрпаққа жол тауып келе жатқан ұлы мұрамыз туралы қазақ ғалымдарының еңбектері әлі де өз жалғасын таба береді деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Ч.Ч.Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Том I. Главная редакция казахской советской энциклопедии. Алма-Ата, 1984.- 430 с.
2. М.Әуезов. “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу”. Кітапта /Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. 1- кітап. - Алматы, 1960.- 737 б.
3. “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” /Құрастырған: Ы.Т. Дүйсенбаев - Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1959.- 353 б.
4. Әуезов М. Қозы Көрпеш –Баян сұлу /Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.1. Фольклор. – Алматы, 1948. –439 б.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.-368 б.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақтың “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу » жыры туралы. – Алматы, 1953.
7. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу /Жинақты құрастырып, алғы сөзін жазғандар: М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов. – Астана : Фолиант, 2002. – 692 б.

ӨОЖ: 159.9.316.6

ЖЕТКІНШЕКТІК ШАҚТАҒЫ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрсұлтанова Д.А. – магистрант, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет

Мақалада, агрессия агрессивті мінез-құлық ұғымдары туралы педагогикалық, психологиялық көзқарастар зерделенді. Отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі «агрессия», «агрессивті мінез-құлық» ұғымдарының психологиялық, педагогикалық мәні мен мазмұны ашылып, талданды. Сонымен қатар, агрессивтілік ұғымына берілген зерттеуші ғалымдардың анықтамалары қарастырылып, қорытындыланды. Жеткіншектердің агрессивті мінез-құлқының өршуіне себепші болатын фактарлар айқындалды.

Кілт сөз: агрессия, агрессивтілік, агрессивті мінез-құлық, деструктивтілік, зарарсыз агрессия, қатерлі агрессия.

Қазіргі кезде жеткіншектердің агрессивті әрекеттері өткір әлеуметтік мәселелердің біріне

айналып, заңгерлердің, әлеуметтанушылардың, педагог, психологтардың назарын аудартуда. Соңғы уақыттары бұл құбылысқа әсіресе, психологтардың бей-жай қарамай, жаңаша көзқараста қарауын заман талап етуде. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың күрт өзгеруі мен әртүрлі саяси мәселелер өскелең ұрпақтың агрессиялық мінез-құлықтарының өршуіне әкеліп соқтыруда. Жеткіншектік жастағы агрессивті мінез-құлықтың жоғары деңгейде болуы, олардың тек қана оқу іс-ірекетіне, жеке дамуына, ата-аналарымен, достарымен, құрдастарымен қарым-қатынасында ғана емес, оның болашақ өміріне және кәсіби іс-әрекетіне де кері әсерін тигізеді. Қазіргі таңда қоғамдағы жеткіншектер арасындағы агрессивті беталыстың өсуі бізді алаңдатууда. Жастар арасындағы қылмыстық істер, әсіресе жеткіншектер қылсымы ең күрделі де қиын әлеуметтік мәселеге айналуда. Сонымен қатар, денеге зиян келтіретін тұлғаға бағытталған қылмыстық әрекеттер санының көбеюі деректері де күннен күнге артауда. Ал қоғам үшін басқа адамдарға бағытталған агрессия ерекше қауіпті екені мәлім.

Қазіргі уақытта агрессивті мінез-құлықтың табиғатын және оның жеткіншектік жастағы ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарының саны өте көп. Бұл жас кезеңі оқымыстылар мен психологтарының пайымдауынша барынша мәселелі кезең болып есептелініп А.М. Прихожан, Л.М. Семенюк, Л. Соловьев, И.А.Фурмановтардың еңбектерінен ойып орын алған. Жеткіншектік жастың жасөспірімдік шақтан өзгешелігін қазақстандық, ресей және шетел психологтары Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, И.С. Кон, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн Е.Ф. Рыбалко, Д.Б. Эльконин, Э. Эриксон және т.б. жалпы сипаттамасы бойынша интеллектуалдық дамуы мен эмоциясы тұрақты кезеңдер қатарына жатқызады. Жеткіншектердің мінез-құлқындағы қиыншылықтарды зерттеуде қазақстан психологтарының да еңбектері кенде емес. Мәселен, Ұ.И.Ауталипова, Х.Т.Шерьязданова, Д.Е.Абдраманова, А.Т. Акажанованың т.б еңбектерінде бұл мәселенің күрделі екендігін байқауға болады. Бірақ, соңғы жылдардағы психологиялық зерттеулер Р.Вельдер, А.А. Реан, Ф. Райе, М.С. Калистратова, Г. Шихи жеткіншектік жастағы агрессивті мінез-құлық мәселесі барынша өзекті екендігін дәлелдеген.

Агрессия және жеке тұлғаның агрессивті мінез-құлық мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеулерінде әртүрлі уақытта қарастырылған. Бірақ, қазіргі заманғы зерттеулерде жеткіншектік жастағы жеке тұлғаның агрессивті мінез-құлық және оны түзету жағдайы жеткіліксіз. Адам агрессиясының ғылым тұрғысынан маңызын ашу үшін бұл түсініктің мәні мен маңызын анықтап алған жөн. Тарихи-этимологиялық сөздікте «агрессия» термині (латын тілінде «agressio») шабуыл дегенді білдіреді. [1, 28 б.]. Шеттілдер сөздері сөздігінде [2, 8 б.] «агрессивті» термині (француз тілінде agressif) халықтың қауіпсіздігі мен әлемге қауіп төндіру, араздық, алауыздық, айбат шегу, қатыгездік, күштеу мен агрессияның акты ретінде сипатталады. Психологиялық сөздікте [3, 6 б.] агрессия басқа индивидке шабуыл жасауда өз объектісіне зиян келтіріп немесе физикалық жарақаттап, өзін жайсыз сезінуге, қысымға ұшырауына, психологиялық дискомфортқа тап болуына, депрессия мен анаомалды психоуайымдауға әкеліп соқтыратын мотивациялық әрекеті. Ғылыми әдебиеттерде агрессия, агрессивті, агрессивті мінез-құлық деп бөліп көрсетіп, оларға әртүрлі анықтама берілген. Сонымен «агрессия» түсінігіне басыбайлы берілген нақты анықтама жоқ. Бұл түсінікке анықтама беруге тырысқан ғалымдардың зерттеулеріне үңіліп көрейік. **Н.Д. Левитов** «Агрессия зиян келтіретін әрекет. **«Агрессия»** түсінігі ашу шақыратын әзіл, өсек, қастандыққа итермелейтін фантазиялар, деструктивті әрекет формасынан баскесерлік пен адам өлтірушілікке дейін апаратын әртүрлі әрекеттердің жиынтығы»-деп көрсетеді Н.Д.Левитов **біріншіден**, жануар мен адам арасындағы агрессиялы әрекетті айыра білу қажеттілігі деп көрсетті. **Екіншіден** «агрессия» ұғымы-шығуы бойынша баяндау, бейнелеу түсінігі, себептері, мотиві жайында агрессивті әрекет ештеңе хабарламайтынына көңіл аудару қажет. Бала агрессиясының өсу динамикасын ескерген жөн, мұндай әрекеттің ушығуы тұлғалық даму дағдарыстары кезеңінде бой көрсететін эмоциялық күйдің тұрақсыздығы. Н.Д.Левитов агрессиялы жағдайдың танымдық, эмоциялық және жігерлілік компоненттерін анықтады:

- **танымдық компонент** жағдайды бағдарлай білу (оның түсінігі) және шабуылдайтын объектіні анықтап, өзін болатын жағдайға қоя білу.

- **эмоциялық компонент**-ашу-ызаның келуі, санасыз жағдайда болу, жасаған әрекетін қадағалай алмауы.

- **жігерлілік компоненті**-агрессиялы әрекет үстінде еріктің формальды құндылықтарын көрсете білу-ол мақсаттылығы, табандылығы, шешім қабылдағыштығы және күштілігі мен интенсивтілігі. Агрессиялы жағдай көп жағдайда күрес үстінде көрінеді, бүкіл күрес жоғарыда айтылған құндылықтарды қажет етеді [4, 169 б.].

Адамдар өзінің эмоционалды сферасымен ерекшеленетіні баршамызға мәлім. **К.Изард** адам эмоциясының классификациясын фундаменталды және қолданбалы деп бөліп көрсетеді. Оның біріншісіне: қызығу, толқу, қуану, таңқалу, зар илеу, қапалану, ашу, жеркеніш, жеккөрушілік, қорқыныш, кіналау т.б. жатады. Осы фундаменталды эмоциялардың бірігуінен әртүрлі комплексті эмоционалды жағдайлар туындайды [5, 256 б.].

Психолог **А.А. Реан** [6, 37 б.] «агрессия» және «агрессиялылық» деген екі ұғымның бір-біріне ұқсамайтын бөлек мағына деп қарастырады. Агрессия-бұл бөгде адамға болмаса, адамдар мен жануарлар тобына ниеттеліп тура бағышталған қиянат. Агрессиялылық-бұл жеке тұлғалық қасиет мінез-құлық, агрессияға дайындық көрінісі. Осылай түсіндіре келе, мұны былай тұжырымдауға

болады. Егер агрессия-бұл әрекет болса, ал агрессиялылық осындай әрекетке дайындық. Адамдағы агрессия мәселесі қазіргі біздің қоғам үшін ең маңызды мәселелердің бірі. Қоғамдағы болып жатқан террор жәбірлеудің өсуі сияқты әлеуметтік-қауіпті құбылыстардың көптеп белең алуына байланысты агрессия мәселесі өзекті болып отыр. Агрессия құбылысы сапалық және сандық сипаттамаларға ие. Барлық қасиеттер сияқты агрессияда индивидтерде әртүрлі көрініс табады, біреулерде мүлдем жоқ болса, басқаларда шексіз дамиды. Агрессивтіліктің болмауы енжарлық пен конформдылыққа алып келеді. Ал оның шектен тыс дамуы конфликтіге, қоршаған ортамен өзара түсініспеушілікке әкеледі.

Э.Эриксонның айтуы бойынша адам бойындағы қастандық бұл өмірінің бастапқы жылдарында әлемге, өмірге деген сенімділік жүйеленіп орныққандығы. Э.Эриксонның тұжырымына келіссек, баланың адамдарға, өмірге деген сенімі мен сезімі оның анасының берген қамқорлығының құндылығына байланысты.

П.А. Ковалев адамның агрессивті әрекеті тұлғаның психологиялық қасиеті ретінде оның агрессивтілігімен ерекшеленеді деп есептейді. Ол агрессивтіліктің келесідей анықтамаларын ұсынады: «агрессивтілік-күштеу әрекеті мақсатындағы қажеттіліктердің сәйкес келуімен көрінетін тұлғалық қасиетінің тұрақты жиынтығы» және де ол агрессивтіліктің деңгейін тұлғаның конфликтілік қасиетінің көрінуіне байланысты деп тұжырымдайды. Агрессивті мінез-құлықтың басым болып, өрши түсуі ашуланшақтық, ызақорлықтан, кекшілдік пен күдікшілдікке дейін апарады [7, 29 б.].

С.Н.Ениколопов агрессияның **үш негізгі функциясын** бөліп көрсетеді:

1. агрессия өзінің «Мен» тұжырымын қорғаудың басты құралы. Мұндай агрессияның бой көрсетуі, адамның «Мен» тұжырымын қаншалықты түсінетініне байланысты, мұндай адам бірінші танысқанда-ақ өзін нақтылау үшін, агрессивті болып көрінуі мүмкін;

2. агрессия-психологиялық ішкі қысымның сыртқа шығуына іздену, яғни «Текені босату»;

3. өз мақстына жету: «жолымдағының бәрін соға, итере мына есіктен құтылып шыққым келеді».


Агрессияны жан-жақты түсіне білу қажет: ол өсек айту, біреуге жеткізу, ауыр келеке болуы мүмкін. Агрессия адамның өзіне де бағышталуы мүмкін.

Г.Паренс агрессияның екі түрін бөліп көрсетті. **Біріншісі**-деструктивті емес агрессия (конструктивті), яғни табанды қастандықсыз мақсатқа жетуге бағытталған өзін-өзі қорғаудағы мінез-құлық. Г.Паренстің зерттеулері деструктивті агрессия қоршаған ортаға бейімделу, өз қалауын қанағаттандыру, мақсатқа жетуге қызмет ететін туа біткен табиғи механизмдерден туындайды, деп болжауға мүмкіндік береді. Бұл механизмдер туылған сәттен қарапайым болса да, байқалады әрі қызмет етеді. Ал, **екіншісі** форма-қастандық деструктивтілік, яғни қоршаған ортаға жауыздық, жағымсыз ауыртпалық жасайтын мінез-құлық. Жек көру, ашу-ыза, сотқарлық, кекшілдік т.б. өзін-өзі қорғау формасы болуы мүмкін, алайда бұл теріс әрекеттер көптеген жекелік мәселелерді туындатады және бұдан айналасындағылар да зардап шегеді. Қастандық деструктивтілік, деструктивтілік емес агрессияға қарағанда туыла сала көрінбейді. Бірақ-та, оны өндіретін және мобилдендіретін механизмдер баланың өмірінің бастапқы сатысынан-ақ бар болады. Қастандық деструктивтілік өте күшті жағымсыз уайымдаулардан (қатты ауыртпалық, дистрес) туындап, жанданады. Адамның бүкіл эмоционалдық өмірі агрессияның екі формасының да ықпалында болады. Олар көп мазалайды, өйткені жеткіншектің тәжірибесін қалыптастырады, әсіресе, олардың жеке тұлғалық қарым-қатынасынан көрінеді. Бірінші типтегі агрессия сөзсіз қажет, тіршілік үшін және жетістікке жету үшін де керек. Екінші типтегі агрессия теріс сапаларына қарамастан, өз уақытында өзін-өзі қорғауға және бейімделуге де қажет болуы мүмкін [8, 12 б.]. Г.Паренстің пікірінше, психологтың міндеті-жеткіншектерге өзіне, айналасындағыларға деген қажетсіз өшпенділіктен, қастандықтан құтылуға көмектесу. Жеткіншектер өз өмірін ішкі кикілжіңдерімен, кінә және ұялу сезімімен қиындатпау үшін, өзін-өзі өзгелерді құрметтеп, сыйлау үшін, өзінің әлеуметтік жауапкершілігіне ие болу үшін, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынаста болу үшін бұл көмек өте қажет. Эмоционалдық уайымдауларға және тітіркенушілікке, сонымен қоса адам өзі меңгеретін өмірлік тәжірибеге деген табиғи бейімділік, міне, осылар адамның өзінің жақын адамдарына деген қатынасын анықтайды. Бірінші кезекте, балаларға қиындықтардың көбеюін жеңе білуге үйретуіміз қажет. Г.Паренстің пікірінше мұны біз балаларды агрессивтілікті жеңе білуге үйрету арқылы жүзеге асыра аламыз. Агрессивтілік уақытысы келгенде көрініс беретін инстинкт емес.

З.Фрейдтің психоаналитикалық бағыт тұжырымның негізін қалаушы белгілі психолог екендігі баршамызға мәлім. Ұзақ жүздеген жылдар бойы, оның теориясы қызу да қатаң тартысқа түскендігінде білеміз. З.Фрейд еңбегінің арқасында агрессия және агрессивтілік моральдық тақырыптың ой тартысы, ғылыми сараптаманың негізгі объектісіне айналды. З.Фрейдтің бастапқы зерттеулерінің тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті бұл тікелей болмаса жанама «эросының» ағыны, өмір инстинкті, өмірдің сақталып, мықтылануына бағытталған энергия көзі ретінде қарастырылады. Агрессия бұл тұрақты емес, алайда қашып құтыла алмайтын өмірдің бір бөлігі. Бері келе заманға сай көптеген оқулықтарда көрсетілгендей агрессияның деректемесінің тәртібін психоаналитикалық анықтамада-«Танатос» деп көрсетеді. **«Танатос»**-өлім мен талқандауға деген инстинкті қызығушылық, ұмтылыс. З.Фрейдтің ұғымы бойынша танатос бұл өмірге ұмтылыс, танатостың энергиясы жарық өмірдің аяқталып, талқандалуына бағытталған. Үлкен қарама-қайшылықтың бір

бағыты өмірдің сақталуы мен талқандалуы, ал басқа механизмдер қызмет етуі танатос энергиясының мақсатты, бағытталуы, өзінен бой алып, өзіме бағыттау [9, 31 б.]. З.Фрейдтің тұжырымы бойынша бүкіл адазат әрекеті эрос пен танатостың арасындағы өзара қарым-қатынасы мен тартыс күшінің нәтижесі. Осылай танатос жанама себепкер болу арқылы агрессия сыртқа шығарылып, өзге біреуге бағытталады.

Агрессияның өзгеге бағытталуы



Австрия оқымыстысы **Конрад Лоренц** агрессия-бұл ұзақ эволюциялық даму деп қарастырады. К.Лоренцтің ойы бойынша агрессия-бұл біткен инстинк, өмір сүру үшін күресу, бүкіл адамдарға және жануарларға тән қасиет. К.Лоренцтің пайымдауы бойынша бүкіл тіршілік иелерінде туа біткен инстинкті тартыстан басқа, ол өзінің ұмтылысын үстем ұстайтын мүмкіндікке ие және бұл мүмкіндік өзінің құрбанына қиянат әкелетін әрекетке тиеселі. К.Лоренц осылай тұжырымдай келе агрессияны құтыла алмайтын туа біткен күш деп қарастырады. Сондай-ақ оның айтуы бойынша адам әртүрлі әрекеттер жасау арқылы, біреуге қиянат келтірмейтін жағдайлар, агрессия энергиясының қауіпті деңгейге дейін жинақталуын жеңілдетеді. Лоренцтің тұжырымы бойынша-достық жылы қарым-қатынас махаббат ашық агрессияның ушығуын жауып жеңілдетуі мүмкін.

Э.Фромның агрессияға көзқарасы: Агрессия бұл өлімге, қайғыға ұмтылыс. **Э.Фромм** зорлықтың бірнеше формасын көрсетеді: ойын арқылы зорлық, біреуден кек алу үшін, сеніміне жай түскендей болған кезде, біреу-біреуді өз билігіне жүгіндіруі, оны қорғансыз объектіге айналдыру, оған ойына келгенін жасау, балағаттап, қорлау негізгі мақсат-қайғыруға мәжбүр ету. Адам өзі жаңа нәрсені біліп, шығара алмаған кезде, ол өз күшін талқандауға жұмсайды. Яғни адам, дегені болмаған кезде, зорлыққа, агрессияға жол береді. Адам бойындағы қайырымдылыққа, махаббатқа, сенімге көңілі қалған жағдайда талқандауға кіріседі. Көңілі қалу өмірді жек көруге әкеліп соқтырады. Зорлық-зомбылық талқандауға бағытталса, ал өмірді қорғауға бағытталған-агрессия бұл басқаша түсінік. Э.Фромм агрессияны өз өмірін қамтамсыз ететін биологиялық бейімделушілік, өмірді сақтауға қатысы жоқ **зарарсыз агрессияны қатерлі агрессиядан** бөліп қарастырды. Біріншіден, «зарарсыз агрессия» жайлы ой өрбітеді. **Биологиялық бейімделу агрессиясы**-бұл индивидтің витальдық қызығушылықтарына деген қауіпке жауапты реакция; ол филогенезде негізін салған. Ол адамдарға да, жануарларға да тән. Мұндай агрессия жарылғыш тәрізді кенеттен қауіп-қатерге жауап береді; ал оның салдары-төніп тұрған қауіп-қатердің өзін не болмаса себептерін жою болып табылады. **Биологиялық бейімделмеген, қатерлі агрессивтілік** (басқаша айтқанда, деструктивтілік, қатыгездік) шабуылдан немесе қауіп-қатерден қорғану болып табылмайды; ол филогенезде қаланбаған. Бұл агрессияның түрі тек адамға ғана тән. Оның негізгі көріністері-өлтіру және қатыгездік зорлық-зомбылық көрсетудің-рахаттанудан, ләззаттанудан басқа ешқандай мақсаты жоқ. Сонмен қатар бұл әрекеттер тек жәбірленушіге ғана емес агрессордың өзіне де зиянын тигізеді. Қатерлі агрессияның негізінде инстинкт емес, адамның өзінің тіршілік ету жағдайларына байланысты терең тамыр алған, қандай да бір адами потенциал жатыр [10, 427 б.].

Негізгінен Э.Фромның идеясы мына тұжырымға келіп тіреледі, қатыгездік пен деструктивтілікті жануарлардан тұқымқуалаушылық арқылы берілген талқандаушы инстинктен емес, адамдарды жануар тектес арғы тектерінен өзгешелеп тұратын факторлардан іздестіру қажет. Қаншалықты адамның ерекше өмір сүруі жағдайлары онда қинап-зорлауды, жәбірлеуді және өлтіруді қалауына, аңсауына жауапты, сондай-ақ оның осы әрекеттен ләззат алу сипаты мен қарқындылығы неге байланысты екенін анықтау-маңызды мәселе болып табылмақ.

Дж. Доллардтың теориясының негізгі екі болжамы бар:

1. Фрустрация әрдайым агрессияның қандай да бір формасына әкеледі.
2. Агрессия үнемі фрустрацияның нәтижесі болып табылады.

Осыған қоса, қосымша аспектілер бар. Агрессияға түрткі болатын маңызды үш фактор бар:

бірінші, болашақта мақсатқа жетуден күтілген қанағаттану дәрежесі, **екінші**, мақсатқа жету жолындағы кедергілер жолы, **үшіншіден**, жүйелі фрустрацияның саны. Дж.Доллард кейіннен агрессияны баяулататын факторларды зерттеуге көшті. Агрессияның кез келген актісінде баяулау дәрежесі осы әрекеттен кейін жүзеге асатын жазалау ауыртпалығына қарай тікелей сәйкестеніп түрленеді-деді.

Альберт Бандура, «әлеуметтік оқыту теориясының» негізін қалаушы. Бұл адамның үлгіге қарап бағдарлануынан үйренуі. Бұл жерде үлгі тұлғааралық қарым-қатынастың құралы ретінде, яғни адам әрекетінің құрылымы, өзгерісі, қатынасы осыған байланысты. Сондықтан да бұл жерде әлеуметтік қатынастың бастапқы әсерін анықтап, үйренуі-бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі агрессияға қатынасы. Дәлел бойынша ата-ана әрекеті, агрессияның ілгері басуының негізгі себебі, агрессивті ата-ана, агрессивті бала тәрбиелейді. Бұл теорияның негізін қалаушы А.Бандура [11, 25 б.] агрессивтілік әрекетке **үш жағдайды** негіздеді:

- әрекеттерді меңгеру тәсілдері;
- олардың көрінуіне себеп болатын факторлар;
- оларды нақтылайтын жағдайлар.

Аталған теорияның түсіндіруі бойынша адам агрессивтілік әрекетті көп қолданған жағдайда, ол оның әрбір іс-әрекетінің бір бөлігі болып қалады. Агрессивтілік әрекеттің маңыздылығы мен табыстылығы артқан сайын жетістікке жетуі, агрессияның бой көрсетуінде оның мотивация күшінің едәуір көтерілуі, әрдайым табыссыздықтың қайталануы-теденция күшінің тежелуіне әкеледі. Бұл теорияның басқа негізгі элементі әлеуметтік қорғаныс болып табылады.

Жеткіншектің шақ жас шақтарының ішіндегілердің аса кризистілерінің бірі болып табылады. Бұл жыныстық жетілуге байланысты күшті физиологиялық пертурбация арқылы жиі күрделене түсетін жеке тұлғаның барлық компоненттерінің толыққанды дамуымен түсіндіріледі. Жеткіншектің бойына тән жеке тұлғалық ерекшеліктердің ішінде әсіресе ересектік сезімінің және «Мен-концепциясының» қалыптасуымен ерекше байқалады. Ересектік сезімі-өзін-өзі танудың ерекше формасы. Ол қоршаған ортадағы адамдардың жеткіншекке қатынасының оларға кішкентай бала сияқты емес, ересек адам сияқты қарауын қалауынан өз көрінісін табады. Ол өзінің ересек позициясында тұрып, ересектермен қатынаста тең құқыққа ие болуын қамтамасыз етуге тырысады. Сонымен қатар бұл сезім өзбеттілікке ұмтылыстан, өз өмірінің кей қырларын ата-анасының араласуынан шектеуге деген қалаудың болуынан көрініс табады. Бұл сырт келбетке, қатынасқа, оқуға қатысты болып келеді. Ересектік сезімі кіші жеткіншектің жаңа түзілістерінің ішінде бастыларының бірі. Ал жеткіншектің шақтың аяғына қарай, шамалап 15 жаста, жеткіншек өзінің жеке тұлғалық дамуында тағы бір қадам жасайды. Өзін іздегеннен кейін-«Мен» образдарының, өзі жайында түсініктердің іштей келісімді жүйесі-«Мен-концепциясы» қалыптасады. Әдетте жеткіншек бойында қызулық және қозғыштық сияқты ерекшеліктер кездеседі. Физиологтар мұны осы жас шағына тән жыныстық жетілуге байланысты дейді. Бұл кезеңде қыздарда көңіл-күй өзгерісі, көп жылау, өкпелегіштік әрекеттері байқалады. Ұлдар болса қозғалғыш әрі тынымсыз болады. Жеткіншектің шақта агрессивтілік қатыгездік және садизм сияқты ауытқулар байқалады. Мұндай әрекет-қылық жеткіншектің психикасының тұрақсыздығы және тәрбиесіндегі дефекттермен байланысты. Балаларды зерттеу практикасы мұндай әрекет-қылықтың негізінде отбасы тәрбиесінің дұрыс болмауынан деп көрсетті.

Қазіргі кезде жеткіншектердің агрессиясы **екі жағдайда** көрініс табады:

- агрессияны ашық түрде көрсету, таяқ жеу және өмірлік тәжірибе алу-осы жолмен жүре отырып, ол не бедел (авторитет), престиж, өзін-өзі жүзеге асыруға жетеді, немесе психикалық тұрғыдан бұзылады, тіпті оның соңы суицидке дейін де баруы ықтимал;
- агрессияны тығады, басады, тұншықтырады. Өмірде ерекше ештемеге жетпесе де, энергиясының бір бөлігін жоғалтады. Бастырылып тасталған энергияның сырт көрінісі невроз түрінде де немесе басқа бір психосоматикалық сырқат түрінде де байқалады.

Жеткіншектерде агрессивтіліктің өсуіне итермелейтін факторлардың бірнешеуін атап көрсетуге болады:

- 1.Эндокринді жарылыс, жыныстық гормондардың кенеттен өсіпкетуі: ең бірінші, агрессивтіліктің өсуіне алғышарт болып табылатын ұл балалардағы тестостерон;
2. Бас миындағы органикалық сырқаттар-травмалар, менингиттер, арахноидиттер және т.с.с.;
- 3.Агрессивтілікті дамыта түсетін бұқаралық ақпарат құралдары, кино, бейне жазбалар, компьютерлік технологиялар;
4. Ересектер қатынасы-мектеп, ата-аналар.

